Құрылымдық конструкт*:* келін бейнесінің көпөлшемді моделі*.* «Келін бейнесі» ұғымын жаңа аналитикалық санат ретінде енгізу отбасы әлеуметтануындағы дәстүрлі «әлеуметтік мәртебе», «әлеуметтік рөл» және «нормативтік күтулер» сияқты түсініктерді жоққа шығармайды, қайта оларды біріктіретін тұтас конструкт қызметін атқарады. Бұл ұғымдардың аражігін ажыратып қарасақ, «келін мәртебесі» оның қайын жұрт жүйесі мен отбасылық иерархиядағы тұрақты институционалдық орнын анықтайды. Өз кезегінде «келін рөлі» осы мәртебеден туындайтын, қоғам жүктейтін міндеттерді, еңбек пен қамқорлық функцияларын және іс-әрекет үлгілерін білдірсе, «нормативтік күтулер» отбасы мен орта тарапынан «жақсы» келінге қойылатын моральдық-мәдени талаптарды көрсетеді. Бұған дейінгі әлеуметтанулық тәсілдер құбылыстың тек жекелеген қырларын ғана бөліп қарастыруға бейім болса, «келін бейнесі» ұғымы бұл бөлшектерді тұтастыратын көпөлшемді санат ретіндегі ғылыми артықшылығымен ерекшеленеді. Ол мәртебелік орын мен рөлдік міндеттерді ғана емес, сонымен бірге символдық-коммуникативтік ілтипатты, моральдық-бағалаушылық дискурсты және заманауи жеке субъектілікті тұтас қамтиды. Ең бастысы, бұл жаңа ұғым келінді отбасылық иерархияның еркі шектеулі орындаушысы ретінде емес, қоғамдық нормалар мен заманауи дербестік арасында тепе-теңдік іздейтін белсенді әлеуметтік субъект ретінде кешенді зерттеуге жол ашады.

Зерттеуде келін бейнесінің көпөлшемді моделі аналитикалық құрылым ретінде ұсынылады*.* Дереккөздерді тақырыптық өлшемдер бойынша сұрыптау және талдау логикасы сапалық кодтау ережесіне қатаң сәйкес жүргізілді. Іріктелген әдебиеттер корпусын тематикалық талдау нәтижесінде келін бейнесін айқындайтын жеті негізгі тақырыптық өлшем жинақталды. Барлық өлшемдер әдіснамалық бөлімде белгіленген сапалық кодтардан құралып, негізгі контекстік басымдығына қарай топтастырылды. Егер зерттелетін корпустағы жекелеген жарияланымдарда келіндік феноменнің бірнеше аспектісі (мысалы, әрі отбасылық еңбек, әрі ене мен келін арасындағы иерархия) қатар қарастырылған болса, бұл еңбектер бірнеше белгі бойынша қатар индекстеліп, тиісті санаттардың барлығында талдау материалы ретінде пайдаланылды.

Әдебиеттерді тақырыптық кластерлер бойынша талдап, келін бейнесі жеті өлшеммен анықталды: мәртебелік-туыстық, нормативтік-идеалдық, мінез-құлықтық-еңбектік, коммуникативтік-символдық, иерархиялық-биліктік, моральдық бағалаушылық және автономды-модернизациялық. Бұл өлшемдер «келін бейнесін» тұрақты дәстүрлі бейне ретінде ғана емес, күйеуінің отбасы мүшесі, «жақсы» келінге тән қасиеттер, отбасылық еңбек, қарым-қатынас нормалары, билік иерархиясын қамтитын күтулер жүйесі ретінде қарастыруға негіз болады (3-сурет, 2-кесте).



3-сурет. Келін бейнесін талдаудың аналитикалық өлшемдері

Ескерту: Ұсынылған өлшемдер әдебиеттерді тақырыптық кластерлеу және концептуалды синтездеу арқылы авторлармен құрастырылды.

Жалпы әлеуметтанулық теорияларды келін феноменіне қолдану және авторлық жинақтау логикасы екі деңгейлі талдауға негізделді. Бұл ретте зерттеу материалдары ретінде Орталық Азия мен Қазақстандағы келін институтының әлеуметтік мәртебесін тікелей қарастырған арнайы эмпирикалық еңбектермен қатар, гендерлік иерархия (West and Zimmerman, 1987), отбасылық міндеттер мен эмоциялық еңбек (Finch and Mason, 1992; Hochschild, 1983), патриархаттық қатынастар (Kandiyoti, 1988) және модернизация үдерістерін талдайтын іргелі теориялық концепциялар тартылды. Аталған жалпы теориялық еңбектердің басым бөлігі тікелей «келін» тақырыбына арналмағанымен, автор оларды келін феноменін жүйелі түсіндіретін аналитикалық құрал ретінде пайдаланды. Бұл іргелі концепцияларды келіндік контекстке бағыттай отырып, оларды жергілікті эмпирикалық ізденістермен сабақтастыру нәтижесінде келіннің күнделікті мінез-құлқы, отбасылық еңбегі, енемен қарым-қатынасы мен дербестігі сипатталатын жеті тақырыптық өлшем қалыптасты. Осылайша, ұсынылған модель дайын әдебиеттерді жай ғана жинақтау емес, жалпы әлеуметтанулық теорияларды келін бейнесін түсіндіруге бейімдеу және авторлық ғылыми сараптаудың нәтижесі болып табылады.

2-кесте. Келін бейнесінің аналитикалық өлшемдерінің құрылымы

Өлшемдер	Өлшем мазмұны	Негізгі айнымалылар	Теориялық негіздері
Мәртебелік-туыстық	Әйелдің некеге тұру арқылы күйеуінің отбасына қосылуы; отбасына ену шарттылығы; мойындалу қажеттілігі	тиесілік, мойындалу, арақашықтық, адалдық	Cotterill (1994); Lopata (1999)

Өлшемдер	Өлшем мазмұны	Негізгі айнымалылар	Теориялық негіздері
Нормативтік-идеалды	«Жақсы» келін және оған тән болуы тиіс қасиеттер туралы түсініктер	құрмет, қарапайымдылық, төзімділік, бейімделгіштік, тәрбиелілік	Finch and Mason (1992); Meirmanova et al. (2020)
Мінез-құлықтық және еңбектік	Үй еңбегінің, эмоционалдық, когнитивтік және туыстық еңбектің күтілетін түрлері	үй міндеттері, күтім, туыстық еңбек, эмоционалдық жұмыс, когнитивтік еңбек	Rosenthal (1985); di Leonardo (1987); Hochschild (1979); Daminger (2019)
Коммуникативті-символдық	Сөйлеу нормалары, құрмет көрсету мінез-құлқы және үлкендікті символдық мойындау	сөйлеу этикеті, ұстамдылық, ат тергеу, құрмет көрсету рәсімдері	Suleimen (2019); Meirmanova et al. (2020)
Иерархиялық-биліктік	Бақылау, бедел және шешім қабылдау құқығының бөлінуі	ененің билігі, күйеудің ықпалы, үлкендердің бақылауы, отбасылық иерархия	Kandiyoti (1988); Zuo (2009); Fischer (1983); Turner et al. (2006)
Моральдық-бағалаушылық	Мақұлдау, сынау, бедел және «дұрыс» мінез-құлықты бағалау тілі	мақтау, сөгіс, салыстыру, ұят, отбасылық бедел	Finch and Mason (1992); Zhussipbek and Nagayeva (2021)
Автономды-модернизациялық	Білім алу, жұмыспен қамтылу, бөлек тұру және жеке шекараларға қатысты заманауи күтулер	жұмыс, білім, мансап, автономия, бөлек тұру	Davis and Greenstein (2009); Cotter et al. (2011); Pepin and Cotter (2018); Kabylova (2025); Toktarbekova (2026).

Ұсынылып отырған жеті өлшем келін бейнесін біртұтас жүйе ретінде талдауға арналғанымен, олардың әрқайсысы дербес аналитикалық қызмет атқарады. Олардың арасындағы аналитикалық шекаралар төмендегідей айқындалады: Біріншінден, «нормативтік-идеалдық» өлшем қоғамдағы «жақсы келінге» қатысты дерексіз моральдық-мәдени күтулерді (тәрбиелілік, сабырлылық) қамтыса, «моральдық-бағалаушылық» өлшем келіннің нақты мінез-құлқы орындалғаннан кейінгі берілетін әлеуметтік бағаны, мақұлдау немесе айыптау тілін (мақтау, сөгіс, ұят) талдайды. Екіншінден, «мінез-құлықтық-еңбектік» өлшем келіннің физикалық, когнитивтік және эмоционалдық практикалық жүктемесін білдірсе, «коммуникативтік-символдық» өлшем осы еңбектің қалай орындалатынының сыртқы белгілерін, иерархияны мойындау рәсімдерін (сөйлеу этикеті, ұстамдылық сақтау, ат тергеу, сәлем салу) сипаттайды. Бұл өлшемдердің ішінара тоғысуы модельдің осалдығы емес, қайта келін бейнесінің күрделі, көпдеңгейлі табиғатын көрсетеді.

Динамикалық конструкт: нормативтік қабаттасу. Нормативті қабаттасу дәстүрлі күтулер урбанизацияның, білім берудің, әйелдердің жұмыспен қамтылуын және некенің жекеленуінің әсерінен жойылып кетпейтін, бірақ қазіргі заманғы талаптармен қатар өмір сүретін және қосымша нормативтік ауыртпалықты құрайтын жағдайды білдіреді. Бұл динамикалық конструкт гендерлік идеологияның көпөлшемділігі мен отбасылық нормалардың біркелкі емес өзгерістерін анықтауға бағытталған (Davis and Greenstein, 2009+; Cotter et al., 2011; Pepin and Cotter, 2018). Дәстүрлі күтулер үлкендерге құрмет, жаңа отбасына бейімделу, үй шаруасына қатысу, адал болу, эмоционалдық шектеу, отбасы абыройын сақтауды қамтиды. Ал қазіргі заманауи күтулер білім алу, мансаптық өсу, жеке шекараларды бұзбау, бөлек тұру, шешім шығару құқығының болуын қамтиды (4-сурет, 3-кесте). Қалалық қазақ жағдайында мұндай күтулер әйелдердің жұмыспен қамтылуымен, тұрғын үй жағдайларымен және көп ұрпақты өмір сүруімен күшейтіледі (Kabylova, 2025; Barsukova, 2024).

Қалалық ортадағы келін бейнесінің ауылдық контексттен басты айырмашылығы – нормативтік қабаттасу деңгейінің жоғары болуында. Қала келіні дәстүрлі отбасылық міндеттерді сақтай отырып, білім алу, еңбек нарығына белсенді араласу және жас отбасының автономия шекараларын айқындау сияқты

заманауи талаптарды қатар орындауға бағдарланады. Сондықтан урбанизация үдерісі қала отбасыларындағы рөлдік күтулерді жеңілдетпейді, керісінше қос нормативтік жүктеме мен ұрпақаралық түсініктер алшақтығы есебінен оны құрылымдық тұрғыдан күрделендіре түседі. Дәстүрлі отбасылық құрылымдарда цифрлық технологиялар мен сандық экономиканың дамуы гендерлік рөлдердің қайта анықталуына ықпал етеді (Daraz et al., 2025). Бұл қазақстандық қалалық отбасыларда заманауи автономия талаптары мен дәстүрлі отбасылық міндеттердің қатар өмір сүріп, қос нормативтік жүктеме тудыратын нормативтік қабаттасу механизмін үрдіс ретінде айқындайды (Seidumanova et al., 2026).

«Нормативтік қабаттасу» механизмі дәстүрлі және заманауи күтулердің қатар өмір сүруін түсіндіретін сараптамалық модель болып табылады. Бұл тетікке негіз болған 3-кесте мен 4-суреттегі салыстырмалы жұптар (мысалы: патриархаттық бағыныштылық және жеке автономия; өтелмейтін үй еңбегі және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру; ене беделі және бірлесіп шешім қабылдау) Орталық Азия мен Қазақстандағы келін феноменін зерттеген эмпирикалық әдебиеттер корпусын сапалық тақырыптық кодтау нәтижесінде жинақталды (Suleimen, 2021; Meirmanova, 2022; Zhussipbek and Nagayeva, 2020; Kabylova, 2025; Harris, 2004; Kandiyoti, 1988). Бұл ұғым сырттай ұқсас әлеуметтанулық концепциялардан өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Алдымен, ұрпақаралық тартыстылықтан (Luescher and Pillemer, 1998) айырмашылығы – мұнда мәселе тек отбасы мүшелері арасындағы ішкі эмоционалдық-психологиялық қайшылықта емес, институционалдық деңгейде келін рөліне бір мезетте жүктелетін құрылымдық күтулердің қатар түсуінде. Екіншіден, нормалардың араласуынан айырмашылығы – дәстүрлі және заманауи күтулер бір-біріне сіңіп, жаңа үшінші норма құрмайды, керісінше дербес екі қабат ретінде сақталып, келінге жағдайға байланысты талаптар қояды. Үшіншіден, бірыңғай сенімдер жүйесін қамтитын гендерлік идеологиямен салыстырғанда, қабаттасу механизмі келіннің күнделікті тұрмыстық тәжірибеде екі түрлі нормативтік жүйеге қатар бейімделу субъектілігін ашады.



4-сурет. Нормативтік қабаттасу механизмі

Ескерту. Схема дәстүрлі және заманауи күтулерді салыстырмалы тұжырымдамалық талдау негізінде авторлармен құрастырылған.

3-кесте. Келін бейнесіндегі нормативтік қабаттасу механизмі

Дәстүрлі күтулер	Қазіргі күтулер	Ықтимал нормативтік шиеленіс
Үлкендерге құрмет	Жеке шекаралар	Автономиядан бас тартпай, құрметті қалай көрсетуге болады?
Күйеуінің отбасына бейімделу	Жұбайлық серіктестік	Некеден кейін кімнің ережелері басым болады: күйеуінің отбасының ба, әлде жас жұбайлардың ба?
Үй еңбегі келіннің міндеті ретінде	Әйелдің жұмыспен қамтылуы және мансабы	Егер келін жұмыс істесе, үй шаруасының жүктемесін қалай бөлу керек?
Күйеуінің отбасына адалдық	Бөлек тұру	Бөлек тұру автономия нормасы ма, әлде күйеуінің отбасынан алшақтау ма?
Төзімділік және жанжалсыздық	Келіспеуді білдіру құқығы	Құрмет пен бағынудың шекарасы қай жерден өтеді?
Бедел үшін жауапкершілік	Жеке таңдау	Келіннің мінез-құлқын бағалауға кімнің құқығы бар?

Ескерту. Кестедегі салыстырмалы жұптар зерттелетін корпустағы эмпирикалық дереккөздерді тақырыптық кодтау арқылы жинақталған: патриархаттық бағыныштылық және дербес автономия *(Suleimen, 2019; Zhussipbek and Nagayeva, 2021);* өтелмейтін үй еңбегі және кәсіби даму *(Meirmanova et al., 2020; Kabylova, 2025);* ене беделі және тең құқылы қарым-қатынас *(Kandiyoti, 1988; Suleimen, 2019).*

Операционалдық конструкт: модельді эмпирикалық көрсеткіштерге аудару. Операционалдық конструкт үлгіні кейінгі эмпирикалық сынауға арналған. Ол келін бейнесінің концептуалды өлшемдерін айнымалыларға, көрсеткіштерге және сұхбаттың ықтимал сұрақтарына аударады. Матрица эмпирикалық зерттеулердің әдістемелік құралы болып табылады (4-кесте). Оны әзірлеуде авторлар тұжырымдамалық мақалаларға қойылатын талаптардың логикасын ұстанды, мұнда теориялық үлес тек модельді құрудан ғана емес, сонымен қатар одан әрі эмпирикалық тестілеу үшін негізді дайындаудан тұруы мүмкін (Whetten, 1989; Jaakkola, 2020).

4-кесте. Кейінгі эмпирикалық зерттеулерге арналған келін бейнесінің концептуалды моделі

Өлшем	**Айнымалылар**	**Индикаторлар**	**Интервьюге арналған ықтимал сұрақтар**
Мәртебелік-туыстық	Отбасына енуі, мойындалу, адалдық	«өзінікі/бөтен», отбасылық шешімдерге қатысу, күйеуінің отбасының сенімі	Келін күйеуінің отбасында қашан «отбасының толық мүшесі» ретінде қабылданады?
Нормативтік-идеалды	«жақсы келіннің» қасиеттері	құрмет, төзімділік, қарапайымдылық, тәрбиелілік, бейімделгіштік	Жақсы келін қандай қасиеттерге ие болуы керек?
Мінез-құлықтық және еңбектік	үй еңбегі және көрінбейтін еңбек	тамақ дайындау, үй жинау, қонақ күту, күтім жасау, эмоциялық ұстамдылық, жоспарлау	Келін қандай міндеттерді орындауы керек?
Коммуникативті-символдық	сөйлеу, этикет, рәсімдер	үлкендерге сөйлеу/қарым-қатынас жасау, үнсіздік сақтау, дауласу, ат тергеу, сәлем салу	Келін үлкендермен қалай сөйлесуі керек?

Өлшем	Айнымалылар	Индикаторлар	Интервьюге арналған ықтимал сұрақтар
Иерархиялық-биліктік	бақылау, шешім қабылдау, араласу	ененің билігі, күйеудің шешімдері, тыйымдар, араласу шекаралары	Жас отбасының өміріне кімнің араласуға құқығы бар?
Моральдық-бағалаушылық	мақұлдау, сынау, бедел	мақтау, сөгіс, салыстыру, ұят, алғыссыздық үшін кінәлау	Келінді әдетте не үшін мақтайды немесе айыптайды?
Автономды-модернизациялық	жұмыс, білім, тұру, шекаралар	жұмыспен қамтылу, мансап, бөлек тұру, жеке кеңістік	Келін жұмыс істеуі, бөлек тұруы және жеке шекаралары болуы керек пе?

Интерпретациялық конструкт: келін бейнесін ықтимал ұрпақаралық түсіндірмелері. Интерпретациялық конструкт ұрпақтар арасындағы келін бейнесін түсінудегі ықтимал айырмашылықтарды сипаттайды және сұхбат немесе сауалнамалық зерттеу барысында тексерілетін бағыттарды белгілейді (5-кесте). Оның құрылымы ұрпақтар арасындағы амбиваленттілік пен гендерлік нормалардың берілуін зерттеуге негізделген, мұнда отбасылық қондырғылар механикалық түрде емес, ата-аналық көзқарастардың, күнделікті тәжірибелердің, отбасылық құрылымның және өмірлік тәжірибенің үйлесімі арқылы көбейтіледі (Luscher and Pillemer, 1998; Cunningham, 2001; Platt and Polavieja, 2016; Perales et al., 2021).

5-кесте. Кейінгі эмпирикалық тексеруге арналған келін бейнесінің ұрпақаралық интерпретацияларының болжамды аналитикалық матрицасы

Нормативтік категория	Аға ұрпақтың ықтимал интерпретациясы	Орта ұрпақтың ықтимал интерпретациясы	Кіші ұрпақтың ықтимал интерпретациясы
Құрмет	Иерархияны сақтау, тіл алу, үлкендікті мойындау	Жас жұбайлардың мүдделерін ішінара ескере отырып, үлкендерге құрмет көрсету	Жеке шекаралардан бас тартпай, үлкендерге сыпайылық таныту және оларды мойындау
Үй еңбегі	Келіннің табиғи міндеті	Міндет ретінде қабылданады, бірақ жұмыспен қамтылған жағдайда жеңілдіктер болуы мүмкін	Ерлі-зайыптылар арасындағы келісім мәселесі
Енемен қарым-қатынас	Ене – бақылау мен бағыт-бағдар берудің басты үлкен тұлғасы	Ененің орны маңызды, бірақ оның араласуы шектелуі тиіс	Ененің араласуы ерлі-зайыптылардың автономиясын бұзбауы керек
Бөлек тұру	Күйеуінің отбасынан алшақтаудың ықтимал белгісі	Құрмет пен қарым-қатынас сақталған жағдайда рұқсат етіледі	Автономды ерлі-зайыптылық өмірдің қалыпты нормасы
Жұмыс және білім	Отбасылық міндеттермен салыстырғанда екінші орында	Үй ішіндегі жауапкершілік сақталған жағдайда рұқсат етіледі	Өзін-өзі жүзеге асырудың және тең құқықты некенің маңызды бөлігі
Моральдық бағалау	«Жақсы» келін – төзімді, құрметшіл, бейімделгіш	«Жақсы» келін отбасы мен жеке мақсаттарының арасындағы тепе-теңдікті сақтай алады	«Жақсы» келін отбасын құрметтейді, бірақ өз субъектілігін сақтайды

Ескерту. Бұл кесте авторлардың дербес эмпирикалық деректеріне (сұхбат немесе сауалнама) емес, теориялық жүйелеу әдісі мен әдебиеттерді тақырыптық жинақтауға негізделген. Ол болашақ эмпирикалық зерттеулерде арнайы тексеруді талап ететін ғылыми болжам ретінде ұсынылады.

Ұсынылған аналитикалық конструкциялар жүйесі келін бейнесін рөлі мен мәртебесінен өзгеше дербес әлеуметтанулық категория ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Келін бейнесін қазіргі заманғы трансформациялаудың орталық тетігі дәстүрлі және заманауи күтулерді нормативтік қабаттастыру болып табылады. Бұл модель аталған құбылысты «дәстүр – қазіргі заман» деген қарапайым бағалау шкаласымен ғана шектемей, оны нақты өлшемдер, айнымалылар мен индикаторлар арқылы тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Келін бейнесі моделінің теориялық және әдіснамалық маңызы

Мақалада ұсынылған тұжырымдамалау келін талдауын дәстүрлі отбасылық рөлді сипаттау деңгейінен қалалық отбасы тұрмысқа жаңа шыққан әйелдің мүшелігін, еңбегін, құрметін, автономиясын және моральдық бағалауын реттейтін нормативтік тәртіпті зерттеу деңгейіне ауыстырады. Келінді негізінен қайын енесімен қарым-қатынас, үлкендерге күтім жасау немесе үй еңбегі арқылы қарастыратын зерттеулерден айырмашылығы, бұл модель келін бейнесі кеңірек құрылым екенін көрсетеді: ол туыстық жүйедегі мәртебені, гендерлік міндеттерді, ұрпақаралық билікті және отбасындағы «дұрыс» әйелдік критерийлерді біріктіреді.

Бірінші теориялық үлес келіндік рөлден келін бейнесіне ауысумен сипатталады. Cotterill (1994) және Lopata (1999) зерттеулері келіннің неке туысы ретіндегі жағдайының құрылымдық түсініксіздігін көрсетеді. Алайда, рөл санатының өзі негізінен күтілетін әрекеттерді тіркейді. Келін бейнесі категориясы күтілетін әрекеттердің отбасылық қатынастар жүйесінде қалай мағыналанатынын және моральдық тұрғыдан қалай бағаланатынын талдауға мүмкіндік береді. Келіннің үйге көмектесуі, құрметтелуі немесе отбасылық тәжірибеге қатысуы ғана емес, оның мінез-құлқы қалай түсіндірілетіні де маңызды: тәрбиенің, адалдықтың, шыдамдылықтың, өзімшілдіктің, құрметтелмеуінің немесе күйеуінің әулеттік нормаларға сәйкес келмеу белгісі ретінде.

Зерттеудің екінші үлесі туыстық еңбек, қамқорлық көрсету және көрінбейтін еңбек туралы еңбектерді келіннің міндеттері мен моральдық бағалануы тұрғысынан кеңейтуге бағытталады. Rosenthal (1985), di Leonardo (1987), Hochschild (1979) және Daminger (2019) еңбектері отбасылық өмірді тек физикалық еңбекпен емес, туыстық қатынастарды ұйымдастыру, жоспарлау сияқты көрінбейтін еңбек түрлеріне сүйенетінін дәлелдейді. Бұл модель еңбектің түрлерін келін бейнесі аясында біріктіре отырып, «жақсы» келін туралы түсінікті тек тұрмыстық міндеттерден тұрмайтынын айқындайды. Ол отбасылық тәртіпті мойындай отырып, оның жалғасуын сақтайды.

Зерттеудің үшінші үлесі отбасылық билікпен байланысты. Бұл модель келінге қатысты билік қатынасы тек күйеуінің бақылауынан немесе ер мен әйел қарама-қарсылығы арқылы түсіндіру жеткіліксіз екенін растайды. Ол отбасылық өмір тәжірибесі, мәртебесі, жауапкершілік пен моральдық бағалауы арқылы жүзеге асады. Kandiyoti (1988) тұжырымдамасы сол патриархалдық тәртіпке бейімделу және соған сай жоспар құру мүмкіндіктерін көрсетеді, ал Zuo (2009) еңбегінде бұл қатынаста ұрпақ иерархиясы маңызды екенін ашады. Сол себепті, қазақстан қоғамындағы келін бейнесін тек ене қатынастырымен емес, қайын жұртының құндылығы арқылы талдау қажет.

Зерттеудің төртінші теориялық үлесі нормативтік қабаттасу механизмімен байланысады. Бұл модель қазіргі заманғы қалалық күтулер дәстүрлі күтулерді түбегейлі жоймайтынын ашып көрсетеді. Олар қатар әрекет етуде, бірақ мансаптық өсуде, жас жұбайлар келісіміне, жеке шекара және бөлек тұру ережелерімен сәйкес келеді. Осы тұжырым гендерлік идеологияның көпөлшемді сипатын және гендерлік өзгерістердің біркелкі емес еңбектерімен сәйкес келеді (Davis and Greenstein, 2009; Cotter et al., 2011; Pepin and Cotter, 2018). Алайда мәдени тұрғыдан ерекшеленетін қазақ отбасының позициясы – келін бейнесі арқылы нақтылай түседі.

Зерттеудің бесінші теориялық үлесі ұрпақаралық талдаумен байланысты. Бұл модель дәстүрлі аға буын мен қазіргі жас буын арасындағы көзқарастар шиеленісі ретінде қарамай, келін бейнесін ұрпақаралық деңгейде күрделі түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы: әр ұрпақ өкілі бірдей нормативтік категорияны

қалай қабылдайтынын талдау: үлкенге құрмет, отбасылық еңбек, автономия, жауапкершілік. Ұрпақаралық нормативтік байланысты зерттейтін еңбектер отбасылық қатынасты тек сөзбен емес, күнделікті қайталанып тұратын әрекеттер арқылы да берілетінін көрсетеді (Cunningham, 2001; Platt and Polavieja, 2016; Perales et al., 2021). Келін бейнесін талдауда отбасылық нормалардың ұрпақаралық берілуін ғана емес, жаңа әлеуметтік жағдайда бейімделуін де зерттеу маңызды болып табылады.

Бұл зерттеуде қазақстандық контекст қосымша иллюстрация емес, теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу алаңы. Қазақстандағы қалалық отбасы контексті дәстүрлі және қазіргі нормалардың қатар жүру тенденциясын сипаттайды. Келін бейнесінде білім алу, еңбек ету, бөлек тұруға ұмтылыс күшейсе де, жекелеген отбасылар тәжірибесінде күйеуінің туыстық жүйесіне кіру, отбасы абыройын сақтау сияқты міндеттер де қатар бой көрсетеді (Meirmanova et al., 2020; Suleimen, 2019; Zhussipbek and Nagayeva, 2021; Kabylova, 2025; Barsukova, 2024). Сол себепті келін бейнесін дәстүрлі мәдениеттің архаикалық бөлігі деп қарауға болмайды. Ол отбасының қатынастарды реттеуші мәнін жоғалтпайды, бірақ дәстүрлі күтулер мен қазіргі өзгерістер жағдайында қайта жаңа мәнге ие болады.

Ұсынылған модель әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Ол келін бейнесін зерттеуде дәстүрлі немесе заманауи деген қарама-қарсылыққа сүйенбей, нақты сипаттайтын өлшемдерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өлшемдерге мәртебені мойындау, тұрмыстық еңбек, коммуникациялық нормалар, үлкендердің үстемдігі, араласу шекаралары, бөлек тұруға көзқарас, әйелдің еңбекпен қамтылуы және автономия жатады. Бұл дизайн ұрпақтар арасындағы айырмашылықтарды ғана емес, күтулердің тоғысқан және қайшылыққа түсетін жерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл модельдің шектеулері бар. Біріншіден, ұсынылған модель тұжырымдамалық деңгейде, сондықтан оны Қазақстанның қалалық отбасыларына қатысты эмпирикалық деректер арқылы тексеру керек. Екіншіден, келін бейнесі аймақтық ерекшелікке, қарым-қатынас тіліне, білім деңгейіне, әлеуметтік тапқа, діни сеніміне, үлкендерге тәуелділік деңгейлеріне байланысты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Үшіншіден, «келін бейнесін» толық түсіну үшін келіндік рөлдердегі әйел позициясын ғана емес, қатынасқа түсетін қайын жұртының да өкілдіктерін ескеру қажет. Көп позициялы тәсіл қолданылмаған жағдайда, келін бейнесін бір топтың тәжірибесіне негіздеп түсіндіру жеткіліксіз болуы мүмкін.

Атап айтқанда, ұсынылған бұл модель барлық қазақ отбасына бірдей таңылмайды. Ол ең алдымен соңғы жылдардағы отандық зерттеулерде және жекелеген қалалық отбасылардың тыныс-тіршілігінде байқалатын динамикалық өзгерістерді сипаттайды.

Қорытынды

Мақалада «келін бейнесі» ұғымы ұрпақаралық нормативтік конструкт ретінде тұжырымдалады. Ол дәстүрлі қасиеттер, отбасылық міндеттер және этникалық тәжірибелер сипатталатын зерттеулерден ерекшеленеді, өйткені бұл зерттеу келін бейнесін мәдени сипаттама деңгейінен әлеуметтанулық талдау деңгейіне шығарып, аналитикалық категория ретінде қарастырады.

Мақаланың қорытындысы бойынша, келін бейнесі тұрмысқа жаңа шыққан әйелге қатысты өзгермейтін дәстүрлі идеал ретінде қарастыру жеткіліксіз. Келін бейнесі күйеуінің туыстық жүйесіне енген әйел мәртебесін, мінез-құлқын, еңбек міндеттерін, құрмет көрсетуін, автономия шекараларын және моральдық бағалануын айқындайтын нормативтік түсініктер жиынтығы. Сонда «келін бейнесі» тек дәстүрді орындаушы ғана емес, отбасын жалғастырушы тетік болып табылады.

Мақала аясында келін бейнесі бірнеше өлшемдердің қиылысында қалыптасатыны көрсетілген: мәртебелік-туыстық, нормативтік-идеалды, мінез-құлық-еңбек, коммуникативтік-символдық, иерархиялық-билік, моральдық-бағалау және автономды-модернизациялық. Көпөлшемді түсінік келін бейнесін үй еңбегіне, қайын енесімен қарым-қатынасқа немесе абстрактілі «дәстүрге» қысқартуға жол бермейді. Ұсынылған модель бұл санат отбасы мүшелігі, гендерлік жауапкершілік, ұрпақаралық билік, моральдық бағалау және отбасының қалалық трансформациясы мәселелерін біріктіретінін көрсетеді.

Мақалада ұсынылған негізгі механизм-нормативтік қабаттасу. Қалалық отбасы жағдайында келінге қатысты дәстүрлі үміттер білім беру, жұмыспен қамту, урбанизация және некені дараландыру әсерінен жойылмайды. Олар автономияның, кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың, ерлі-зайыптылық серіктестіктің, жеке тұрудың және жеке шекаралардың заманауи талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде келін бейнесі

кем емес, күрделене түседі: жас әйел бір мезгілде отбасылық адалдықтың дәстүрлі критерийлері мен тәуелсіздіктің заманауи критерийлері арқылы бағаланады. Қазақстандық контекст үшін ұсынылған тұжырымдамалаудың айрықша маңызы бар. Қазақстандағы қалалық отбасы дәстүрлі нормалардың жай ғана әлсіреуін емес, олардың қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделе отырып қайта құрылуын көрсетеді. Неке, туыстық, үлкендерге құрмет, үйлену міндеттемелері, көп ұрпақты отбасы болу, тұрғын үйге тәуелділік және әйелдердің жұмыспен қамтылуы келін бейнесі реттеуші функцияны орындауды жалғастыратын қарама-қайшы өрісті құрайды. Сонымен бірге, мақалада ұсынылған ұрпақаралық айырмашылықтар мен модельдің аналитикалық элементтері әзірге теориялық болжам ретінде ұсынылып отыр, ал олардың шынайы мазмұны кейінгі эмпирикалық зерттеулерде толық айқындалатын болады. Осылайша, «келін бейнесінің» заманауи динамикасы жалпылама сипатқа ие емес, ол нақты отбасылардың ресурстарына, респонденттердің білім деңгейіне және қалалық ортаға бейімделу ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі дәрежеде көрініс табады.

Кейінгі зерттеудің перспективалық бағыты – әртүрлі ұрпақ өкілдерінің: қайын енелердің, аналардың, жас үйленген әйелдердің, күйеулердің, үйленбеген қыздардың және аға буын өкілдері арасындағы түсініктерді салыстырмалы талдау. Бұл тәсіл келін бейнесінің қандай элементтері тұрақтылықты сақтайтынын, қайсысы қайта анықталатынын және қайсысы ашық немесе жасырын ұрпақаралық қақтығыстың нысанасына айналатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Ш.Е. Джаманбалаева – зерттеуге ғылыми жетекшілік ету; мақаланың жалпы тұжырымдамасын әзірлеу; теориялық және әдіснамалық негізді анықтау; зерттеу мәселесін, мақсатын және тұжырымдамалық талдау логикасын тұжырымдау; аналитикалық модельді тексеру; мәтінді сыни редакциялау; қолжазбаның соңғы нұсқасын бекіту.

Р.С. Саутбаева – ғылыми әдебиеттерді жинау, жүйелеу және талдау; мақаланың негізгі мәтінін дайындау; аналитикалық кестелер мен көрнекі диаграммаларды әзірлеу; «келін бейнесі» ұғымын тұжырымдауға қатысу; библиографиялық аппаратты жобалау; ғылыми жетекшінің ескертулерін ескере отырып мәтінді қайта қарау.

Барлық авторлар мақаланың құрылымын талқылауға қатысты, оның мазмұны бойынша келісті және журналға ұсыну үшін қолжазбаның соңғы нұсқасын мақұлдады.

Әдебиеттер тізімі

1. Барсукова, С.Ю. (2024) «Финансовая рациональность vs традиции: о свадебных расходах городских семей среднего достатка в Казахстане», Социологические исследования, (5), стр. 128–140. https://doi.org/10.31857/S0132162524050109

2. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы (2025) Қазақстан Республикасындағы халықтың жұмыспен қамтылуы және еңбек: Статистикалық жинақ. Астана: ҰСтатБюро. https://stat.gov.kz

3. Baudiyarova, K.B., Meirmanova, G.A. and Yegizbayeva, M.K. (2026) 'The Problem of Marriage and Family among Kazakhs in the Works of Russian Researchers of the XIX century', Bylye Gody, 21(2), pp. 883–891. https://doi.org/10.13187/bg.2026.2.883

4. Bott, E. (1955) 'Urban families: Conjugal roles and social networks', Human Relations, 8(4), pp. 345–384.

5. Bott, E. (1956) 'Urban families: The norms of conjugal roles', Human Relations, 9(3), pp. 325–342.

6. Cano, T. and Hofmeister, H. (2022) 'The intergenerational transmission of gender: Paternal influences on children's gender attitudes', Journal of Marriage and Family. 84(5), pp. 1245–1264. https://doi.org/10.1111/jomf.12863

7. Cotter, D.A., Hermsen, J.M. and Vanneman, R. (2011) 'The end of the gender revolution? Gender role attitudes from 1977 to 2008', American Journal of Sociology, 117(1), pp. 259–289. https://doi.org/10.1086/658853

8. Cotterill, P. (1994) Friendly relations? Mothers and their daughters-in-law. London: Taylor and Francis. https://doi.org/10.4324/9780203993040

9. Cunningham, M. (2001) 'The influence of parental attitudes and behaviors on children's attitudes toward gender and household labor in early adulthood', Journal of Marriage and Family, 63(1), pp. 111–122. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2001.00111.x

10. Daminger, A. (2019) 'The cognitive dimension of household labor', American Sociological Review, 84(4), pp. 609–633. https://doi.org/10.1177/0003122419859007

11. Daraz, U., Farooq, M., Chen, G., Zhang, X. and Muhammad, N. (2025) 'Gender Role Reversal in Gig Economy Households: A Sociological Insight from Southeast Asia with Evidence from Pakistan', Societies, 15(10), p. 276. https://doi.org/10.3390/soc15100276

12. Davis, S.N. and Greenstein, T.N. (2009) 'Gender ideology: Components, predictors, and consequences', Annual Review of Sociology, 35, pp. 87–105. https://doi.org/10.1146/annurev-soc-070308-115920

13. di Leonardo, M. (1987) 'The female world of cards and holidays: Women, families, and the work of kinship', Signs: Journal of Women in Culture and Society, 12(3), pp. 440–453. https://doi.org/10.1086/494338

14. Finch, J. and Mason, J. (1992) Negotiating family responsibilities. London: Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203393208

15. Fischer, L.R. (1983) 'Mothers and mothers-in-law', Journal of Marriage and the Family, 45(1), pp. 187–192. https://doi.org/10.2307/351307

16. Hochschild, A.R. (1979) 'Emotion work, feeling rules, and social structure', American Journal of Sociology, 85(3), pp. 551–575. https://doi.org/10.1086/227049

17. Jaakkola, E. (2020) 'Designing conceptual articles: Four approaches', AMS Review, 10, pp. 18–26. https://doi.org/10.1007/s13162-020-00161-0

18. Kabylova, M. (2025) 'I can't relax in my own home': Women living in multigenerational households in Kazakhstan', Europe-Asia Studies, 77(8), pp. 1313–1332. https://doi.org/10.1080/09668136.2025.2544718

19. Kandiyoti, D. (1988) 'Bargaining with patriarchy', Gender and Society, 2(3), pp. 274–290. https://doi.org/10.1177/089124388002003004

20. Lopata, H.Z. (1999) 'In-laws and the concept of family', Marriage and Family Review, 28(3–4), pp. 161–172. https://doi.org/10.1300/J002v28n03_13

21. Luscher, K. and Pillemer, K. (1998) 'Intergenerational ambivalence: A new approach to the study of parent-child relations in later life', Journal of Marriage and the Family, 60(2), pp. 413–425. https://doi.org/10.2307/353858

22. Meirmanova, G., Baudiyarova, K.B. and Abashin, S.N. (2020) 'Status of the Kazakh bridal: Traditions and modernity', Farabi Journal of Social Sciences, 6(4), pp. 43–48. https://doi.org/10.26577/CAJSH.2020.v6.i4.06

23. Pepin, J.R. and Cotter, D.A. (2018) 'Separating spheres? Diverging trends in youth's gender attitudes about work and family', Journal of Marriage and Family, 80(1), pp. 7–24. https://doi.org/10.1111/jomf.12434

24. Perales, F., Hoffmann, H., King, T., Vidal, S. and Baxter, J. (2021) 'Mothers, fathers and the intergenerational transmission of gender ideology', Social Science Research, 99, 102597. https://doi.org/10.1016/j.ssresearch.2021.102597

25. Platt, L. and Polavieja, J.G. (2016) 'Saying and doing gender: Intergenerational transmission of attitudes towards the sexual division of labour', European Sociological Review, 32(6), pp. 820–834. https://doi.org/10.1093/esr/jcw037

26. Risman, B.J. (2004) 'Gender as a social structure: Theory wrestling with activism', Gender & Society, 18(4), pp. 429–450. https://doi.org/10.1177/0891243204265349

27. Rosenthal, C.J. (1985) 'Kinkeeping in the familial division of labor', Journal of Marriage and the Family, 47(4), pp. 965–974. https://doi.org/10.2307/352340

28. Seidumanova, M., Isupova, O., Yegorova, O. and Islamova, R. (2026) «The Second Shift Goes Digital: Gendered Barriers to IT Leadership in Kazakhstan», Zhurnal issledovanii sotsial'noi politiki [The Journal of Social Policy Studies], 24(2), pp. 369–386. https://doi.org/10.17323/727-0634-2026-24-2-369-386

29. Shashayeva, M., Nurbekova, G., Turlybekova, A. and Bekturganova, A. (2023) 'Comparative Analysis of Studies on the Problems of Kazakh Women in the first half of the XX century', Bylye Gody, 18(3), pp. 1550–1559. https://doi.org/10.13187/bg.2023.3.1550

30. Snyder, H. (2019) 'Literature review as a research methodology: An overview and guidelines', Journal of Business Research, 104, pp. 333–339. https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2019.07.039

31. Suleimen, D. (2019) 'The tradition of at tergeý: Tabooing the names of a woman's husband and his male relatives in 21st-century Kazakhstan', Rocznik Orientalistyczny / Yearbook of Oriental Studies, 72(2), pp. 126–133. https://doi.org/10.24425/ro.2019.132994

32. Toktarbekova, L. (2026) 'Youth Perceptions of Gender Equality in Kazakhstan: a Sociological Analysis', Journal of Feminist Family Therapy, 38(1), pp. 45–67. https://doi.org/10.1080/08952833.2026.2639235

33. Turner, M.J., Young, C.R. and Black, K.I. (2006) 'Daughters-in-law and mothers-in-law seeking their place within the family: A qualitative study of differing viewpoints', Family Relations, 55(5), pp. 588–600. https://doi.org/10.1111/j.1741-3729.2006.00428.x

34. West, C. and Zimmerman, D.H. (1987) 'Doing gender', Gender and Society, 1(2), pp. 125–151. https://doi.org/10.1177/0891243287001002002

35. Whetten, D.A. (1989) 'What constitutes a theoretical contribution?', Academy of Management Review, 14(4), pp. 490–495. https://doi.org/10.5465/amr.1989.4308371

36. Willson, A.E., Shuey, K.M. and Elder, G.H. Jr. (2003) 'Ambivalence in the relationship of adult children to aging parents and in-laws', Journal of Marriage and Family, 65(4), pp. 1055–1072. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2003.01055.x

37. Young, M. and Willmott, P. (1957) Family and kinship in East London. London: Routledge and Kegan Paul.

38. Zhussipbek, G. and Nagayeva, Z. (2021) 'Human rights of daughters-in-law (kelins) in Central Asia: Harmful traditional practices and structural oppression', Central Asian Survey, 40(2), pp. 222–241. https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1850423

39. Zuo, J. (2009) 'Rethinking family patriarchy and women's positions in presocialist China', Journal of Marriage and Family, 71(3), pp. 542–557. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2009.00618.x

Ш.Е. Джаманбалаева[1], Р.С. Саутбаева[2]

[1] Институт философии, политологии и религиоведения Министерства образования и науки Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

[2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОБРАЗ КЕЛИН КАК МЕЖПОКОЛЕНЧЕСКИЙ НОРМАТИВНЫЙ КОНСТРУКТ: СОЦИОЛОГИЧЕСКАЯ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ

Аннотация. В статье дано определение понятия «образ келин», которое рассматривается с социологической точки зрения как межпоколенческая нормативная структура. Актуальность исследования заключается в том, что нормативно-регулирующее значение образа келин в современных городских семьях Казахстана сохраняется. Однако расширение возможностей женщин в области образования, труда, обеспечения жильем и семейной ориентации делает их жизнь более сложной и многогранной. Цель статьи – разработка аналитической модели, позволяющей рассматривать образ келин как систему нормативных представлений о ее статусе, обязанностях, формах поведения и границах автономии по отношению к родственникам мужа. С методологической точки зрения работа основана на интегративном обзоре литературы и концептуальном синтезе исследований по вопросам родства по браку, семейных обязанностей, гендерного труда, межпоколенческой передачи норм, патриархальной власти и городской трансформации семьи. В статье представлено категориальное разграничение ролей, статуса, образа келин и межпоколенческих понятий; рабочее определение образа келин; многомерная модель, включающая семь измерений; механизм нормативного перекрытия; операциональная матрица для будущих эмпирических исследований. Научный вклад статьи заключается в переносе концепции образа келин из культурно-описательной интерпретации на уровень социологического анализа. Практическая значимость модели состоит в ее использовании при разработке руководств для интервью, количественных показателей и сравнительного анализа поколений в городских семьях Казахстана.

Ключевые слова: образ келин, келин, городская семья, межпоколенческие представления, нормативный конструкт, семейная иерархия.

Sh.Ye. Jamanbalaeva[1], R.S. Sautbayeva[2]
[1]Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan
[2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE IMAGE OF KELIN AS AN INTERGENERATIONAL NORMATIVE CONSTRUCT: A SOCIOLOGICAL CONCEPTUALIZATION

Abstract. This article presents a sociological conceptualization of the concept of the «image of kelin» as an intergenerational normative construct. The relevance of the study is that the image of kelin retains regulatory significance in urban families of Kazakhstan, but its content is complicated by the influence of education, women's employment, housing conditions, and the autonomy orientation of young families. The purpose of the article is to develop an analytical model that allows considering the image of kelin as a system of normative representations of the status, duties, behavioral forms, and boundaries of autonomy of a young married woman in her husband's family. From a methodological point of view, the work is based on an integrative literature review and a conceptual synthesis of studies on affinal kinship, family duties, gendered labor, intergenerational transmission of norms, patriarchal power, and the urban transformation of the family. The article presents a conceptual distinction between roles, status, image of kelin, and intergenerational perceptions; a working definition of the image of kelin; a multidimensional model that includes seven dimensions; a normative overlap mechanism; and an operational matrix for future empirical research. The scientific contribution of the article lies in shifting the concept of the image of kelin from a cultural-descriptive interpretation to the level of sociological analysis. The practical significance of the model lies in its use in the development of interview guidelines, quantitative indicators, and comparative analysis of generations in urban families in Kazakhstan.

Keywords: image of kelin, kelin, daughter-in-law, urban family, intergenerational perceptions, normative construct, family hierarchy.

References

1. Barsukova, S.Yu. (2024) «Finansovaja racional'nost' vs tradicii: o svadebnyh rashodah gorodskih semej srednih dohodov v Kazahstane», Sociologicheskie Issledovanija, (5), str. 128–140. Available at: https://doi.org/10.31857/S0132162524050109 [in Russian].
2. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan (2025) Employment and Labor in the Republic of Kazakhstan: Statistical Compendium. Astana: Bureau of National Statistics. https://stat.gov.kz
3. Baudiyarova, K.B., Meirmanova, G.A. and Yegizbayeva, M.K. (2026) 'The Problem of Marriage and Family among Kazakhs in the Works of Russian Researchers of the XIX century', Bylye Gody, 21(2), pp. 883–891. https://doi.org/10.13187/bg.2026.2.883
4. Bott, E. (1955) 'Urban families: Conjugal roles and social networks', Human Relations, 8(4), pp. 345–384.
5. Bott, E. (1956) 'Urban families: The norms of conjugal roles', Human Relations, 9(3), pp. 325–342.
6. Cano, T. and Hofmeister, H. (2022) 'The intergenerational transmission of gender: Paternal influences on children's gender attitudes', Journal of Marriage and Family. 84(5), pp. 1245–1264. https://doi.org/10.1111/jomf.12863
7. Cotter, D.A., Hermsen, J.M. and Vanneman, R. (2011) 'The end of the gender revolution? Gender role attitudes from 1977 to 2008', American Journal of Sociology, 117(1), pp. 259–289. https://doi.org/10.1086/658853
8. Cotterill, P. (1994) Friendly relations? Mothers and their daughters-in-law. London: Taylor and Francis. https://doi.org/10.4324/9780203993040

9. Cunningham, M. (2001) 'The influence of parental attitudes and behaviors on children's attitudes toward gender and household labor in early adulthood', Journal of Marriage and Family, 63(1), pp. 111–122. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2001.00111.x

10. Daminger, A. (2019) 'The cognitive dimension of household labor', American Sociological Review, 84(4), pp. 609–633. https://doi.org/10.1177/0003122419859007

11. Daraz, U., Farooq, M., Chen, G., Zhang, X. and Muhammad, N. (2025) 'Gender Role Reversal in Gig Economy Households: A Sociological Insight from Southeast Asia with Evidence from Pakistan', Societies, 15(10), p. 276. https://doi.org/10.3390/soc15100276

12. Davis, S.N. and Greenstein, T.N. (2009) 'Gender ideology: Components, predictors, and consequences', Annual Review of Sociology, 35, pp. 87–105. https://doi.org/10.1146/annurev-soc-070308-115920

13. di Leonardo, M. (1987) 'The female world of cards and holidays: Women, families, and the work of kinship', Signs: Journal of Women in Culture and Society, 12(3), pp. 440–453. https://doi.org/10.1086/494338

14. Finch, J. and Mason, J. (1992) Negotiating family responsibilities. London: Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203393208

15. Fischer, L.R. (1983) 'Mothers and mothers-in-law', Journal of Marriage and the Family, 45(1), pp. 187–192. https://doi.org/10.2307/351307

16. Hochschild, A.R. (1979) 'Emotion work, feeling rules, and social structure', American Journal of Sociology, 85(3), pp. 551–575. https://doi.org/10.1086/227049

17. Jaakkola, E. (2020) 'Designing conceptual articles: Four approaches', AMS Review, 10, pp. 18–26. https://doi.org/10.1007/s13162-020-00161-0

18. Kabylova, M. (2025) 'I can't relax in my own home': Women living in multigenerational households in Kazakhstan', Europe-Asia Studies, 77(8), pp. 1313–1332. https://doi.org/10.1080/09668136.2025.2544718

19. Kandiyoti, D. (1988) 'Bargaining with patriarchy', Gender and Society, 2(3), pp. 274–290. https://doi.org/10.1177/089124388002003004

20. Lopata, H.Z. (1999) 'In-laws and the concept of family', Marriage and Family Review, 28(3–4), pp. 161–172. https://doi.org/10.1300/J002v28n03_13

21. Luscher, K. and Pillemer, K. (1998) 'Intergenerational ambivalence: A new approach to the study of parent-child relations in later life', Journal of Marriage and the Family, 60(2), pp. 413–425. https://doi.org/10.2307/353858

22. Meirmanova, G., Baudiyarova, K.B. and Abashin, S.N. (2020) 'Status of the Kazakh bridal: Traditions and modernity', Farabi Journal of Social Sciences, 6(4), pp. 43–48. https://doi.org/10.26577/CAJSH.2020.v6.i4.06

23. Pepin, J.R. and Cotter, D.A. (2018) 'Separating spheres? Diverging trends in youth's gender attitudes about work and family', Journal of Marriage and Family, 80(1), pp. 7–24. https://doi.org/10.1111/jomf.12434

24. Perales, F., Hoffmann, H., King, T., Vidal, S. and Baxter, J. (2021) 'Mothers, fathers and the intergenerational transmission of gender ideology', Social Science Research, 99, 102597. https://doi.org/10.1016/j.ssresearch.2021.102597

25. Platt, L. and Polavieja, J.G. (2016) 'Saying and doing gender: Intergenerational transmission of attitudes towards the sexual division of labour', European Sociological Review, 32(6), pp. 820–834. https://doi.org/10.1093/esr/jcw037

26. Risman, B.J. (2004) 'Gender as a social structure: Theory wrestling with activism', Gender & Society, 18(4), pp. 429–450. https://doi.org/10.1177/0891243204265349

27. Rosenthal, C.J. (1985) 'Kinkeeping in the familial division of labor', Journal of Marriage and the Family, 47(4), pp. 965–974. https://doi.org/10.2307/352340.

28. Seidumanova, M., Isupova, O., Yegorova, O. and Islamova, R. (2026) «The Second Shift Goes Digital: Gendered Barriers to IT Leadership in Kazakhstan», Zhurnal issledovanii sotsial'noi politiki [The Journal of Social Policy Studies], 24(2), pp. 369–386. https://doi.org/10.17323/727-0634-2026-24-2-369-386

29. Shashayeva, M., Nurbekova, G., Turlybekova, A. and Bekturganova, A. (2023) 'Comparative Analysis of Studies on the Problems of Kazakh Women in the first half of the XX century', Bylye Gody, 18(3), pp. 1550–1559. https://doi.org/10.13187/bg.2023.3.1550

30. Snyder, H. (2019) 'Literature review as a research methodology: An overview and guidelines', Journal of Business Research, 104, pp. 333–339. https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2019.07.039

31. Suleimen, D. (2019) 'The tradition of at tergeý: Tabooing the names of a woman's husband and his male relatives in 21st-century Kazakhstan', Rocznik Orientalistyczny / Yearbook of Oriental Studies, 72(2), pp. 126–133. https://doi.org/10.24425/ro.2019.132994

32. Toktarbekova, L. (2026) 'Youth Perceptions of Gender Equality in Kazakhstan: a Sociological Analysis', Journal of Feminist Family Therapy, 38(1), pp. 45–67. https://doi.org/10.1080/08952833.2026.2639235

33. Turner, M.J., Young, C.R. and Black, K.I. (2006) 'Daughters-in-law and mothers-in-law seeking their place within the family: A qualitative study of differing viewpoints', Family Relations, 55(5), pp. 588–600. https://doi.org/10.1111/j.1741-3729.2006.00428.x

34. West, C. and Zimmerman, D.H. (1987) 'Doing gender', Gender and Society, 1(2), pp. 125–151. https://doi.org/10.1177/0891243287001002002

35. Whetten, D.A. (1989) 'What constitutes a theoretical contribution?', Academy of Management Review, 14(4), pp. 490–495. https://doi.org/10.5465/amr.1989.4308371

36. Willson, A.E., Shuey, K.M. and Elder, G.H. Jr. (2003) 'Ambivalence in the relationship of adult children to aging parents and in-laws', Journal of Marriage and Family, 65(4), pp. 1055–1072. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2003.01055.x

37. Young, M. and Willmott, P. (1957) Family and kinship in East London. London: Routledge and Kegan Paul.

38. Zhussipbek, G. and Nagayeva, Z. (2021) 'Human rights of daughters-in-law (kelins) in Central Asia: Harmful traditional practices and structural oppression', Central Asian Survey, 40(2), pp. 222–241. https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1850423

39. Zuo, J. (2009) 'Rethinking family patriarchy and women's positions in presocialist China', Journal of Marriage and Family, 71(3), pp. 542–557. https://doi.org/10.1111/j.1741-3737.2009.00618.x

Авторлар туралы мәлімет

Джаманбалаева Ш.Е. – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, Бас директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Философия, саясаттану және дінтану институты», Алматы, Қазақстан

Саутбаева Р.С. – хат-хабар авторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах

Джаманбалаева Ш.Е. – доктор социологических наук, профессор, заместитель Генерального директора по научной работе, Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

Саутбаева Р.С. – автор для корреспонденции, докторант кафедры социологии и социальной работы Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about the authors

Jamanbalaeva Sh.Ye. – Doctor of Sociological Sciences, Professor, Deputy Director General for Scientific Work, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Sautbayeva R.S. – corresponding author, doctoral student, Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

ХҒТАР 04.21.41
Зерттеу мақаласы

https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-156-3-46-62

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ РӨЛДЕРДІҢ АСИНХРОНДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ: ГЕНДЕРЛІК НОРМАЛАР МЕН КҮНДЕЛІКТІ ТӘЖІРИБЕЛЕР

А.Б. Иманқұл [*1], ***Э.О. Столярова*** [2], ***Ж.С. Аубакирова*** [3]

[1] *«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, Астана, Қазақстан*
[2,3] *«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ, Өскемен, Қазақстан*

E-mail: [1]* *a.imankul@kipd.kz,* [2]*eleonora193967@gmail.com,*
[3] *zhaaubakirova@edu.ektu.kz*

Аңдатпа. Мақала Қазақстан отбасындағы нормативтік гендерлік көзқарастар мен нақты рөлдік практика арасындағы алшақтықты әлеуметтанулық талдауға арналған. Теориялық негіз гендерді күнделікті қайта жаңғыртылатын практика (doing gender) ретінде түсінуге және үй еңбегінің «екінші ауысымы» тұжырымдамасына сүйенеді. Жұмыстың эмпириялық негізін үш зерттеудің дерегі құрады: «Қазақстан отбасылары», N=3 000; «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер», N=2 400; «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы», N=802. Үш зерттеудің деректерін кросс-кестелеу (cross-tabulation) әдісі негізінде талдай отырып, авторлар отбасындағы билік, көшбасшылық туралы түсініктер мен тұрмыстық үй еңбегін нақты бөлу патриархалдық үлгіні қайта жаңғыртатыны, ал жарияланатын құндылықтар мен үй шаруасына қатысты нормативтік күтулер эгалитарлық идеалға ұмтылатыны анықтады. Көзқарастардағы алшақтық ең алдымен респонденттің жасына емес, жынысына қарай байқалады. Ерлер отбасының басшысы сол үйдің ер азаматы (жолдасы) болуы керек деп әйелдерге қарағанда шамамен екі есе жиі санайды, сондай-ақ басшы рөлін ерлер жақсырақ атқарады деген пікірмен жиі келіседі. Үш зерттеуді салыстыру Қазақстандағы отбасы институтының жаңғыруын асинхронды процесс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді – мұнда декларациялардың өзгеруі практикалардың өзгеруінен ілгері жүреді және басқа постсоциалистік және батыстық емес қоғамдардағы өзгерістермен салыстырмалы ұқсас.

Негізгі ұғымдар: отбасы, гендерлік стереотиптер, отбасылық рөлдер, отбасындағы билік, үй еңбегін бөлу, гендерлік теңдік, отбасы институтының жаңғыруы, патриархалдық билік, Қазақстан.

Түсті: 22.07.2026; Жөнделді: 07.08.2026; Мақұлданды: 28.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе. Қазақстанда отбасы институтының жаңғыруы қайшылықты және өзара параллельді үрдістер аясында жүріп жатыр. Бір жағынан, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында және әйелдер мен отбасын қолдаудың мемлекеттік шаралар жүйесінде бекітілген гендерлік теңдікті жақтайтын мәлімдемелердің саны артып келеді. Екінші жағынан, күнделікті практика деңгейінде дәстүрлі рөлдік сценарийлердің тұрақты қайта жаңғыртылуы сақталып отыр. Отбасы әлеуметтануында бұл алшақтық гендерлік ассиметрия ұғымы арқылы сипатталады – формалды түрде жарияланатын теңқұқықтылық нормалары мен үй шаруашылығы ішіндегі билік, ресурстар және еңбекті нақты бөлу арасындағы сәйкессіздік. Осы жұмыстың мақсаты – отбасылық рөлдер мен гендерлік нормалар арасындағы алшақтық әлеуметтік дифференциацияның қай осі (жынысы, жасы немесе неке статусы) бойынша неғұрлым айқын көрінетінін және мәлімделетін нормалар мен сипатталатын практиканың жалпы қаншалықты сәйкес келетінін анықтау.

Зерттеудің теориялық негізі. Зерттеудің концептуалдық өзегін К. Уэст пен Д. Зиммерманың интеракционистік тұжырымдамасы құрайды. Авторлар гендерлік тұлғаның тұрақты сипаты ретінде емес, күнделікті өзара әрекеттесуде, оның ішінде әлеуметтанулық сауалнама сұрақтарына жауап беру барысында да қайта жаңғыртылатын, қайталанып отыратын практика – «гендерді құрастыру» (doing gender) ретінде қарастыруды ұсынды (West & Zimmerman, 1987). Осы тұжырымдама аясында респонденттің отбасындағы билік немесе ерлер мен әйелдердің көшбасшылық қасиеттері туралы жауабы бейтарап пікірді белгілеу ретінде емес, өз гендерлік санаты алдындағы есеп беру актісі ретінде түсіндіріледі. Мәселен, ерлер мен әйелдер өз жынысынан күтілетін норма нұсқаларын қайта жаңғыртуға бейім. Бұл логика төменде анықталатын негізгі заңдылықты жақсы түсіндіреді, гендерлік көзқарастар ең алдымен жауап берушінің жасына емес, дәл өз жынысына қарай алшақтайды, себебі жас мұндай санаттық жауапкершілікті қалыптастырмайды.

Отбасында шешім қабылдау туралы деректерге неғұрлым дәл интерпретация жасауға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық құралдың бірі –К. Гатрелл енгізген ситуативті билік (situational power) және қазіргі Польша материалында К. Сувада егжей-тегжейлі әзірлеген дәрменсіздендіруші билік (disempowering power) арасындағы айырмашылықты пайымдау (Suwada, 2022). Ситуативті билік практикалық ресурсқа, атап айтқанда, баланың күнделікті қажеттіліктерін білуге, тұрмыстық тәртіп пен балалармен өткізілетін уақытты бақылауға сүйенеді және әдетте ананың қолында болады. Әкенің дәрменсіздендіруші билігі анағұрлым жасырын түрде көрініс табады және оған отбасы басшысы статусынан ресми түрде бас тартпастан, күтім жасауға қатысты өзіне ұнамайтын міндеттерді орындаудан жалтаруға мүмкіндік береді. К. Сувада Польша мысалында биліктің осы екі түрінің де гендерлік бейтарап заңнама аясында «өмір сүре алатынын» және тиімді қызмет ететінін көрсетеді. Ата-ана демалысына құқық ресми түрде ата-аналар арасында тең бөлінген, алайда оны нақты пайдаланатындар арасында әкелердің үлесі жылдар бойы бір пайыздан аспайды, себебі демалыс қоғамда әкенің дербес құқығы емес, ананың демалысының жалғасы ретінде қабылданады (Suwada, 2022). Бұл модельдің тек гендерлік нормалардың ықпалымен ғана емес, экономикалық ынталандырулардың әсерімен де қалыптасатынын ескеру қажет. Еңбекақыдағы тұрақты гендерлік алшақтық жағдайында бала күтіміне байланысты демалысқа ананың шығуы көбінесе отбасы үшін қаржылық тұрғыдан ең ұтымды шешім, себебі оның табысының уақытша болмауы отбасының жиынтық кірісіне азырақ әсер етеді. Мәселен, Халықаралық еңбек ұйымының соңғы бағалауларына сәйкес, жалдамалы жұмыспен қамтылған әйелдердің орташа табысы ерлерге қарағанда шамамен 20%-ға төмен. Халықаралық еңбек ұйымы бұл алшақтықтың тек еңбекақы деңгейіндегі айырмашылықтармен ғана емес, сонымен қатар ақы төленбейтін күтім еңбегінің әйелдерге пропорционалды емес жүктелуімен, мансаптағы үзілістердің жиірек болуымен, толық емес жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейімен және әйелдердің еңбекақысы төмен экономикалық салаларда шоғырлануымен түсіндірілетінін атап көрсетеді (International labour Organization, 2026). Қазақстан да бұл үрдістен тыс емес. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2024 жылы әйелдердің орташа айлық номиналды жалақысы 344,5 мың теңгені, ал ерлердікі 468,9 мың теңгені құрады, бұл еңбекақыдағы гендерлік алшақтықтың 26,5%-ға жеткенін көрсетеді (Ұлттық статистика бюросы, 2025).

Сәйкесінше, осы экономикалық логиканың өзі – қалыптасқан гендерлік еңбек бөлінісінің құрылымдық салдары. Әйелдердің ақы төленбейтін үй шаруасы мен күтім еңбегіне пропорционалды емес деңгейде тартылуы олардың кәсіби мобильділігіне, мансаптық ілгерілеуіне және адами капиталды жинақтауына

ұзақ мерзімді институционалдық шектеулер қалыптастырып, нәтижесінде еңбек нарығындағы гендерлік стартификацияның және еңбекақыдағы гендерлік алшақтықтың ұдайы өндірілуіне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ата-ана демалысының гендерлік тең бөлінбеуі бір мезгілде еңбек нарығында қалыптасқан құрылымдық теңсіздіктің салдары әрі оларды отбасы институты арқылы қайта өндіретін әлеуметтік механизм ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл тұжырымдар төменде қарастырылатын қазақстандық отбасындағы шешім қабылдау үлгілерін интерпретациялаудың аналитикалық негізін қалыптастырады. Отбасылық мәселелерді бірлесіп талқылауға декларативті дайындық тұрмыстық еңбекті ұйымдастыру мен күнделікті күтім практикасына қатысты нақты басқару функциялары мен жауапкершіліктің әйелдердің мойнында сақталуын жоққа шығармайды. Өз кезегінде, ер адамның шешімді талқылаусыз жеке қабылдауы әкенің күнделікті күтім тәжірибесінен институционалдық тұрғыдан алшақтауына мүмкіндік бере отырып, оның отбасы басшысы ретіндегі символдық мәртебесін сақтап қалатын дәрменсіздендіруші биліктің (disempowering power) көрінісі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Бұл жағдайда билік ресурсы міндеттерді өз мойнына алу арқылы емес, керісінше, күнделікті күтім еңбегінен шеттетілу мүмкіндігі арқылы жүзеге асады.

Үй еңбегінің нақты бөлінуін талдау үшін А. Хокшильд ұсынған «екінші ауысым» (second shift) тұжырымдамасы қолданылады. Батыс қоғамдарында әйелдердің еңбек нарығына жаппай шығуы ерлі-зайыптылар арасында үй еңбегінің соған сәйкес қайта бөлінуімен қатар жүрмеді, себебі ақылы жұмыспен қамту әйелдің бұрынғы тұрмыстық міндеттер көлемін алмастырмай, оған үстеме болып қосылады (Hochschild & Machung, 1989). Егер doing gender тұжырымдамасы ұстанымдардағы айырмашылықтардың неге жынысқа қарай топтасатынын түсіндірсе, ал билік түрлерін ажырату отбасындағы шешім қабылдау тетігін ашып көрсетсе, онда «екінші ауысым» тұжырымдамасы төменде талданатын өзге сипаттағы алшақтықты, атап айтқанда міндеттердің нақты бөліну тәжірибесі мен нормативтік ұстанымдар арасындағы сәйкессіздікті сипаттайды. Бұл жағдайда жария түрде қолдау табатын эгалитарлық идеал тұрмыстық еңбектің нақты қайта бөлінуімен расталмайды.

Отбасындағы билік мәселесін түсіндірудің неғұрлым жалпы тарихи-институционалдық негізін М. Вебердің дәстүрлі үстемдіктің бір түрі ретінде қарастырылатын патриархалдық билік ұғымы құрайды. Оның легитимділігі құзіреттілікке немесе тараптардың өзара келісіміне емес, ежелден қалыптасқан тәртіптердің сакралдылығына сенімге негізделеді (Weber, 1978). Бұл категория зерттеуде дербес түсіндіру тетігі ретінде емес, «отбасы басшысы» ұғымының неге бүгінгі күнге дейін мәдени маңызын сақтап, сауалнамадағы мәнді көрсеткіштердің бірі болып қала беретінін түсіндіретін теориялық негіз ретінде қолданылады.

Гендерлік ұстанымдарды әртүрлі уақыт кезеңдерінде және әртүрлі зерттеу құралдары арқылы алынған деректер негізінде салыстырудың өзіндік әдіснамалық мәселелері бар. В. Ломацци мен Д. Зеддиг гендерлік рөлдерге қатысты сұрақтардың тұжырымдалуы бір елдің өзінде зерттеу толқындары арасында да мазмұндық эквиваленттіліктің толық сақталуына кепілдік бермейтінін көрсетеді. Сондықтан шағын айырмашылықтарды түсіндіруде сақтық таныту қажет, ал керісінше, жүйелі түрде қайталанып отыратын ірі алшақтықтар анағұрлым нәтижелер ретінде қарастырылуы тиіс (Lomazzi & Sedding, 2020).

Эмпириялық контекст. Постсоциалистік Орталық Азия және Қазақстан

Орталық Азия аймағында норма мен практика арасындағы алшақтық социалистік кезеңнен мұраға қалған формалды гендерлік теңдік қағидаттарының отбасылық қатынастарды реттеудің дәстүрлі, оның ішінде исламдық тәжірибелерімен қабаттасуы нәтижесінде одан әрі күрделене түседі. Д. Кейн мен К. Горбенко Өзбекстан мысалында кеңестік эмансипасия саясаты патриархалдық отбасылық құрылымдарды жоймағанын, керісінше оларды белгілі бір дәрежеде сақтап қалғанын, ал постсоциалистік кезеңде бұл құрылымдардың ықпалы қайтадан күшейгенін көрсетеді (Kane & Gorbenko, 2016). Дж. Урбаева Орталық Азияның төрт елінде (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан; N=3405) жүргізілген репрезентативті сауалнама деректері негізінде әйелдердің гендерлік рөлдер туралы түсініктерінің үш латентті профилін – дәстүрлі, эгалитарлық және аралас үлгілерін анықтайды. Автор діни бірегейлік, білім деңгейі және әлеуметтік мобильділік аталған ұстанымдармен бір мезгілде өзара байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері өңірде гендерлік көзқарастардың бірыңғай бір сызықтағы модернизациясы орын алмайтынын дәлелдейді (Urbaeva, 2019).

Қазақстанға қатысты М. Кан 2020 жылы жүргізілген Kazakhstan Generations and Gender Survey

ұлттық зерттеуінің деректеріне сүйене отырып, репродуктивтік ниеттің гендерлік ұстанымдардың өзімен немесе үй шаруасы мен бала күтіміне қатысты міндеттердің бөліну тәжірибесімен жеке-жеке емес, ең алдымен олардың арасындағы сәйкессіздікпен байланысты екенін көрсетеді (Kan, 2023). Л. Тоқтарбекова Қазақстанның 18-35 жас аралығындағы жастары арасында жүргізілген зерттеу негізінде гендерлік ұстанымдардың айқын поляризациясы жас буын арасында да тұрақты сақталатынын анықтады. Әйелдер ерлерге қарағанда отбасылық міндеттер мен бала тәрбиесіне қатысуды тең бөлуді едәуір жиі қолдайды, ал ерлер әкенің отбасы басшысы ретіндегі рөлін көздейтін дәстүрлі отбасылық модельді жиірек қолдайды. Сонымен қатар, «асыраушы ер адам» моделін қолдау деңгейінің жылдар бойынша динамикасы монотонды емес, құбылмалы сипатқа ие, 2016 жылы бұл көрсеткіш жастар арасында 30-32% болса, 2020 жылы 68,1%-ға дейін өсіп, 2024 жылы 55,5%-ға дейін төмендеген (Toktarbekova, 2026). Аталған деректер осы мақалада пайдаланылған зерттеулерден тәуелсіз алынған әрі 2026 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Сондықтан олар мақаланың негізгі зерттеу сұрағын қарастыру үшін маңызды эмпириялық негіз қалыптастырады. 2024, 2025 және 2026 жылдары жүргізілген үш зерттеудің материалдары негізінде гендерлік ұстанымдардағы осындай алшақтық құрылымы сақталды ма және оған үшінші өлшем – отбасылық жағдай – қандай деңгейде ықпал етеді.

Отбасылық рөлдердің асинхронды модернизациясы тек Орталық Азияға ғана тән құбылыс емес. Неке институтының жедел институционалдық жаңғыруы тұрмыстық еңбектің баяу трансформациясымен қатар жүретін басқа қоғамдарда да осыған ұқсас үрдістер эмпириялық дәлелденген. Х. Танигути мен Г. Кауфман 2006 жылғы жалпыұлттық жапондық әлеуметтік зерттеу (Japanese General Social Survey) деректеріне сүйене отырып, соңғы онжылдықтарда Жапонияда құда түсу арқылы жасалатын некелердің және ерлі-зайыптылардың ата-аналарымен бірге тұруының үлесі айтарлықтай қысқарғанын көрсетеді. Соған қарамастан, 33 елдегі ерлермен салыстырғанда, жапондық күйеулер үй шаруасына ең аз үлес қосатын топтардың бірі болып қала береді. Сонымен қатар, ұстанымдар мен нақты тәжірибенің сәйкес келмеуі ерлі-зайыптылардың әл-ауқатына да елеулі әсер етеді. Эгалитарлық ұстанымдар ерлердің некеге қанағаттану деңгейімен оң байланысса, әйелдерде бұл байланыс теріс сипатта көрінеді, себебі эгалитарлық көзқарастардағы әйелдер күйеулерінен үй шаруасына іс жүзінде көрсетіп жүргенінен анағұрлым көбірек қатысуды күтеді (Taniguchi & Kaufman, 2014). Оңтүстік Корея деректері де басқа тәуелді айнымалылар бойынша осыған ұқсас гендерлік ассиметрияның сақталатынын көрсетеді. С. Юн мен Х. Пак ешқашан некеде болмаған корей азаматтары арасында жүргізілген сауалнама материалдары негізінде гендерлік ұстанымдардың әйелдердің некеге тұру ниетімен статистикалық тұрғыдан мәнді байланыста екенін, ал ерлер арасында мұндай байланыстың анықталмағанын көрсетеді. Бұл Кореяда неке әлі де әйелдердің еңбек нарығына бағыттылығының күшеюімен қайшылыққа түсетін міндеттемелер кешені ретінде қабылдануымен түсіндіріледі (Yoon, Park, 2025). Дж. Ю екі серіктесі де жұмыспен қамтылған корейлік ерлі-зайыптылардың деректері негізінде гендерлік идеологияның отбасылық және еңбек міндеттері арасындағы рөлдік қақтығыс арқылы некеге қанағаттану деңгейімен байланысты екенін көрсетеді. Алайда бұл жанама байланыс күйеулер үшін статистикалық тұрғыдан мәнді болғанымен, әйелдер үшін статистикалық мәнге ие емес (Yoo, 2022). Мақалада қарастырылатын ұстанымдардағы асимметрияға тағы бір маңызды өлшем қосылады. Ол – тұрмыстық еңбекті бөлудегі нормативтік күтулер мен нақты тәжірибе арасындағы алшақтық. Мұндай алшақтық тек әділдікті қабылдауға ғана емес, сонымен қатар некедегі субъективті әл-ауқатқа да ықпал етуі мүмкін. Бұл аспект қазақстандық сауалнамаларда тікелей өлшенбегенімен, отбасылық-гендерлік қатынастарды зерттеудің келесі кезеңдерінде оны арнайы индикатор ретінде енгізу орынды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың эмпириялық базасын үш репрезентативті әлеуметтанулық зерттеу деректері құрайды. Олардың екеуі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ (бұдан әрі – ҚҚДИ) орындалып, осы зерттеуде сыртқы салыстырмалы эмпириялық материал ретінде пайдаланылды. Үшінші зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы: жаңғырту жағдайындағы институтаралық өзара іс-қимылдың әлеуеті мен мәселелері» гранттық жобасының (AP26198919) (бұдан әрі – Жоба) далалық кезеңін құрайды және

қазіргі жағдайды сипаттап қана қоймай, салыстырмалы эмпириялық материалдар негізінде анықталған заңдылықтардың осы зерттеу аясында тікелей жиналған деректерде қаншалықты тұрақты сақталатынын эмпириялық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік береді.

Бірінші эмпириялық дереккөз – 2024 жылы ҚҚДИ жүргізген «Қазақстан отбасылары» жалпыұлттық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері. Зерттеу Қазақстанның 18 жастан асқан ересек тұрғындарының репрезентативті іріктемесі негізінде жүргізілді (N=3 000). Зерттеу құралнамасы отбасы ұғымының мазмұндық түсінігіне, отбасылық құндылықтарға, неке туралы көзқарастарға, сондай-ақ отбасындағы басшылық рөлі мен отбасылық рөлдерді бөлуге қатысты әлеуметтік ұстанымдарды бағалауға арналған сұрақтар блогын қамтыды1. Аталған деректер жиынтығы қазақстандық қоғамдағы отбасы институтына қатысты құндылықтық бағдарлар мен гендерлік рөлдер туралы әлеуметтік ұстанымдарды талдау үшін пайдаланылды.

Екінші эмпириялық дереккөзі ретінде 2025 жылы ҚҚДИ жүзеге асырған «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» тақырыбындағы жалпыұлттық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері пайдаланылды. Зерттеу Қазақстанның 18 жастан асқан ересек тұрғындарының репрезентативті іріктемесі негізінде жүргізілді (N=2 400). Сауалнама бағдарламасы гендерлік теңсіздікті қабылдау, үй шаруасы мен отбасылық міндеттерді бөлуге қатысты ұстанымдар, отбасындағы көшбасшылық пен шешім қабылдау туралы түсініктер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік рөлдердің қайта өндірілуіне берілетін бағаларға арналған тақырыптық блоктарды қамтыды2. Аталған деректер жиынтығы гендерлік стереотиптердің отбасылық рөлдер мен міндеттерді бөлудің әртүрлі үлгілерімен өзара байланысын талдау үшін пайдаланылды.

Үшінші эмпириялық дерекөз – 2026 жылы жүргізілген Жобаның далалық кезеңі барысында жиналған деректер (N=802), оған 383 ер адам мен 419 әйел қатысты. Зерттеу құралнамасы отбасындағы биліктің нақты бөлінуіне және шешім қабылдау үдерісіне, отбасылық бюджетті қалыптастыру мен бөлудің ерекшеліктеріне, үй шаруасы міндеттерін орындауға қатысты нормативтік күтулерге, сондай-ақ көшбасшылық пен отбасы ішіндегі рөлдерге байланысты гендерлік стереотиптерге арналған сұрақтар блогын қамтыды. Деректер жиынтығы ерекше аналитикалық құндылыққа ие, себебі ол осы ғылыми жоба аясында тікелей қалыптастырылған. Бұл, бір жағынан, бұрынғы жалпыұлттық зерттеулер нәтижесінде анықталған эмпириялық заңдылықтардың тәуелсіз іріктемеде қаншалықты тұрақты сақталатынын тексеруге, екінші жағынан, әртүрлі уақыт кезеңдерінде жиналған деректерді салыстыру арқылы қазақстандық қоғамдағы гендерлік ұстанымдар мен отбасы ішіндегі рөлдердің өзгеру динамикасын неғұрлым сенімді бағалауға мүмкіндік береді.

Үш зерттеудің деректерін талдау кросс-кестелеу (cross-tabulation) әдісі негізінде жүзеге асырылды. Тәуелсіз айнымалылар ретінде респонденттердің жынысы, жасы және отбасылық жағдайы қарастырылды. Талдау нәтижелері тиісті әлеуметтік-демографиялық топтар ішіндегі пайыздық үлестер түрінде ұсынылды. Бұл тәсіл бөлініп алынған респонденттер санаттары арасындағы жауаптар құрылымының айырмашылықтарын салыстырмалы түрде бағалауға және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың зерттелетін құбылыстармен байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Үш зерттеудің деректерін бірыңғай аналитикалық матрицаға тікелей біріктіру мүмкін емес, себебі олар әртүрлі іріктемелер негізінде және әртүрлі уақыт кезеңдерінде жиналған. Осыған байланысты зерттеуде панельдік талдау емес, салыстырмалы талдау тәсілі қолданылды. Бұл тәсілде бір зерттеудің нәтижелері мазмұндық тұрғыда өзара сәйкес келетін көрсеткіштер бойынша (отбасындағы билік пен шешім қабылдау, гендерлік теңсіздікті қабылдау, үй шаруасын бөлудің нормативтік ұстанымдары мен нақты тәжірибесі) басқа зерттеудің нәтижелерін түсіндіруге арналған эмпириялық контекст ретінде қарастырылады. Әртүрлі уақыт кезеңдерінде жүргізілген өлшемдердегі сұрақ тұжырымдарының мазмұндық эквиваленттілігінің шектеулілігі нәтижелерді интерпретациялау барысында ескерілді (Lomazzi & Sedding, 2020).

Нәтижелер және оларды талқылау

1 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстан отбсылары» әлеметтанулық зерттеуі, 2024 ж. Іріктеме – 3 000 респондент

2 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» әлеметтанулық зерттеуі, 2025 ж. Іріктеме – 2 400 респондент

Гендерлік теңсіздікті қабылдау: Жас ерекшелігі бойынша тұрақтылық және жыныс бойынша айырмашылық

2025 жылғы сауалнамада қойылған Қазақстандағы гендерлік теңсіздіктің бар-жоғына қатысты сұраққа берілген жауаптардың құрылымы респонденттердің жасына қарай айтарлықтай өзгермейді. Ерлердің мүмкіндіктері көбірек деп есептейтіндердің үлесі барлық төрт жас тобында 47-48% аралығында сақталса, әйелдер мен ерлердің құқықтары тең деп санайтындардың үлесі 44-45% шегінде қалыптасқан (1-кесте). Бұл нәтижелер гендерлік теңсіздікті қабылдау деңгейінің жас ерекшеліктеріне тәуелді емес екенін және оның қалыптасуына өзге әлеуметтік факторлардың ықпал ететінін көрсетеді.

1-кесте. Респонденттердің жас топтары бойынша гендерлік теңсіздікті қабылдауы, баған бойынша % үлесі

Жауап нұсқасы	18-28 жас	29-45 жас	46-60 жас	61 жас және одан жоғары
Ер адамдардың мүмкіндіктері көбірек	48,0	47,0	47,2	48,1
Әйелдердің мүмкіндіктері көбірек	5,5	6,6	7,3	6,0
Құқықтар мен мүмкіндіктері тең	45,3	45,5	44,3	44,3
Жауап беруге қиналамын	1,1	0,9	1,2	1,7

Ескерту: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған3.

Сұралғандардың жынысы бойынша айырмашылықтар анағұрлым айқын байқалады. Ерлердің мүмкіндіктері көбірек деп есептейтін әйелдердің үлесі осы пікірді қолдайтын ерлердің үлесінен жоғары (тиісінше 49,9% және 44,7%). Керісінше, ерлер әйелдерге қарағанда құқықтар тең деп жиірек санайды (47,0% және 43,2%). Бұл әйелдердің әлеуметтік топ ретінде гендерлік теңсіздікті ерлерге қарағанда жиірек қабылдайтынын көрсетеді. Бұл айырмашылық гендерлік ұстанымдарды түсіндіруде кеңінен таралған заңдылықтардың бірі және әйелдер мен ерлердің гендерлік теңсіздікті бастан өткізу тәжірибесінің әртүрлі екенін көрсетеді.

Гендерлік поляризация 2026 жылғы сауалнамада көшбасшылық қасиеттерді бағалау мәселесінде одан да айқынырақ көрінеді. «Ер адамдар әйелдерге қарағанда басшы рөлін жақсы атқарады» деген тұжырыммен толық немесе ішінара келіскендердің үлесі ерлер арасында 72,6%-ды, ал әйелдер арасында 42,5%-ды құрады (2-кесте). Осылайша, бұл мәселе бойынша анықталған гендерлік айырмашылық гендерлік теңсіздіктің бар-жоғын бағалауға қатысты тіркелген айырмашылықтан шамамен үш есе жоғары, бұл көшбасшылыққа қатысты дәстүрлі гендерлік стереотиптердің қазақстандық қоғамда әлі де айқын сақталып отырғанын көрсетеді.

2-кесте. «Ер адамдар әйелдерге қарағанда басшы рөлін жақсы атқарады» сұрағына жауаптарды бөлу, баған бойынша % үлесі

Жауап нұсқасы	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Келісемін	25,3	31,3	19,8
Келісемін деуге болады	31,5	41,3	22,7
Келіспеймін деуге болады	26,4	17,2	34,8
Келіспеймін	16,7	10,2	22,7

Ескерту: Жоба аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған4.

Отбасындағы билік және шешім қабылдау: үш зерттеудегі норма мен тәжірибе

4 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» әлеметтанулық зерттеуі, 2025 ж. Іріктеме – 2 400 респондент

4 «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы» әлеумттанулық зерттеуі, 2026 ж. Іріктеме – 802 респондент

Негізгі айырмашылықтардың бірі отбасындағы билік туралы ұстанымдарға қатысты анықталды. 2025 жылғы сауалнама нәтижелері респонденттердің жас топтарына қарай бұл мәселе жөніндегі көзқарастардың айтарлықтай тұрақты екенін көрсетеді. Барлық жас санаттарында респонденттердің шамамен 55%-ы отбасының басшысы күйеуі болуы тиіс деп есептейді, ал 25-27%-ы ерлі-зайыптылардың тең құқықты серіктестер болуы қажет деген пікірді ұстанады (3-кесте). Сәйкесінше, жас ерекшелігі бұл жағдайда да отбасындағы билікке қатысты нормативтік ұстанымдарды саралайтын мәнді фактор емес.


3-кесте. «Отбасының басшысы кім болу керек?» сұрағына жауаптарды бөлу, бағаң бойынша % үлесі

Жауап нұсқасы	18-28 жас	29-45 жас	46-60 жас	61 жас және одан жоғары
Күйеуі	55,0	55,7	54,8	49,5
Әйелі	1,5	1,7	2,7	3,1
Отбасын асырайтын адам	7,2	6,8	8,4	8,8
Теңқұқықты серіктестік	26,3	26,7	24,7	25,5
Маңызды емес	9,3	8,5	8,9	12,6

Ескерту: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған5.

Жыныс бойынша айырмашылық зерттелген барлық айнымалылардың ішінде ең айқын көрінеді. Ерлердің 66,7%-ы отбасының басшысы күйеуі болуы тиіс деп есептесе, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 43,4%-ды құрайды. Керісінше, «ерлі-зайыптылар тең құқықты серіктестер болуы тиіс» деген жауап нұсқасын әйелдердің 33,2%-ы, ал ерлердің 17,6%-ы таңдаған (1-сурет).

Отбасындағы билікке қатысты негізгі сұрақ бойынша тіркелген 23% тармақтық гендерлік айырмашылық, жас ерекшелігі бойынша елеулі айырмашылықтардың болуымен қатар, бұл нормативтік ұстанымның ең алдымен респонденттің гендерлік бірегейлігінің құрамдас элементі ретінде ұдайы өндірілетінін көрсетеді. Бұл тұжырым гендерді күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында үздіксіз қалыптасып, қайта өндірілетін әлеуметтік практика ретінде түсіндіретін doing gender тұжырымдамасының интеракционистік түсіндірмесімен (West & Zimmerman, 1987) үйлеседі. Сонымен қатар, бұл үрдіс Орталық Азия елдері бойынша жүргізілген салыстырмалы зерттеулердің нәтижелерімен де сәйкес келеді, онда гендерлік ұстанымдардың ұқсас құрылымы нақты елдің ерекшеліктеріне қарамастан тұрақты түрде байқалған (Urbaeva, 2019).



1-сурет. «Отбасының басшысы кім болу керек?» сұрағына жауаптарды бөлу, респонденттің жынысы бойынша % үлесі

Ескерту: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған6.


2026 жылғы сауалнама анықталған гендерлік ассиметрияның тек декларативті нормативтік

5 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» әлеметтанулық зерттеуі, 2025 ж. Іріктеме – 2 400 респондент

6 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» әлеметтанулық зерттеуі, 2025 ж. Іріктеме – 2 400 респондент

ұстанымдарда ғана емес, сонымен қатар отбасындағы шешім қабылдаудың нақты тәжірибесінде де сақталатынын тексеруге мүмкіндік береді. Отбасында маңызды шешімдердің қалай қабылданатыны туралы тікелей сұраққа респонденттердің басым көпшілігі (88,2%) шешімдердің бірлескен талқылау арқылы қабылданатынын көрсеткен. Алайда «Шешімді отбасы басшысы ешкіммен ақылдаспай қабылдайды және ол барлық отбасы мүшелері үшін міндетті» деген жауап нұсқасын ерлердің 15,8%-ы және әйелдердің 8,2%-ы таңдаған (2-сурет). Ерлер әйелдерге қарағанда өз отбасындағы шешім қабылдау жүйесін біржақты, авторитарлық басқару үлгісі ретінде шамамен екі есе жиі сипаттайды.

Отбасылық жағдай бойынша талдау бұл көрсеткіштің ресми тіркелген некеде тұрғандар (13,1%) мен ешқашан некеде болмағандар (13,7%) арасында ең жоғары деңгейде екенін, ал тіркелмеген бірге тұру қатынасындағы респонденттер (6,2%) мен жесір қалғандар (6,6%) арасында ең төмен деңгейде екенін көрсетті. Бұл нәтижелер 2024 жылғы зерттеу деректерімен де үйлеседі. Атап айтқанда, ресми тіркелген неке отбасын басқарудың неғұрлым айқын патриархалдық үлгісімен байланысты болса, ал тіркелген некеден тыс бірге өмір сүру формалары серіктестікке негізделген отбасылық өзара қатынастар моделінің басымдығымен сипатталады.



2-сурет. «Сіздің отбасыңызда маңызды шешімдерді қабылдау процесін төмендегі нұсқалардың қайсысы дұрыс сипаттайды?» сұрағына жауаптарды бөлу, респонденттің жынысы бойынша % үлесі

Ескерту: Жоба аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған7.

Осы тұста ситуативті билік пен дәрменсіздендіруші билік (disempowering power) арасындағы айырмашылыққа қайта оралған жөн (Suwada, 2022). Респонденттердің басым көпшілігі таңдаған «Шешім барлық отбасы мүшелерімен бірлесіп, талқылаудан кейін қабылданады» деген жауап нұсқасы шешім қабылдау рәсімін сипаттайды, алайда шешімнің түпкілікті мазмұнын кім айқындайтынын, отбасының күнделікті қажеттіліктеріне қатысты уақытты, ақпаратты және ресурстарды нақты кім басқаратынын көрсетпейді. Өз кезегінде, ер адамның шешімді ешқандай талқылаусыз жеке қабылдауын білдіретін жауап нұсқасы (2-сурет) екі аспектіде түсіндірілуі мүмкін. Бір жағынан, бұл М. Вебер сипаттаған патриархалдық биліктің тікелей көрінісі (Weber, 1978). Екінші жағынан, ол әкеге отбасы басшысы ретіндегі формалды мәртебесін сақтай отырып, күнделікті тұрмысты ұйымдастыру мен күтім еңбегінен шеттеуге мүмкіндік беретін дәрменсіздендіруші биліктің көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда тұрмысты күнделікті ұйымдастыруға қатысты нақты басқару функциялары мен жауапкершілік әйелдің мойнына жүктеліп, оның ситуативті билігінің негізіне айналады.

2024-2025 жылдары жүргізілген үш тәуелсіз зерттеу нәтижелері осы алшақтық құрылымының тұрақты түрде өндірілетінін көрсетеді. Ер адамның отбасындағы дара көшбасшылығының нақты әлеуметтік мазмұны ресми неке бұзылған жағдайда айтарлықтай әлсірейді және оған берілетін баға респонденттің жынысына қарай елеулі түрде ерекшеленеді. Ерлер бұл билік үлгісін әйелдерге қарағанда әлдеқайда жиі қолдап қана қоймай, оны өз отбасылық тәжірибесінде жүзеге асыратынын да жиірек мәлімдейді, ал әйелдер бұл тәжірибенің бар екенін сирек мойындайды.

Үй шаруасындағы еңбек: 2026 жылғы нормативтік ұстанымдар және 2025 жылғы нақты тәжірибе

7 «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы» әлеумттанулық зерттеуі, 2026 ж. Іріктеме – 802 респондент

2025 жылғы сауалнаманың отбасындағы міндеттердің нақты бөлінуіне арналған сұрақтар блогының нәтижелері (респонденттердің жынысы бойынша талдау) отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне қатысты ерлер мен әйелдердің бағалауларында айқын айырмашылық бар екенін көрсетеді. Отбасының негізгі асыраушысы ретінде күйеуін ерлердің 52,7%-ы көрсетсе, әйелдер арасында бұл үлес 40,9%-ды құрайды. Керісінше, отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне әйелдің үлесін әйелдердің 9,8%-ы мойындаса, ерлер арасында бұл көрсеткіш тек 1,4%-ды құрайды (4-кесте).

Ал күнделікті үй шаруасы, соның ішінде ас әзірлеу мен үй жинау сияқты тұрмыстық міндеттерге қатысты ерлер мен әйелдердің бағалаулары бір-біріне барынша жақын. Ерлердің де, әйелдердің де шамамен үштен екісі бұл міндеттердің іс жүзінде әйелдің мойнында екенін көрсеткен. Ал бұл жұмыстарды негізінен ер адам атқарады деп есептейтіндердің үлесі екі топта да тек 2-3% шамасында ғана болды. Осы нәтижелер отбасындағы материалдық қамтамасыз ету мәселесінде гендерлік өзіндік бағалау айырмашылықтарының сақталатынын, ал күнделікті тұрмыстық еңбекті бөлудің нақты тәжірибесіне қатысты ерлер мен әйелдердің қабылдауының айтарлықтай сәйкес келетінін көрсетеді.

4-кесте. Респонденттердің жынысы бойынша отбасындағы міндеттердің нақты бөлінуі, баған бойынша % үлесі

Міндет / кім орындайды	Күйеуі (ерлердің жауабы)	Күйеуі (әйелдердің жауабы)	Әйелі (ерлердің жауабы)	Әйелі (әйел-дердің жауабы)	**Бірлесіп (ерлердің жауабы)**	**Бірлесіп (әйелдердің жауабы)**
Отбасын материалдық қамтамасыз ету	52,7	40,9	1,4	9,8	37,2	38,8
Ас әзірлеу	2,9	0,7	65,2	68,7	19,2	18,8
Үй жинау	2,7	0,9	63,9	67,1	20,4	20,6

Ескерту: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған8

2026 жылғы сауалнамада бұл мәселе сипаттамалық емес, нормативтік аспектіде қарастырылып, үй шаруасындағы қандай міндеттерді негізінен әйелдер, ал қайсысын ерлер атқаруы тиіс екендігі бағаланды. Алынған жауаптардың құрылымы жоғарыда сипатталған нақты тәжірибеге қарағанда іс жүзінде кері сипатқа ие болды. Респонденттердің басым көпшілігі үй жинау (64,7%), ас әзірлеу (62,0%) және балаларға, науқас немесе қарт отбасы мүшелеріне күтім жасау (78,7%) сияқты міндеттерді бөлуде жыныс шешуіші фактор болмауы тиіс деп есептейді. Сонымен қатар үй жинауды негізінен ер адамдар атқаруы тиіс деген жауапты бірде-бір респондент таңдамаған, ал ас әзірлеуге қатысты нұсқаны респонденттердің тек 0,5%-ы көрсеткен (5-кесте). Сәйкесінше, 2026 жылғы зерттеуде тіркелген нормативтік үлгі негізінен эгалитарлық сипатқа ие болса, 2025 жылғы сауалнама сипаттаған нақты тәжірибе дәстүрлі гендерлік еңбек бөлінісінің тұрақты сақталуын көрсетеді. Бұл алшақтықты А. Хохшильд пен А. Мачунг ұсынған «екінші ауысым» (The second Shift) тұжырымдамасының эмпириялық дәлелі ретінде қарастыруға болады (Hochschild & Machung, 1989). Осы тұжырымдамаға сәйкес, гендерлік теңдікке қатысты жарияланатын нормативтік ұстанымдар тұрмыстық еңбектің нақты қайта бөліну қарқынынан озық қалыптасады.

9 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстанның әртүрлі саласындағы гендерлік стереотиптер» әлеметтанулық зерттеуі, 2025 ж. Іріктеме – 2 400 респондент

5-кесте. Респонденттердің жынысы бойынша тұрмыстық міндеттерді бөлудің нормативтік ұстанымдары, баған бойынша % үлесі

Міндет / кім орындайды	Әйелдер (барлығы)	Әйелдер (ерлердің жауабы)	Әйелдер (әйелдердің жауабы)	Жынысы маңызды емес (барлығы)	Жынысы маңызды емес (ерлердің жауабы)	Жынысы маңызды емес (әйелдердің жауабы)
Үй жинау	35,3	39,9	31,0	64,7	60,1	69,0
Ас әзірлеу	37,5	42,6	32,9	62,0	56,7	66,8
Балаларға, науқастарға, қарттарға күтім көрсету	20,0	23,8	16,5	78,7	74,4	82,6

Ескерту: Жоба аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған9.


Нормативтік ұстанымдардың өз ішінде де отбасындағы билік мәселесінде байқалған бағыттағы гендерлік ассиметрия сақталады. Ерлер әйелдерге қарағанда үй жинау, ас әзірлеу және жақындарына күтім жасау міндеттерін әйелдердің негізгі жауапкершілігі ретінде тұрақты түрде жиірек бағалайды (мысалы, үйді жинауға қатысты тиісінше 39,9% және 31,0%). Ал әйелдер, керісінше, бұл міндеттерді бөлуде гендерлік бейтарап ұстанымды едәуір жиі қолдайды. 2026 жылы тіркелген нормативтік ұстанымдардың эгалитарлануы гендерлік поляризацияны толық жоймайды, тек оның қарқындылығын әлсіретеді. Бұл үрдіс 2024-2026 жылдары жүргізілген үш тәуелсіз зерттеу нәтижелерінде жүйелі түрде байқалып, гендерлік рөлдерге қатысты дәстүрлі және эгалитарлық ұстанымдардың қатар сақталатынын көрсетеді.

Отбасылық құндылықтар мен неке туралы түсініктердің отбасы өмірлік циклі барысында өзгеруі

2024 жылғы сауалнама нәтижелерін респонденттердің отбасылық жағдайы бойынша топтастыру отбасы өмірлік циклінің әртүрлі кезеңдерінде құндылықтық басымдықтардың қалай өзгеретінін талдауға мүмкіндік береді. «Балалар» құндылығының маңыздылығы отбасы өмірлік циклі ілгерілеген сайын тұрақты түрде артады. Бұл көрсеткіш ешқашан некеге тұрмағандар арасында 24,8%-ды құраса, ресми некеде тұрғандар арасында 44,2%-ға, ал жесірлер арасында 48,2%-ға дейін өседі. Керісінше, «махаббат» құндылығы бойынша қарама-қарсы үрдіс байқалады. Оның ең жоғары үлесі ешқашан некеге тұрмаған респонденттер арасында тіркелген (48,6%), ал ең төмен көрсеткіш ажырасқан респонденттер арасында анықталған (33,9%) (3-сурет).

Бұл үрдісті бірлескен өмір тәжірибесінің жинақталуына және неке қатынастарының ықтимал өзгеруі немесе бұзылуына қарай романтикалық бағдардың салыстырмалы түрде әлсіреуінің табиғи салдары ретінде түсіндіруге болады. Сонымен қатар осы нәтижелер отбасы өмірлік циклінің әртүрлі кезеңдерінде отбасы институтының құндылықтық негіздері өзгеретінін, яғни ерте кезеңдерде балалар мен ата-ана жауапкершілігіне қатысты құндылықтардың алдыңғы қатарға шығатынын көрсетеді.

10 «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы» әлеумттанулық зерттеуі, 2026 ж. Іріктеме – 802 респондент



3-сурет. Отбасылық жағдайы бойынша маңызды отбасы құндылықтары, %, бірнеше жауапты таңдауға мүмкіндік берілген

Ескерту: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу дерегі негізінде құрастырылған10.

Осыған ұқсас заңдылық неке мәніне қатысты жауаптарда да байқалады. Некені отбасы құру мақсатындағы ерлі-зайыптылар одағы ретінде түсіну барлық отбасылық жағдай бойынша топтарда басымдыққа ие болып, оның үлесі 57-65% аралығында қалыптасқан. Дегенмен бұл көрсеткіш тіркелмеген некеде бірге тұратын респонденттер арасында айтарлықтай төмен (49,3%). Керісінше, осы топ өкілдері «екі адамның ортақ тұрмысы мен ортақ бюджеті» сияқты неғұрлым прагматикалық анықтамаларды жиірек таңдайды (17,4%, ал қалған топтарда бұл көрсеткіш 8,6-11,6% аралығында). Бұл тіркелмеген некеде бірге тұру жағдайында неке мен серіктестік қатынастарының институционалдану деңгейі салыстырмалы түрде төмен екенін және олардың көбінесе функционалдық-прагматикалық мазмұнда қабылданатынын көрсетеді.

Нәтижелерді жинақтау. Отбасылық рөлдердің асинхронды жаңғыруы

Зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстандағы отбасылық-гендерлік қатынастардың жаңғыруын асинхронды үдеріс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл үдерісте отбасы жүйесінің әртүрлі өлшемдері бойынша өзгеріске ұшырайды. Отбасындағы билік, гендерлік теңсіздіктің болуы немесе көшбасшылық қасиеттер туралы нормативтік ұстанымдарға қатысты көзқарастар ең алдымен респонденттердің жасына емес, жынысына қарай дифференцияланады. Осы мәселелер бойынша ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылық 5-тен 30 пайыздық тармаққа дейін ауытқиды және жас топтары бойынша арасындағы айырмашылықтардан (5-6 пайыздық тармақ) бірнеше есе жоғары. Бұл нәтижелер гендерлік әлеуметтану теориясының тұжырымдамаларымен сәйкес келеді – ерлер мен әйелдер ұрпақтық ерекшеліктеріне қарамастан, бір әлеуметтік норманың мазмұны жағынан өзара толықтыратын, бірақ гендерлік тұрғыдан ерекшеленетін нұсқаларын ұдайы өндіреді.

Үш зерттеу нәтижелері норма мен практиканың қарама-қарсы бағытта өзгеретінін де көрсетеді. Күнделікті тұрмыстық еңбекті нақты бөлу практикасына қатысты ерлер мен әйелдердің бағалаулары өзара сәйкес келеді және бұл практика тұрақты түрде дәстүрлі сипатта қалып отыр. Респонденттің жынысына қарамастан, отбасылардың шамамен үштен екісінде аталған міндеттерді әйел атқарады. Ал 2026 жылғы сауалнамада тіркелген нормативтік күтулер, керісінше, негізінен эгалитарлық сипатқа ие. Тұрмыстық еңбек саласындағы эгалитарлық норма мен дәстүрлі практика арасындағы мұндай алшақтық отбасындағы билік мәселесінде байқалған арақатынасқа тікелей қарама-қарсы. Бұл жағдайда нормативтік ұстанымның өзі патриархалдық сипатта – 2025 жылы респонденттердің шамамен 55%-ы ер адамның отбасының жекедара басшысы болуын қолдаған. Ал 2026 жылы сипатталған нақты практика біршама серіктестік сипатқа ие, себебі респонденттердің 88,2%-ы маңызды шешімдердің бірлесіп талқылау формуласының астарында ситуативтік және дәрменсіздендіруші биліктің тұрақты теңсіз бөлінуі сақталуы мүмкін. Екі жағдайда да гендерлік алшақтықтың бағыты өзгеріссіз қалады. Үш зерттеудің барлығында ерлер әйелдерге қарағанда

10 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Қазақстан отбсылары» әлеметтанулық зерттеуі, 2024 ж. Іріктеме – 3 000 респондент

отбасылық қатынастардың неғұрлым дәстүрлі моделін жүйелі түрде жиірек қолдап, оны өз тәжірибесінде де жиірек іске асыратынын көрсетеді.

Жыныс пен жас ұстанымдарды айқын саралайтын жағдайларда отбасылық жағдай маңызды дифференциялаушы айнымалы ретінде көрінеді. Бұл, әсіресе, отбасының өмірлік циклі барысында құндылықтар туралы түсініктердің өзгеруінен байқалады. 2024 жылғы зерттеуде тіркелмеген бірге тұру қатынасындағы респонденттер арасында авторитарлық шешім қабылдау үлесінің ең төмен болуы ер адамның жеке-дара көшбасшылығының тұрақты отбасылық құндылықтан гөрі, негізінен ресми неке шеңберінде өзекті бола түсетін мәртебелік рөл екенін көрсетеді. Бұл отбасыға қолдау көрсетудің серіктестікке негізделген үлгілерін ілгерілетуге қолайлы институционалдық және әлеуметтік алғышарттар қалыптастыруда ескеретін аспект.

Мақала әзірленген кезеңдегі қазақстандық жастарға арналған ең соңғы зерттеумен салыстыру (Toktarbekova, 2026) осы мақалада анықталған айырмашылықтар құрылымының жас кагортада да қайта өндірілетінін, ал дәстүрлі үлгіні қолдау динамикасының бірбағытты емес, құбылмалы сипатта екенін көрсетеді. 2016-2020 жылдар аралығында «күйеу – отбасының негізгі асыраушысы» моделін қолдау деңгейінің өсуі 2024 жылға қарай оның ішінара төмендеуімен алмасқан. Сәйкесінше, Қазақстандағы гендерлік ұстанымдардың динамикасы эгалитарлық нормаға қарай біржақты әрі сызықтық қозғалыс ретінде сипатталмайды. Керісінше, ол әлеуметтік-экономикалық контекстің ықпалымен қалыптасатын құбылмалы сипатқа ие. Бұл ретте респонденттің жынысы өлшеу жүргізілген уақытқа немесе оның неғұрлым жас ұрпаққа тиесілігіне қарағанда гендерлік ұстанымдарды айқындайтын анағұрлым күшті предикторы болып қала береді.

Польша (Suwada, 2022), Жапония (Taniguchi & Kaufman, 2014) және Оңтүстік Корея (Baek, Yoon, Won, 2022) мысалдары норма мен практика арасындағы бұл алшақтықтың отбасының әл-ауқаты үшін бейтарап емес екенін көрсетеді. Танигути мен Кауфманның зерттеуінде осы алшақтық неғұрлым эгалитарлық ұстанымдарды қолдайтын тараптың некеге қанағаттану деңгейін төмендетеді. Сувада формалды түрде гендерлік бейтарап құқықтық құралдың, ата-ана демалысының, іс жүзінде тек аналар пайдаланатынын көрсетеді. Ал Бэк және оның авторластары 2014-2020 жылдар аралығында бақыланған жеті мыңнан астам некедегі оңтүстіккореялық әйелдердің іріктемесі негізінде күйеудің әйелінің жұмыспен қамтылуына қатысты дәстүрлі ұстанымдары әйелдің өзінде депрессиялық симптомдардың пайда болу қаупін арттыратынын анықтайды. Бұл әсер мұндай ұстанымдардың сақталу ұзақтығына қарай күшейе түседі. Қазақстандық деректерге қатысты бұл мақалада серіктестікке негізделген көшбасшылық моделін қолдайтынын мәлімдеген, алайда үй шаруасындағы дәстүрлі жүктемені атқаруды жалғастырып отырған әйелдердің шамамен үштен бірі (1-сурет пен 4-кесте) отбасылық өмірге қанағаттану деңгейінің төмендеу қаупі жоғары топты ықтимал қалыптастыратынын білдіреді. Дегенмен бұл гипотезаны тікелей тексеру үшін зерттеудің кейінгі толқындарына отбасылық және субъективті әл-ауқатты өлшейтін тиісті көрсеткіштерді енгізу қажет.

Зерттеудің шектеулері үш зерттеу деректерін бірыңғай аналитикалық матрицаға тікелей біріктіру мүмкіндігінің болмауымен байланысты. Зерттеулердің әртүрлі іріктемелерге негізделуі жыныс, жас және отбасылық жағдай айнымалыларының ықпалын бір мезгілде статистикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік бермейді.

Қорытынды

2024, 2025 және 2026 жылдары жүргізілген үш зерттеудің нәтижелерін салыстыру қазақстандық отбасындағы гендерлік ұстанымдар мен практикалардың біркелкі емес қарқынмен жаңғыратынын көрсетеді. Отбасындағы билік, гендерлік теңсіздіктің болуы және ерлер мен әйелдердің көшбасшылық қабілеттері туралы нормативтік түсініктердегі ең айқын поляризация респонденттердің жынысы бойынша байқалады. Ал жас ерекшелігі бұл ұстанымдарды іс жүзінде сараламайды. Бұл жаңғырудың ұрпақтардың бірін-бірі сызықтық түрде алмастыру үдерісі емес, әрбір жас кагортасының ішінде өрбитін гендерлік тұрғыдан полярланған үдеріс екенін көрсетеді. Күнделікті тұрмыстық үй еңбегін бөлу практикасы соңғы сауалнамада тіркелген негізінен эгалитарлық нормативтік күтулерге қарамастан, барлық жастағы ерлер мен әйелдер үшін өзара үйлесімді түрде дәстүрлі сипатта қалып отыр. Отбасылық жағдай отбасының өмірлік циклі

барысында құндылықтар мен отбасындағы билік туралы түсініктердің өзгеруіне ықпал ететін маңызды фактор ретінде көрінеді. Ресми неке неғұрлым патриархалдық нормативтік модельмен байланысты болса, тіркелмеген бірге тұру, ажырасу шешім қабылдаудың неғұрлым серіктестік үлгілерімен сипатталады.

Сонымен қатар статистикалық деректерді талдау дәстүрлі еңбек бөлінісінің тұрақтылығы тек мәдени ұстанымдармен ғана емес, оларды ұдайы өндіретін экономикалық тетіктермен де байланысты екенін көрсетеді. Еңбекақыдағы гендерлік алшақтық және әйелдердің ақы төленбейтін үй шаруасы мен күтім еңбегіне неғұрлым жоғары деңгейде шоғырлануы көптеген отбасылар үшін ананың бала күтіміне байланысты демалысқа шығуын және отбасылық міндеттердің кейіннен қалыптасатын бөлінісін экономикалық тұрғыдан ең ұтымды стратегияға айналдырады. Сонымен бірге бұл стратегия жұмыспен қамту саласындағы және отбасылық рөлдерді бөлудегі қолданыстағы гендерлік теңсіздікті одан әрі орнықтырады. Қазақстан Республикасының отбасылық және гендерлік саясаты тұрғысынан бұл тек ағартушылық сипаттағы, соның ішінде құқықтар мен гендерлік теңдік қағидаттары туралы ақпараттандыруға бағытталған қолдау шараларының негізінен декларативтік ұстанымдар мен нормативтік күтулер деңгейіне ықпал ететінін, алайда үй шаруасы мен күтім еңбегін бөлудің орныққан тетіктерін әлдеқайда аз өзгеретінін білдіреді. Бұл тұрғыда Польша тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. К. Суваданың пайымдауына сәйкес, ата-ана демалысының белгілі бір бөлігін әкеге тиесілі жеке және басқаға берілмейтін құқық ретінде бекіту ерлердің бала күтіміне нақты қатысу деңгейін едәуір арттырады. Ал тек ағартушылық науқандардың өзі осыған ұқсас нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді (Suwada, 2022).

Осыған байланысты, Қазақстанның отбасылық саясаты үшін ақпараттық шараларды ата-аналар арасындағы күтім еңбегін бөлудің экономикалық және институционалдық ынталандыруларын тікелей өзгертетін тетіктермен ұштастыру неғұрлым перспективалы бағыт болып көрінеді. Осы шараларға қолжетімді бала күтімі инфрақұрылымын дамыту, екі ата-ана үшін де икемді жұмыспен қамту нысандарын кеңейту, сондай-ақ әкелердің бала күтіміне қатысуын ынталандыратын жеке және басқаға берілмейтін ата-ана демалыс кезеңдерін енгізу жатады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы: жаңғырту жағдайындағы институтаралық өзара іс-қимылдың әлеуеті мен мәселелері» (AP26198919) гранттық жобасы аясында орындалды.

Алғыс айту

Авторлар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ жүргізген зерттеудің бастапқы деректерін пайдалануға қолжетімділік бергені үшін алғыс білдіреді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Б. Иманқұл – зерттеу тұжырымдамасы, әдебиеттерге шолу, нәтижелерді талдау және интерпретациялау, мәтінді дайындау.

Э.О. Столярова – зерттеу тұжырымдамасы, деректерді жинау, нәтижелерді талдау және интерпретациялау, мақала мәтінін редакциялау.

Ж.С. Аубакирова – әдіснамалық қамтамасыз ету, деректерді талдау, мақала мәтінін редакциялау.

Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасымен танысты және оны жариялауға ұсынды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы (2023) Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясаттың 2030 жылғы дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығы. Астана.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (2025) Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің жалақысын саралау (2025). https://stat.gov.kz/industries/labor--income/stat-wags/publications/ сілтемесі арқылы қолжетімді (қаралған күні: 28.05.2026 ж.).

3. Baek, S.-U., Yoon, J.-H. and Won, J.-U. (2022) "Associations between wives' and husbands' attitudes towards women's economic participation and depressive symptoms, poor subjective health, and unemployment status in married women: A Korean longitudinal study (2014-2020)", SSM – Population Health, 20, article 101275. https://doi.org/10.1016/j.ssmph.2022.101275

4. Hochschild, A. and Machung, A. (1989) The second shift: Working parents and the revolution at home. New York: Viking.

5. International Labour Organization (ILO) (2026) Towards pay equity: A comprehensive response to the gender pay gap. Geneva: International Labour Office. https://www.ilo.org/publications/towards-pay-equity-comprehensive-response-gender-pay-gap сілтемесі арқылы қолжетімді (қаралған күні: 28.05.2026 ж.).

6. Kan, M. (2023) "Are gender attitudes and gender division of housework and childcare related to fertility intensions in Kazakhstan?". Genus, 79, article 21. https://doi.org/10.1186/s41118-023-00200-1

7. Kane, D. and Gorbenko, K. (2016) "Colonial legacy and gender inequality in Uzbekistan", Current Sociology, 64(5). https://doi.org/10.1177/0011392115599583

8. Lomazzi, V. and Sedding, D. (2020) "Gender role attitudes in the International Social Survey Programme: Cross-national comparability and relationships to cultural values", Cross-Cultural Research, 54(4). pp. 398-431. https://doi.org/10.1177/106939712091

9. Suwada, K. (2022) "Care involvement and power relations: Parenting and gender in contemporary Poland", Journal of Family Research, 34(3). pp. 892-911. https://doi.org/10.20377/jfr-722

10. Taniguchi, H. and Kaufman, G. (2014) "Gender role attitudes, troubles talk, and marital satisfaction in Japan", Journal of Social and Personal Relationships, 31(7), pp. 975-994. https://doi.org/10.1177/0265407513516559

11. Toktarbekova, L. (2026) "Youth perceptions of gender equality in Kazakhstan: A sociological analysis", Journal of Feminist Family Therapy. https://doi.org/10.1080/08952833.2026.2639235

12. Urbaeva, J. (2019) "Opportunity, social mobility, and women's views on gender roles in Central Asia", Social Work, 64(3), pp. 207-215. https://doi.org/10.1093/sw/swz011

13. Weber, M. (1978) Economy and society: An outline of interpretive sociology. Edited by G. Roth and C. Wittich. Berkeley: University of California Press.

14. West, C. and Zimmerman, D.H. (1987) "Doing gender", Gender & Society, 1(2), pp. 125-151. https://doi.org/10.1177/0891243287001002002

15. Yoo, J. (2022) "Gender role ideology, work-family conflict, family-work conflict, and marital satisfaction among Korean dual-earner couples", Journal of Family Issues, 43(6), pp. 1520-1535. https://doi.org/10.1177/0192513X211026966

16. Yoon, S.-Y. and Park, H. (2025) "Gender-role attitudes and marriage desires among never-married adults in South Korea", Journal of Marriage and Family, 87(5), pp. 2167-2177. https://doi.org/10.1111/jomf.13114

А.Б. Иманқұл[1], Э.О. Столярова[2], Ж.С. Аубакирова[3]

[1]НАО «Казахстанский институт общественного развития», Астана, Казахстан

[2,3]НАО «Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева», Усть-Каменогорск, Казахстан

АСИНХРОННАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ СЕМЕЙНЫХ РОЛЕЙ В КАЗАХСТАНЕ: ГЕНДЕРНЫЕ НОРМЫ И ПОВСЕДНЕВНЫЕ ПРАКТИКИ

Аннотация. Статья посвящена социологическому анализу расхождения между нормативными гендерными установками и реальной ролевой практикой в казахстанской семье. Теоретическую основу исследования составляют концепция гендера как повседневно воспроизводимой практики (doing gender) и

концепция «второй смены», описывающая неравномерное распределение домашнего труда. Эмпирическую базу работы составили данные трех исследований: «Казахстанские семьи» (N = 3 000), «Гендерные стереотипы в различных сферах Казахстана» (N = 2 400) и «Казахстанская семья в системе общественных отношений» (N = 802). На основе анализа данных трех исследований методом кросс-табуляции (cross-tabulation) авторы установили, что представления о власти и лидерстве в семье, а также фактическое распределение домашнего труда воспроизводят патриархальную модель, тогда как декларируемые ценности и нормативные ожидания в отношении ведения домашнего хозяйства тяготеют к эгалитарному идеалу. Расхождения в установках определяются прежде всего полом, а не возрастом респондентов. Мужчины почти вдвое чаще женщин считают, что главой семьи должен быть муж, а также чаще соглашаются с утверждением, что мужчины лучше справляются с руководящей ролью. Сопоставление результатов трех исследований позволяет охарактеризовать модернизацию института семьи в Казахстане как асинхронный процесс, при котором трансформация декларативных установок опережает изменение повседневных практик. Выявленная динамика демонстрирует сопоставимое сходство с трансформационными процессами, наблюдаемыми в других постсоциалистических и незападных обществах.

7. Alekseenok, A. A., Nalivajko, K. V., Tyan' Syaoyuj (2025) Sociologicheskij analiz tradicionnyh cennostej sovremennoj studencheskoj molodezhi (na materialah Cindao), *Sociologiya i upravlenie*. 11(1). str.5-22. https://doi.org/10.18413/2408-9338-2025-11-1-0-1 [in Russian]

8. Alekseenok, A.A., Isaev, A.V., Kaira, Yu.V.(2025) Transformaciya zhiznennyh strategij studencheskoj molodezhi v usloviyah cifrovizacii povsednevnosti, *Sociologiya i upravlenie*, 11(3), str.161-184. https://doi.org/10.18413/2408-9338-2025-11-3-1-0 [in Russian]

9. Zimova, N.S., Nerobeeva, T.S. (2025) Vliyanie religioznosti na brachno-semejnye ustanovki sovremennoj molodezhi, *Sociologiya i upravlenie*, 11(1), str.91-109. https://doi.org/10.18413/2408-9338-2025-11-1-0-6 [in Russian]

10. Isaev, A.V., Putilina, Yu.Yu., Kovalev, I.O. (2025) Rol' i znachenie instituta volonterstva v sovershenstvovanii processa socializacii sovremennoj studencheskoj molodezhi, *Sociologiya i upravlenie*, 11(1), str.128-146. https://doi.org/10.18413/2408-9338-2025-11-1-0-9 [in Russian]

11. Semchenko, I.V., Mahmutova, K.A. (2025) Patriotizm v kontekste zhiznennyh strategij molodezhi Belgorodskoj oblasti, *Sociologiya i upravlenie*, 11(3), str.79-92. https://doi.org/10.18413/2408-9338-2025-11-3-0-5 [in Russian]

12. Majlykutova, M.D. (2023) Sovremennye cennosti molodezhi Kazahstana: tendencii i analiz, *Uchenyj sovet*, 9. https://doi.org/10.33920/nik-02-2309-01 [in Russian]

13. Zhampetova, A.O., Ataj, F., Alkan, Ya.S. (2024) O politicheskih cennostyah i predpochteniyah studencheskoj molodezhi Kazahstana//*Sociologicheskie issledovaniya*, 50(4), str.148-152. https://doi.org/10.31857/S0132162524040135 [in Russian]

14. Iztaeva, V.A. (2020) Transformaciya cennostej v sovremennom ponimanii molodezhi. *Izvestiya.* Seriya:-Mezhdunarodnye otnosheniya i regionovedenie, 42(4), str.2-14. https://doi.org/10.48371/ISMO.2020.42.4.013 [in Russian]

15. Қuandykova, A.A., Tokatlygil' Yu.S., Mekhmet, G. (2025) Psihologiya odinochestva u predstavitelej pokoleniya Z: cennosti, identichnost' i potrebnost' v kontakte. *Vestnik KazNPU im. Abaya,* seriya «Psihologiya», 3(84), str. 280-290. https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.84.3.025 [in Russian]

Information about the authors

Sagyndykova B. E. – corresponding author, Candidate of Sociological Sciences, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Social Sciences, Zhanybekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Tulemanova R. E. – Master's and a senior lecturer, Department of Political Science, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

Botabayev G. E. – Master's and a senior lecturer, Department of Political Science, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

Mantaeva T. S. – PhD, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Social Sciences, Zhanybekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Авторлар туралы мәлімет

Сагындыкова Б.Е. – хат-хабар авторы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

Тулеманова Р.Е. – магистр, аға оқытушы «Саясаттану» кафедрасы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

Ботабаев Ғ.Е. – магистр, аға оқытушы «Саясаттану» кафедрасы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

Мантаева Т.С. – PhD, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах

Сагындыкова Б.Е. – автор для корреспонденции, кандидат социологических наук, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и общественных наук, Южно-Казахстанский педагогический университет им. Ө. Жәнібеков, Шымкент, Казахстан

Тулеманова Р. Е. – магистр, старший преподаватель кафедры политологии, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Ботабаев Г. Е. – магистр, старший преподаватель кафедры политологии, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Мантаева Т. С. – PhD, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и общественных наук, Южно-Казахстанский педагогический университет им. Ө. Жәнібеков, Шымкент, Казахстан

GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

ХҒТАР 04.71.21
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-156-3-118-127

ТАРИХИ СИПАТТАУ ШЕГІНЕН ТЫС СЕДЕНТАРИЗАЦИЯ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ТАЛДАУ ӨЛШЕМДЕРІ

***Б.Ж. Смағамбет*[1], *А. Айқынбайқызы**[2]

[1,2] *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*E-mail: [1]smagambetb@gmail.com; *[2] atlespayeva@gmail.com*

Аңдатпа. Зерттеу мақсаты – седентаризацияны халықтың тұрақты қонысқа ауысуы ғана емес, әлеуметтік ұдайы өндірістің кеңістіктегі режимінің өзгеруі деп түсіндіретін ықпалдасқан әлеуметтанулық үлгі ұсыну.

Зерттеу әдіснамасы – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қазақстандық және шетелдік зерттеулерді қамтыған сыни нарративтік шолу. Еңбектер түсіндіретін тетігі, талдау деңгейі, билік, мобилдік және әлеуметтік топтардың әрекет ету мүмкіндігін түсіндіруі бойынша салыстырылды.

Зерттеудің бірегейлігі мен құндылығы – Дж. Скотт, К. Поланьи, Дж. Урри және П. Бурдье тәсілдері қазақстандық тарихшылар Н.Э. Масанов, М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілхожин және Т. Омарбеков тұжырымдарымен ортақ себеп-салдарлық үлгіде байланыстырылды. Қазақстандық зерттеулер шетелдік теориялардың мысалы емес, олардың түсіндіру шегін нақтылайтын дербес еңбектер деп қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері – седентаризация мобилдікті шектеу, ресурстар мен меншікті қайта бөлу, шаруашылық және туыстық желілерді өзгерту, жаңа институттарға тәуелділікті күшейту және әлеуметтік теңсіздіктің жаңа негіздерін қалыптастыру арқылы жүзеге асқаны анықталды. Мемлекет орталық және жергілікті мекемелер мен делдалдардан тұратын көпдеңгейлі жүйе деп қарастырылды. Таңдау еркіндігінің дәрежесі мен өзгерістің негізгі қозғаушы факторын ажыратын екі осьті типология ұсынылды.

Негізгі ұғымдар: седентаризация, мобилдік, әлеуметтік ұдайы өндіріс, мемлекеттік басқару, әлеуметтік құрылым, ұжымдастыру, Қазақстан.

Кіріспе

Қазақ қоғамындағы седентаризация аграрлық тарих шеңберімен шектелмейтін өзгеріс болды. Ол қоныстану үлгісін ғана емес, жайылымды пайдалану тәртібін, мал мен еңбектің қозғалысын, туыстық өзара көмекті, күнделікті уақытты, әлеуметтік мәртебені және мемлекеттің халықпен байланысу тәсілін өзгертті. Қазақстандық тарихнама бұл үдерісті тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықпен сабақтастықта зерттеп, саяси шешімдердің, әкімшілік қысымның, халық наразылығының

Түсті: 15.09.2026; Жөнделді: 22.09.2026; Мақұлданды: 28.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

және демографиялық апаттың ауқымын ашты (Қозыбаев, Алдажұманов және Абылхожин, 1992; Омарбеков, 1994; Абылхожин, 1997). Сондықтан мәселе тарихи еңбектердің сипаттамалық деңгейімен шектелуінде емес. Тарихшы мен әлеуметтанушы қоятын сұрақтардың айырмасы бар: біріншісі оқиғалардың барысы мен себептерін қалпына келтірсе, екіншісі сол оқиғалардың әлеуметтік қатынастарды қандай тетіктер арқылы қайта құрғанын түсіндіруге ұмтылады.

Қазақстандық еңбектердің теориялық маңызы осы тұста айқындалады. Н.Э. Масанов көшпелі мал шаруашылығын табиғи ортаға бейімделген тұтас тіршілік жүйесі ретінде талдап, мобилдіктің шаруашылықтың сыртқы белгісі емес, оның ресурстары мен әлеуметтік байланыстарын біріктіретін тетік екенін көрсетті (Масанов, 1995). Бұл тұжырым К. Поланьидің шаруашылықтың әлеуметтік қатынастарға кірігуі туралы қағидасын Қазақстан материалында нақтылайды. М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов және Ж.Б. Абылхожин күштеп ұжымдастырудағы зорлық пен тәркілеуді құжаттық негізде ашып, мемлекеттік жіктеу мен жоспардың жергілікті өмір жүйесін қалай күйреткенін көрсетті (1992). Т. Омарбеков халық қарсылығын саяси науқанға сыртқы жауап емес, қауымдардың меншік пен тіршілік мүмкіндігін қорғау әрекеті ретінде қарастыруға жол ашты (1994). Ж.Б. Абылхожин дәстүрлі шаруашылықтың күйреуін институттар мен ресурстық қатынастардың өзгеруімен байланыстырып, кеңестік қайта құруды ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық үдеріс ретінде түсіндірді (1997). Бұл қорытындылар Дж. Скоттың мемлекеттік «оқылымдылық»[1], К. Поланьидің кіріккен шаруашылық және П. Бурдьенің капиталдар жөніндегі ұғымдарымен тең дәрежеде пікірталасқа түсе алады. Седентаризацияны әлеуметтік институттардың қайта құрылуы тұрғысынан қарастырған бұған дейінгі талдау осы бағыттың теориялық негізін толықтырады (Смағамбет және Тлеспаева, 2019а).

Мақаланың мақсаты – седентаризацияны түсіндіретін ықпалдасқан әлеуметтанулық үлгі ұсыну. Осы мақсатта әлеуметтік ұдайы өндірістің кеңістіктегі режимі ұғымы нақтыланып, мемлекет, шаруашылық, кеңістік, мобилдік және капиталдар теорияларының түсіндіру мүмкіндіктері салыстырылады; орталық, өңірлік және жергілікті акторлардың рөлі ажыратылады; екі осьті типология мен көпдеңгейлі себеп-салдарлық үлгі құрылады. Негізгі тезис: седентаризация – халықты жай ғана тұрақты қонысқа көшіру емес, әлеуметтік ұдайы өндірістің кеңістіктегі режимін билік пен ресурстар теңсіздігі жағдайында қайта құру.

Материалдар және әдістер

Зерттеу сыни нарративтік шолу тәсілімен жүргізілді. Мұндай тәсіл әртүрлі әдіспен орындалған және бір-біріне тікелей өлшемдес емес еңбектерді ортақ түсіндіруші сұрақ төңірегінде салыстыруға мүмкіндік береді. Іздеу мен іріктеу қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі еңбектерді қамтыды. Негізгі іздеу тіркестері: «седентаризация», «қазақ көшпелілері», «көшпелі мал шаруашылығы», «Қазақстандағы ұжымдастыру», «мобилдік», «мемлекеттік басқару», «мәдени жарақат» және олардың орысша, ағылшынша баламалары. Классикалық теорияларға жыл шектеуі қойылған жоқ. Қазақстанға қатысты архивтік материалдарға сүйенген және тұрақты ғылыми пікірталасқа енген зерттеулерге басымдық берілді.

Зерттеу корпусына седентаризацияны мемлекеттік саясат, шаруашылық-экологиялық бейімделудің өзгеруі, институттық қайта құру немесе ұзақ мерзімді әлеуметтік тәжірибе ретінде талдаған еңбектер енгізілді. Ұғымды тек атап өтетін, бірақ оның тетіктері мен салдарын ашпайтын жарияланымдар негізгі талдауға алынбады. Алдымен еңбектердегі анықтамалар, талдау бірліктері және себеп-салдарлық пайымдар белгіленді. Кейін олар түсіндіретін тетік, талдау деңгейі, билікті және адамдардың әрекет ету мүмкіндігін түсінуі бойынша салыстырылды. Соңғы кезеңде тарихи тұжырымдар әлеуметтік байланыстар жүйесіне аударылып, қазақстандық және халықаралық еңбектер бір салыстыру матрицасына орналастырылды. Бұл жұмыс PRISMA талаптарына сай жүйелі шолу емес. Оның міндеті – әдебиеттердің толық санын есептеу емес, әртүрлі түсіндірулерді ортақ теориялық үлгіге біріктіру.

Нәтижелер

Седентаризацияның ең ықшам анықтамасы мобильді халықтың салыстырмалы тұрақты мекенге орнығуын білдіреді. Алайда аумаққа бекіту – үдерістің көзге көрінетін жағы ғана. Әлеуметтік ұдайы

1 Дж. Скоттың мемлекеттік «оқылымдылығы» - көшпелі қоғамның мемлекетке көріну дәрежесі, яғни есепке алынатын және басқаруға қолайлы қалыпқа түсіру.

өндірістің кеңістіктегі режимі дегеніміз – адамдар мен малдың маусымдық қозғалысын, су мен жайылымға қолжетімділікті, еңбек бөлінісін, айырбасты, туыстық міндеттемелерді, саяси делдалдықты және тәжірибеге негізделген білімнің берілуін бір тәртіпке біріктіретін тарихи қалыптасқан байланыстар жиынтығы. Мұнда мобилдік жеке практика емес, әлеуметтік жүйенің бөліктерін жалғаушы негіз.

Осыған сүйеніп, седентаризацияны халықты белгілі бір аумаққа бекіту арқылы мобилдікті, ресурстарға қолжетімділікті, меншік пен еңбек қатынастарын және институттық мүшелікті билік ықпалымен әркелкі қайта ұйымдастыру үдерісі деп анықтауға болады. Бұл анықтама гибридті жағдайларды да қамтиды: отбасының бір бөлігі тұрақты қоныста тұрып, екінші бөлігі малмен бірге маусымдық қозғалысын жалғастыруы мүмкін; ресми тіркеу нақты шаруашылық тәжірибемен сәйкес келмеуі мүмкін; адамдардың еркін қозғалысы шектелген кезде мал, астық, салық және әкімшілік пәрмендердің орталыққа қарай қозғалысы күшеюі мүмкін.

Седентаризацияны ұжымдастырумен, урбандалумен және модернизациямен теңестіруге болмайды. Ұжымдастыру меншік пен өндірісті ұйымдастыру тәртібін өзгертеді. Седентаризация әлеуметтік ұдайы өндірістің кеңістіктегі режимін қайта құрады. Урбандалу халық пен қызметтердің қалада шоғырлануын білдіреді. Модернизация бұлардың бәрін қамтуы мүмкін кең ауқымды өзгерістерді атайды. Қазақстанда бұл үдерістер тарихи тұрғыдан қабаттасты. Дегенмен оларды талдамалық жағынан ажырату қандай шараның қандай салдарға жеткізгенін дәлірек түсіндіреді.

Қазақстандық зерттеулердің түсіндіруші әлеуеті

Н.Э. Масановтың көшпелі өркениет туралы еңбегі мобилдікті еркін кезу немесе мешеулік ретінде емес, табиғи ресурстардың маусымдық және аумақтық әркелкілігіне жауап беретін күрделі ұйымдасу түрі ретінде қарастырады (Масанов, 1995). Мұндай көзқарас көшпелі шаруашылықты романтизациялауға да, оны дамудың төменгі сатысына түсіруге де жол бермейді. Жүйеде мүліктік теңсіздік, билік иерархиясы, кедей шаруашылықтардың ауқаттыларға тәуелділігі, гендерлік асимметрия және өңірлік айырмашылықтар болды. Бірақ оның орнықтылығы меншік көлеміне ғана емес, көш жолын білуге, туыстық көмекке, су көздері мен жайылымға қол жеткізуге, келіссөз жүргізуге тәуелді еді. Демек, малдан айырылу экономикалық капиталды ғана емес, әлеуметтік және мәдени капиталдарды қолдану мүмкіндігін де әлсіретті.

М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов және Ж.Б. Абылхожин ұжымдастыру мен тәркілеудің зорлық сипатын ашып, науқанның ауыл қоғамына сырттан таңылғанын көрсетті (1992). Олардың еңбегіндегі құжаттар Дж. Скотт сипаттаған мемлекеттік «оқылымдылықтың» Қазақстандағы қайшылығын байқатады: билік шаруашылықтарды санақ, жоспар және санаттар арқылы басқарылатын нысанға айналдырды, бірақ жергілікті мобилдік пен шаруашылық байланыстар жөніндегі білімді толық игере алмады. Соның салдарынан жоспарлы көрсеткіштер өмір сүрудің нақты шектерінен ажырап, орталық талаптар аудандық және ауылдық деңгейде өзгертіліп, кейде шамадан тыс орындалды.

Т. Омарбековтің халық наразылығы туралы зерттеуі қарсылықты жоспардан ауытқу ретінде емес, меншікке, мобилдікке және қауымның өзін-өзі сақтау мүмкіндігіне төнген қауіпке жауап ретінде оқуға мүмкіндік береді (1994). Бұл жерде қоғам тек мемлекеттік саясаттың енжар нысаны емес. Көшу, малды жасыру, отбасын бөліп орналастыру, туыстық желілерге сүйену, жергілікті өкілдермен келісу және ашық қарсылық – әрекет ету мүмкіндігі әркелкі болған жағдайда қолданылған стратегиялар. Олардың нәтижесі ресурсқа, байланысқа, географиялық жағдайға және әкімшілік қысымның деңгейіне тәуелді болды.

Ж.Б. Абылхожин кеңестік өзгерістерді этностың тіршілікпен қамтылу жүйесінің бұзылуы және жаңа әлеуметтік-экономикалық тәртіптің орнығуы тұрғысынан талдайды (1997). 2022 жылғы ұжымдық монографияда дәстүрлі әлеуметтік құрылым, шаруашылық пен мәдениеттің алғашқы кеңестік онжылдықтардағы инерциялық жалғастығы, бұзылуы және өзгерген түрде сақталуы бірге қарастырылды (Абылхожин және т.б., 2022). Бұл зерттеулер седентаризацияны бұрынғы қоғамдық тәртіпті біржола жойған үдеріс деп қараудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Седентаризация кезінде ескі әлеуметтік иерархиялардың бір бөлігі ыдыраса, енді бір бөлігі жаңа жағдайға бейімделіп, өзгерген түрде сақталды. Мысалы, туыстық ортада беделі бар адамдар әкімшілік қызметке араласу, сауат ашу немесе ресурстарды бөлу ісіне қатысу арқылы бұрынғы ықпалын белгілі дәрежеде сақтап қалды.

С. Камерон Қазақстандағы ашаршылықты зорлық, мемлекетті қалыптастыру және қазақ қоғамын түбегейлі қайта жасау үдерістерімен байланыстырды (Камерон, 2018). Оның талдауы седентаризацияның

ұлттық-мемлекеттік құрылысқа қатысты қайшылығын ашады. Осылайша, кеңестік жоба бір жағынан халықтың қозғалысын шектеп, шаруашылық дербестігін күйретсе, екінші жағынан аумақтық республика, білім беру жүйесі, бюрократиялық кадрлар және жаңа кәсіби мобилдік арналарын қалыптастырды. Сондықтан кеңестік седентаризацияны тек отарлық үстемдік немесе тек модернизация ретінде біржақты түсіндіру жеткіліксіз.

Мемлекет: біртұтас ерік емес, көпдеңгейлі қатынастар жүйесі

Дж. Скотт мемлекеттердің күрделі жергілікті өмірді есепке алу, картаға түсіру және стандарттау арқылы басқаруға ұмтылатынын көрсетеді (Скотт, 2005). Бұл қағида седентаризацияның басқарушылық логикасын түсіндіреді: мобилді халықты санаққа енгізу, аумаққа бекіту, салық пен еңбек міндетін белгілеу және өндірісті жоспарлау жеңілдейді. Алайда «кеңестік мемлекет» бір ғана мақсат пен толық ақпаратқа ие актор болған жоқ. Орталық партия басшылығы, одақтық және республикалық мекемелер, өлкелік органдар, аудандық әкімшілік, колхоз басшылары, жергілікті белсенділер, статистика және жоспарлау қызметтері әртүрлі ақпарат пен ынтаға сүйенді.

Орталық шешім жергілікті деңгейге түскенде іріктелді, келісілді немесе шамадан тыс орындалды. Жергілікті делдалдар мемлекеттік ресурсты жеткізуші ғана емес, кімнің «бай», «орташа» немесе «кедей» санатына енгізілетінін, кімнің қонысқа тіркелетінін, кімнің азыққа немесе жұмысқа қол жеткізетінін айқындауға қатысқан акторлар болды. Сондықтан седентаризацияны «мемлекет – көшпелі халық» қарама-қарсылығына ғана сыйғызу тарихи нақты тетіктерді бүркемелейді. Оны шешім, ақпарат, күштеу және делдалдық әр деңгейде таралған басқару желісі ретінде зерттеу қажет.

Мобилдіктің билік арқылы қайта бөлінуі

Седентаризация мобилдіктің толық тоқтауын білдірмейді. Ол кімнің, ненің және қандай шартпен қозғала алатынын «қайта бөледі». Малшылардың жайылым арасындағы қозғалысы шектелгенде мемлекеттік аппараттың аумаққа енуі, адамдарды тіркеуі және өнімді сыртқа тасымалдауы күшейді. Теміржол, дайындау жүйесі және әкімшілік байланыс арқылы мал мен астық орталыққа қарай жылжыды, ал халықтың қауіпсіз аймаққа көшуіне тосқауыл қойылды. Осылайша бір топтың мобилдігі азайып, билік құрылымдары мен ресурстық ағындардың мобилдігі артты.

Дж. Урридің мобилдік тәсілі қозғалысты бейтарап мүмкіндік емес, инфрақұрылым, рұқсат және ресурс арқылы бөлінетін билік қатынасы ретінде қарастыруға көмектеседі (Урри, 2012). Қазақстандық материал бұл тұжырымды күшейтеді, яғни мобилдікті бақылау тек кеңістікті тәртіпке келтіру емес, ресурсты кім иеленетінін және қауіптен кім құтыла алатынын анықтады. Сондықтан седентаризацияның маңызды нәтижесі – қоныстың тұрақтануы емес, қозғалу қабілеті мен қозғалыстың пайдасын әлеуметтік топтар арасында тең емес бөлу.

Капиталдардың құнсыздануы және жаңа әлеуметтік жіктелу

П. Бурдьенің капиталдар теориясы седентаризация кезіндегі әлеуметтік құрылымның қайта жасалуын нақтылауға мүмкіндік береді. Мал мен жайылымға қолжетімділік экономикалық капиталды; туыстық және айырбас желілері әлеуметтік капиталды; көш жолдары, су көздері, ауа райы мен мал бағу жөніндегі білім мәдени капиталды; қауым ішіндегі бедел символдық капиталды құрады (Бурдье, 2002). Бұл капиталдар тең бөлінген жоқ, бірақ мобилді шаруашылық жағдайында өмір сүру мүмкіндіктерін айқындады.

Тәркілеу мен аумаққа бекіту экономикалық капиталды тікелей азайтты. Қозғалыстың шектелуі туыстық желілерді пайдалануды қиындатып, тәжірибеге негізделген білімнің бір бөлігін құнсыздандырды. Сонымен бірге жаңа капиталдар: сауаттылық, партиялық мүшелік, әкімшілік лауазым, колхоз ресурстарын бөлуге «жақындық» және кеңестік кәсіби біліктілік маңызды болды. Бұрынғы капитал түгел жоғалған жоқ. Кейбір отбасылар туыстық байланыс пен беделді әкімшілік делдалдыққа айналдыра алды; басқалары ресурстық және саяси тірексіз қалып, жаңа институттарға неғұрлым тәуелді болды. Осы айырмашылық седентаризацияның әлеуметтік жіктелуді қалай қайта өндіргенін түсіндіреді.

Сабақтастық, үзіліс және үй шаруашылықтарының стратегиялары

Көшпелі қоғамды өзара толық үйлескен, тең және өзгермейтін жүйе ретінде бейнелеу тарихи модернизациялық көзқарасты кері романтизациямен алмастырады. Седентаризацияға дейін де бай мен кедей арасындағы алшақтық, билік иерархиясы, гендерлік теңсіздік, отырықшы және жартылай отырықшы

тәжірибелер, өңірлік шаруашылық айырмашылықтар болды. Сондықтан седентаризация барлық бұрынғы қатынастарды бір мезетте жойып, мүлде жаңа қоғам құрды деу дұрыс емес.

Талдаудың негізгі мәселесі – қандай байланыстар үзілді, қайсысы өзгерген түрде сақталды және қайсысы жаңа институттарға көшті? Үй шаруашылықтары бірдей әрекет еткен жоқ. Бір бөлігі толық аумақтық бекітуге ұшырады; бір бөлігі қоныс пен маусымдық қозғалысты ұштастырды. Енді бірі көшу немесе шекара асу арқылы жаңа тәртіптен шығуға тырысты. Отбасының ішкі еңбек бөлінісі де өзгерді. Малға ілесетін, қоныста қалатын, азық іздейтін немесе мемлекеттік мекемемен қатынас жасайтын мүшелердің рөлі қайта бөлінді. Бұл стратегияларды ескеру халықтың субъектілігін көрсетеді, бірақ зорлық пен құрылымдық шектеулердің жауапкершілігін азайтпайды.

Седентаризацияның екі осьті типологиясы

Седентаризацияны «ерікті», «бейімделуші», «ынталандырылған» және «мәжбүрлі» деп бір қатарға бөлу логикалық жағынан әлсіз, себебі онда таңдау дәрежесі, себеп және саясат құралы араласады. Сондықтан негізгі екі өлшемді ажырату керек: таңдау дәрежесі және қозғаушы фактор. Қосымша өлшемдер өзгерістің тереңдігі мен уақыттық орнығуын сипаттайды (1-кесте).

1-кесте. Седентаризация типологиясының өлшемдері және диагностикалық сұрақтары

Өлшем	Нұсқалар	Диагностикалық сұрақ	Талдамалық мәні
Таңдау дәрежесі	ерікті; шартты ерікті; мәжбүрлі	Топтар бас тарта алды ма, өзгеріс қарқынын таңдады ма, мобилдікті сақтай алды ма?	Құрылымдық қысым мен тікелей мәжбүрлеуді адамдардың таңдауынан ажыратады
Қозғаушы фактор	экологиялық; экономикалық; инфрақұрылымдық; әкімшілік-саяси	Бұрынғы ұдайы өндіріс режимін не қолжетімсіз етті?	Себепті мәжбүрлеу дәрежесімен араластырмайды
Өзгеріс тереңдігі	ішінара; гибридті; кешенді	Мобилдіктің, шаруашылықтың және туыстық желілердің қай бөлігі сақталды?	Седентаризацияның бір сәттік әрі қайтымсыз бола бермейтінін көрсетеді
Уақыттағы орнығу	қайтымды; ұрпақаралық орныққан; институттанған	Бұрынғы практикаға оралу және білімді келесі ұрпаққа беру мүмкін бе?	Алғашқы ауысуды ұзақ мерзімді салдармен байланыстырады

Осы үлгіде гибридті және қайтымды нұсқалар шеткі жағдай емес, негізгі талдау нысанына айналады. Бір үй шаруашылығының мүшелері әртүрлі кеңістік режимінде өмір сүруі мүмкін; ресми седентаризация маусымдық мобилдіктің бірден жойылғанын білдірмейді. Типология тарихи деректерді бір атауға күштеп сыйғызбай, өзгерістің нақты құрамын салыстыруға мүмкіндік береді.

Жарақат пен жад: салдардан қоғамдық мағынаға ығысу

Седентаризация, күштеп ұжымдастыру және ашаршылық кезіндегі әлеуметтік дезорганизацияны кейін қалыптасқан мәдени жарақатпен теңестіруге болмайды. Бірінші деңгей – адамдардың өміріне, шаруашылығына және байланыстарына келген нақты зақым. Екінші деңгей – тәжірибенің отбасы әңгімелері, үнсіздік, ишаралар мен күнделікті ұстанымдар арқылы берілуі. Үшінші деңгей – өткеннің ұлттық немесе мәдени жарақат ретінде қоғамдық кеңістікте танылуы. Дж. Александердің пайымынша, оқиғаның апатты болуы оның автоматты түрде ортақ мәдени жарақатқа айналуын білдірмейді; бұл үшін қоғамдық акторлардың атау, түсіндіру және жауапкершілікті белгілеу жұмысы қажет (Александер және т.б., 2012). Қазақстандық тарихи материалға мәдени жарақат теориясын қолдану мүмкіндігі Б.Ж. Смағамбет пен А.А. Тлеспаеваның зерттеуінде де негізделген (Смағамбет және Тлеспаева, 2018).

Қазақстан жағдайында кеңестік үнсіздік, тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи қайта бағалау, отбасылық естеліктер мен ресми еске алу саясаты бірдей ырғақпен дамыған жоқ. Сондықтан жад седентаризацияның

бастапқы себебін түсіндіретін ұғым емес, әлеуметтік үзілістің кейінгі ұрпақтарда қалай мағыналанғанын көрсететін ұзақ мерзімді деңгей. Бұл бағытты архивтік талдаудан бөлек, ауызша тарих, отбасылық нарратив, оқулық, баспасөз және музей материалдары арқылы зерттеу қажет. Әлеуметтік жадты ұмыту, қайта құру және мәдени жарақатқа айналу үдерістерімен байланыстыратын еңбектер бұл талдаудың ұрпақаралық өлшемін кеңейтеді (Смағамбет және Тлеспаева, 2019b; Smagambet, Tlespayeva & Musabayeva, 2021; Айқынбайқызы, 2025).

Ықпалдасқан көпдеңгейлі үлгі

Ұсынылған үлгі үш негізгі және бір уақыттық деңгейді байланыстырады. Макродеңгейде одақтық және республикалық саясат, меншік режимі, жоспарлау және әкімшілік-аумақтық құрылым әрекет етеді. Мезодеңгейде өлкелік және аудандық органдар, колхоз, қоныс, мектеп, нарық және инфрақұрылым орталық шешімдерді нақты тәжірибеге айналдырады. Микродеңгейде үй шаруашылықтары көшу, жасырыну, еңбекті қайта бөлу, туыстық желіні пайдалану және мобилдіктің бір бөлігін сақтау стратегияларын қолданады. Ұрпақаралық деңгей жаңа тәртіптің кәсіп жолында, қоныс құрылымында, отбасы жадында және қоғамдық нарративтерде орнығуын көрсетеді.

2-кесте. Седентаризацияны әлеуметтанулық талдаудың тәсілдері мен олардың түсіндіру мүмкіндіктері

Тәсіл	Негізгі сұрақ	Түсіндіретін тетік	Шектеуі
Мемлекеттің тарихи әлеуметтануы	Мобильді халық қалай басқарылатын нысанға айналады?	жіктеу, есепке алу, аумаққа бекіту, инфрақұрылымдық ену	мемлекеттің ішкі әркелкілігін әлсіретуі мүмкін
Саяси экономия	Шаруашылық пен ресурсқа қолжетімділік қалай өзгереді?	меншікті тәркілеу, кіріккен айырбастың бұзылуы, жаңа институттық тәуелділік	кеңістік пен символдық салдарды жеке өзі толық ашпайды
Кеңістік және мобилдік	Қозғалу құқығы мен мүмкіндігі кімге беріледі?	адамдар, ресурстар және әкімшілік ағындар мобилдігінің қайта бөлінуі	мәртебе мен капитал өзгерісін толық түсіндірмейді
Капиталдар теориясы	Теңсіздік пен өмір сүру мүмкіндігі қалай қайта құрылады?	капиталдардың құнсыздануы, сақталуы және бір түрден екіншісіне айналуы	тарихи институттар мен мәжбүрлеуді нақтылауды қажет етеді
Жарақат және жад	Әлеуметтік үзіліс ұзақ мерзімді мағынаға қалай ие болады?	отбасылық берілу, үнсіздік, қоғамдық тану және нарративтер бәсекесі	седентаризацияның бастапқы себептерін түсіндірмейді

Ұсынылған тәсілдер бір-біріне жай қосылмайды, ортақ себеп-салдарлық тізбекке бағынады (2-кесте). Бірінші кезеңде мемлекеттік шешімдер мен жергілікті орындау мобилдікті шектеп, ресурсқа қолжетімділікті өзгертеді. Екінші кезеңде мобилдікке тәуелді шаруашылық, айырбас және туыстық байланыстар әлсірейді. Үшінші кезеңде олардың қызметінің бір бөлігі колхозға, қонысқа, мектепке, нарыққа және әкімшілікке көшеді. Төртінші кезеңде осы институттарға қолжетімділіктің әркелкілігі бұрынғы капиталдарды құнсыздандырып, жаңа капиталдардың құнын арттырады. Бесінші кезеңде жаңа тәртіп кәсіби жолда, қоныс үлгісінде және ұрпақаралық жадта орнығады.

Талқылау

Ұсынылған түсіндірме үш түзету енгізеді. Біріншісі – телеологиядан бас тарту. Седентаризация мобилді қоғам дамуының табиғи соңғы нүктесі емес. Мобилдік табиғи орта әркелкі және құбылмалы болған жағдайда ресурсты ұтымды пайдаланудың бір тәсілі болуы мүмкін. Тұрақты қоныс білім мен медицинаға қолжетімділікті арттырғанымен, жайылымдық қысымды, жер дауын және мемлекеттік ресурстарға тәу-

елділікті күшейтуі де ықтимал. Сондықтан нәтижені алдын ала «прогресс» деп бағаламай, нақты тарихи және әлеуметтік жағдайда тексеру қажет.

Екінші түзету – мемлекетті де, халықты да біртұтас актор деп қарамау. Мемлекеттік саясат әр деңгейдегі мекеме мен делдал арқылы өзгерді; үй шаруашылықтарының әрекет ету мүмкіндігі ресурсқа, желіге, жынысқа, өңірге және әкімшілік қысымға қарай әркелкі болды. Мұндай талдау зорлықтың ауқымын жұмсартпайды. Керісінше, шешімнің нақты орындаушыға, ал құрылымдық шектеудің нақты өмірлік салдарға қалай айналғанын көрсетеді.

Үшінші түзету – уақыт шегін кеңейту. Саяси науқанның басталу және аяқталу мерзімі бар, бірақ оның әлеуметтік салдары сол мерзімге сыймайды. Қоныстардың қалыптасуы, кәсіби рөлдердің өзгеруі, тәжірибеге негізделген білімнің әлсіреуі, жерге қатынастың қайта құрылуы және жарақатты түсіндіру ондаған жылға созылды. Осы себепті седентаризацияны зерттеу архивтік құжаттарды ауызша тарихпен, отбасылық шежіремен, қоныстар картасымен, санақ деректерімен және ұрпақаралық салыстырумен ұштастыруы керек.

Қазақстандық материал халықаралық теорияны тек растамайды, оның шегін де көрсетеді. Дж. Скоттың «мемлекеттік оқылымдылық» үлгісі орталықтың толық үстемдігін болжайтындай көрінуі мүмкін, ал Қазақстан тарихы ақпарат тапшылығы, жергілікті делдалдық және жоспардың шамадан тыс орындалуы шешуші болғанын көрсетеді. К. Поланьидің кіріктірілген шаруашылық қағидасы Н.Э. Масанов сипаттаған экологиялық және туыстық байланыстар арқылы нақтыланады. П. Бурдьенің капиталдар теориясы Ж.Б. Абылхожин көрсеткен дәстүрлі құрылымның бұзылуы мен өзгерген түрде жалғасуын түсіндіреді. Т. Омарбеков зерттеген қарсылық әрекеттері құрылымдық қысым жағдайында да субъектілік толық жойылмайтынын дәлелдейді.

Алдағы зерттеулер үшін өңірлік траекторияларды салыстыру, туыстық желілердің өзгерісін қалпына келтіру, бұрынғы капиталдардың кеңестік әкімшілік және кәсіби позицияларға айналуын тексеру, әйелдер мен ерлер еңбегінің қайта бөлінуін талдау, сондай-ақ тарихи тәжірибенің жерге және мобилдікке қазіргі қатынаспен байланысын зерттеу маңызды. Оқулық, баспасөз, музей және отбасылық әңгімелерді талдау бастапқы тетіктерді алмастырмай, олардың ұзақ мерзімді мағыналық жалғасын ашуы тиіс.

Қорытынды

Седентаризацияны әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіру оны қоныс ауыстыру немесе мемлекеттік шаралар тізбегі ретінде сипаттаудан әлеуметтік қатынастардың қайта құрылу тетіктерін талдауға көшіреді. Ол халықты аумаққа бекіту арқылы мобилдікті, ресурсқа қолжетімділікті, меншік пен еңбек қатынастарын, туыстық желілерді және институттық мүшелікті билік жағдайында әркелкі қайта ұйымдастырды.

Қазақстандық жағдай седентаризацияның күштеп ұжымдастыру, тәркілеу және дайындау науқандарымен шектен тыс қабаттасқан түрін көрсетеді. Бұл үдерістерді ажырату оларды тарихи жағынан бөліп тастау емес. Керісінше, апаттың тетіктерін дәл анықтауға мүмкіндік береді: малдан айырылу ресурс жоғалту ғана емес, мобилдіктің шектелуі, тәжірибеге негізделген білімнің құнсыздануы, өзара көмек желілерінің әлсіреуі және жаңа әкімшілік құрылымдарға тәуелділіктің күшеюі болды.

Мақалада ұсынылған үлгі орталық саясатты жергілікті орындаумен, институттық өзгерісті үй шаруашылықтарының стратегияларымен, ал бастапқы үзілісті ұзақ мерзімді әлеуметтік жадпен байланыстырады. Оның теориялық өзегі – әлеуметтік ұдайы өндірістің кеңістіктегі режимі. Осы ұғым седентаризацияны «қандай түрлері бар?» деген жіктеуші сұрақпен шектемей, мобилдік, ресурс, капитал және билік арасындағы байланысты қандай себеп-салдарлық тетік қайта құрды деген түсіндіруші сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Баян Жүзікбайқызы Смағамбет зерттеуге ғылыми жетекшілік жасады, зерттеудің тұжырымдама-

лық негізі мен әдіснамалық бағытын айқындады және қолжазбаны ғылыми тұрғыдан өңдеді.

Алмаш Айқынбайқызы отандық және шетелдік әдебиеттерді іріктеп, салыстырмалы талдау жүргізді, қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындап, мақаланың теориялық қорытындыларын жүйеледі.

Екі автор да мақаланың соңғы нұсқасын оқып, жариялауға мақұлдады.

Әдебиетер тізімі

1. Айқынбайқызы, А. (2025). Седентеризация және оның салдарының заманауи Қазақстанның әлеуметтік жадындағы репрезентациясы: 6D050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

2. Александер, Дж., Айерман, Р., Гизен, Б., Смелзер, Н. және Штомпка, П. (2012). Культурная травма и коллективная идентичность. Москва: Новое литературное обозрение.

3. Абылхожин, Ж.Б. (1997). Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы: Тұран.

4. Абылхожин, Ж.Б., Алимбай, Н.А., Турганбаева, Л.Р., Орынбаева, Г.У. и Жумадил, А.К. (2022). Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социально-экономические и социокультурные аспекты. Алматы: LEM.

5. Бурдье, П. (2002). Формы капитала. Экономическая социология, 3(5), 60–74.

6. Камерон, Сара (2018). Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. Итака: Корнелл университетінің баспасы.

7. Қозыбаев, М.Қ., Алдажұманов, Қ.С. және Абылхожин, Ж.Б. (1992). Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы: Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы.

8. Масанов, Н.Э. (1995). Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы: Социнвест; Москва: Горизонт.

9. Омарбеков, Т. (1994). Зобалаң: күштеп ұжымдастыруға қарсылық, 1929–1931 жылдары болған халық наразылығы. Алматы: Санат.

10. Поланьи, К. (2002). Великая трансформация: политические и экономические истоки нашего времени. Санкт-Петербург: Алетейя.

11. Скотт, Дж. (2005). Благими намерениями государства: почему и как проваливались проекты улучшения условий человеческой жизни. Москва: Университетская книга.

12. Смағамбет, Б.Ж. және Тлеспаева, А.А. (2018). Тарихи-әлеуметтанулық зерттеуде «мәдени жарақат» теориясын қолдану мүмкіндігі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, 1(122), 289–296.

13. Смағамбет, Б.Ж. және Тлеспаева, А.А. (2019a). Қазақ седентеризациясы және оның салдары. Әлеуметтанулық концептуалдау перспективасы. С. Торайғыров атындағы ПМУ хабаршысы. Гуманитарлық сериясы, 2, 142–154.

14. Смағамбет, Б.Ж. және Тлеспаева, А.А. (2019b). Ғылымдағы әлеуметтік жад мәселесі. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы, 2(66), 69–76.

15. Урри, Дж. (2012). Мобильности. Москва: Праксис.

16. Smagambet, B.Zh., Tlespayeva, A.A. and Musabayeva, A.B. (2021). Social Memory: From Oblivion or Construction to Cultural Trauma. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 13(2), 1–13. https://doi.org/10.21659/rupkatha.v13n2.48.

Б.Ж. Смағамбет[1], А. Айкынбайкызы[2]

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

СЕДЕНТАРИЗАЦИЯ ЗА ПРЕДЕЛАМИ ИСТОРИЧЕСКОГО ОПИСАНИЯ: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ И АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ

Аннотация. Цель – предложить интегративную социологическую модель седентаризации, которая раскрывает не только переход населения к постоянному поселению, но и преобразование пространственного режима социального воспроизводства.

Методология – критический нарративный обзор казахстанских и зарубежных исследований на казахском, русском и английском языках. Работы сопоставлены по объясняемому механизму, уровню анализа, пониманию власти, мобильности и возможностей действия социальных групп.

Оригинальность и ценность – подходы Дж. Скотта, К. Поланьи, Дж. Урри и П. Бурдьё объединены с выводами казахстанских историков Н.Э. Масанова, М.К. Козыбаева, К.С. Алдажуманова, Ж.Б. Абылхожина и Т. Омарбекова в общей причинной модели. Казахстанские исследования рассматриваются не как иллюстрация зарубежной теории, а как самостоятельные объяснения, уточняющие её границы.

Результаты – установлено, что седентаризация осуществлялась через ограничение мобильности, перераспределение ресурсов и собственности, изменение хозяйственных и родственных сетей, усиление зависимости от новых институтов и формирование новых оснований социального неравенства. Государство представлено как многоуровневая система центральных и местных учреждений и посредников. Предложена двухосевая типология, различающая степень свободы выбора и ведущий фактор изменения.

Ключевые слова: седентаризация, мобильность, социальное воспроизводство, государственное управление, социальная структура, коллективизация, Казахстан.

B.Zh. Smagambet[1], A. Aikynbaikyzy[2]

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SEDENTARIZATION BEYOND HISTORICAL DESCRIPTION: SOCIOLOGICAL APPROACHES AND ANALYTICAL DIMENSIONS

Abstract. Purpose – to propose an integrative sociological model of sedentarization that explains not only the transition to permanent settlement but also the transformation of the spatial regime of social reproduction.

Methodology – a critical narrative review of Kazakhstani and international scholarship published in Kazakh, Russian, and English. The works were compared by their causal mechanisms, levels of analysis, and interpretations of power, mobility, and social agency.

Originality and value – the approaches of J.C. Scott, K. Polanyi, J. Urry, and P. Bourdieu are connected with the arguments of N.E. Masanov, M.K. Kozybayev, K.S. Aldazhumanov, Zh.B. Abylkhozhin, and T. Omarbekov within a shared causal model. Kazakhstani scholarship is treated as an independent body of explanation that refines the limits of international theory rather than merely illustrating it.

Findings – sedentarization operated through restrictions on mobility, redistribution of resources and property, changes in economic and kinship networks, increasing dependence on new institutions, and the formation of new bases of social inequality. The state is conceptualized as a multilevel system of central and local institutions and intermediaries. A two-axis typology is proposed that distinguishes the degree of choice from the principal driver of change.

Keywords: sedentarization, mobility, social reproduction, state governance, social structure, collectivization, Kazakhstan.

References

1. Aikynbaikyzy, A. (2025). Sedenterizatsiya zhane onyn saldarynyn zamanaui Kazakhstannyn aleumettik zhadyndagy reprezentatsiyasy [Representation of Sedentarization and Its Consequences in the Social Memory of Contemporary Kazakhstan]: PhD dissertation in Sociology. Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University. [In Kazakh]

2. Alexander, J., Eyerman, R., Giesen, B., Smelser, N. and Sztompka, P. (2012). Kul'turnaya travma i kollektivnaya identichnost' [Cultural Trauma and Collective Identity]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie. [In Russian]

3. Abylkhozhin, Zh.B. (1997). Ocherki sotsial'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on the Socio-Economic History of Kazakhstan: The Twentieth Century]. Almaty: Turan. [In Russian]

4. Abylkhozhin, Zh.B., Alimbay, N.A., Turganbaeva, L.R., Orynbayeva, G.U. and Zhumadil, A.K. (2022). Ocherki po istorii traditsionnoy struktury kazakhov v pervye sovetskie desyatiletiya [Essays on the Traditional Structure of the Kazakhs in the First Soviet Decades]. Almaty: LEM. [In Russian]

5. Bourdieu, P. (2002). Formy kapitala [The Forms of Capital]. Ekonomicheskaya sotsiologiya, 3(5), 60–74. [In Russian]

6. Kameron, Sara (2018). Ashtyq zhailaghan dala. Asharshylyq, ozbyrlyq zhane kenestik Qazaqstandy ornatu [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan]. Ithaca: Cornell University Press.

7. Kozybayev, M.K., Aldazhumanov, K.S. and Abylkhozhin, Zh.B. (1992). Kazakhstandagy kushpen kollektivtendiru: korlyk pen zorlyk [Forced Collectivization in Kazakhstan: Humiliation and Violence]. Almaty: Kazakhstan Respublikasy Gylym akademiyasy. [In Kazakh]

8. Masanov, N.E. (1995). Kochevaya tsivilizatsiya kazakhov [The Nomadic Civilization of the Kazakhs]. Almaty: Sotsinvest; Moscow: Gorizont. [In Russian]

9. Omarbekov, T. (1994). Zobalang: kushtep uzhymdastyruga karsylyk, 1929–1931 zhyldary bolgan khalyk narazylygy [Calamity: Popular Resistance to Forced Collectivization, 1929–1931]. Almaty: Sanat. [In Kazakh]

10. Polanyi, K. (2002). Velikaya transformatsiya [The Great Transformation]. Saint Petersburg: Aleteya. [In Russian]

11. Scott, J.C. (2005). Blagimi namereniyami gosudarstva [Seeing Like a State]. Moscow: Universitetskaya kniga. [In Russian]

12. Smagambet, B.Zh. and Tlespayeva, A.A. (2018). Tarikhi-aleumettanulyk zertteude «madeni zharakat» teoriyasyn koldanu mumkindigi [The Possibilities of Applying Cultural Trauma Theory in Historical-Sociological Research]. L.N. Gumilyov atyndagy EUU khabarshysy. Pedagogika. Psikhologiya. Aleumettanu seriyasy, 1(122), 289–296. [In Kazakh]

13. Smagambet, B.Zh. and Tlespayeva, A.A. (2019a). Kazak sedenterizatsiyasy zhane onyn saldary. Aleumettanulyk kontseptualdau perspektivasy [Kazakh Sedentarization and Its Consequences: A Sociological Conceptualization Perspective]. S. Toraigyrov atyndagy PMU khabarshysy. Gumanitarlyk seriyasy, 2, 142–154. [In Kazakh]

14. Smagambet, B.Zh. and Tlespayeva, A.A. (2019b). Gylymdagy aleumettik zhad maselesi [The Problem of Social Memory in Science]. Abai atyndagy KazUPU khabarshysy. Aleumettik zhane sayasi gylymdar seriyasy, 2(66), 69–76. [In Kazakh]

15. Urry, J. (2012). Mobil'nosti [Mobilities]. Moscow: Praksis. [In Russian].

16. Smagambet, B.Zh., Tlespayeva, A.A. and Musabayeva, A.B. (2021). Social Memory: From Oblivion or Construction to Cultural Trauma. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 13(2), 1–13. *https://doi.org/10.21659/rupkatha.v13n2.48*

Авторлар туралы мәлімет

Смағамбет Б.Ж. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтану кафедрасы, Астана, Қазақстан.

Айқынбайқызы А.– хат-хабар авторы, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтану кафедрасы, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах

Смағамбет Б. Ж. – кандидат социологических наук, доцент, кафедра социологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Айкынбайкызы А. – автор для корреспонденции, PhD, кафедра социологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about the authors

Smagambet B.– Candidate of Sociological Sciences, Associate Professor, Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Aikynbaikyzy A. – corresponding author, PhD, Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

IRSTI 04.81.06.81.23
Research article

https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-156-3-128-143

PUBLIC PERCEPTION OF LEGAL REGULATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE

B.N. Tokhtakhunov *[1], A.B. Montaev[2], Zh.A. Altaev[3], Sh. Eraliev[4], M.A. Akmadi[5]

[1],[3] al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2] M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
[4]Lund University, Lund, Sweden
[5]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

E-mail:[1]tokhtakhounovbakhtiyar@gmail.com, [2]elim_menim@mail.ru*
[3]altaev.kaznu@gmail.com, [4]sherzod.eraliev@soclaw.lu.se,
[5]akmadi.moldir@gmail.com

Abstract. The growing integration of artificial intelligence (AI) into professional practice, public administration, and everyday decision-making raises important questions about its legal regulation and social implications. This study examines the social dimensions of AI regulation in Kazakhstan, focusing on how support for government oversight relates to privacy concerns, perceptions of citizens' rights, legal awareness, trust in AI, and practical experience with these technologies. Its significance lies in examining regulation through public attitudes, extending discussion beyond legal and institutional frameworks to an understudied national context.

The study draws on a sociological survey conducted in Kazakh and Russian among residents of Kazakhstan's megacities. Descriptive statistics, correlation analysis, and chi-square tests were used to examine relationships between regulatory preferences, attitudes toward AI, practical experience, and selected sociodemographic characteristics.

The findings show that support for government regulation is associated with concerns about privacy and the protection of citizens' rights. Respondents who perceived greater risks to individual rights were more likely to favor government oversight, whereas those with greater practical experience of AI preferred less government intervention. Trust in AI did not preclude support for regulation: respondents expressing greater trust also recognized the need for legal oversight. Thus, trust in technology and support for its regulation can coexist.

The study concludes that public perceptions of AI regulation reflect an interplay of perceived risks, trust, legal awareness, and practical experience rather than a simple division between technological acceptance and rejection. It provides empirical evidence from Kazakhstan for sociological debates on AI governance and demonstrates the relevance of public attitudes to regulatory discussions. The findings also highlight the

Received: 05.07.2026; Revised: 20.09.2026; Approved: 28.09.2026; Available online: 30.09.2026

*the corresponding author

need for further research into how citizens interpret AI, assess its implications for their rights, and define the appropriate scope of government oversight.

Keywords: artificial intelligence, public perception, legal regulation, ethics, digital governance, Kazakhstan.

Introduction

In today's digital world, advances in artificial intelligence (AI) are reshaping legal, economic, and social systems around the world. AI influences court decision-making and the automation of government services, raising complex legal and ethical issues that require careful analysis and regulatory enactment. Although a substantial body of research has examined AI governance in the European Union, China, and the United States (Lima, 2020), comparatively less attention has been paid to AI governance and its public perception in emerging and transitional contexts such as Kazakhstan. Moreover, much of the existing literature approaches AI regulation from legal, technological, and policy perspectives, while the public-perception dimension of AI governance remains comparatively underexplored (Lima, 2020: 10; Mays, 2025). This study examines perceptions of the legal regulation of artificial intelligence among residents of Astana, Almaty, and Shymkent, three major urban centres in Kazakhstan. Kazakhstan has pursued an extensive digital transformation agenda through national initiatives such as the Digital Kazakhstan programme and the subsequent development of institutional structures responsible for artificial intelligence and digital development. However, considerably less is known about how citizens perceive emerging AI regulation, how aware they are of relevant regulatory developments, and which factors are associated with their support for state regulation. Examining these questions is particularly relevant in Kazakhstan, where the development of AI governance is occurring alongside broader processes of digital transformation and institutional modernization.

The object of the study is the adult population of Astana, Almaty, and Shymkent.

The subject of the research is the relationship between ethical attitudes, self-reported awareness of AI regulation, trust in AI technologies, practical AI use, and support for state regulation of AI.

The aim of the research is to examine the social factors associated with support for state regulation of artificial intelligence among residents of Astana, Almaty, and Shymkent. Specifically, the study examines the relationships between support for state regulation and concerns about privacy and citizens' rights, self-reported awareness of AI regulation, trust in AI technologies, practical AI use, and ethical attitudes toward AI. It also assesses whether perceptions of Kazakhstan's readiness to introduce effective legal mechanisms for AI regulation are associated with support for state regulation.

The hypothesis of the study is that support for state regulation of artificial intelligence among respondents in Astana, Almaty, and Shymkent is associated with ethical attitudes, self-reported awareness of AI regulation, trust in AI technologies, and practical AI use, with greater concern about potential violations of privacy and citizens' rights expected to be associated with stronger support for state regulation.

The research problem. In Kazakhstan, the expanding use of AI in public administration, education, business, and everyday life has increased the importance of developing regulatory mechanisms that address privacy, accountability, citizens' rights, and the potential risks associated with AI applications. These regulatory developments are taking place alongside rapid digital transformation, making public perceptions of AI governance an increasingly relevant area of inquiry. The social legitimacy of AI regulation may depend not only on the formal content of legal rules but also on how citizens perceive AI-related risks, evaluate AI technologies, and understand the emerging regulatory environment. Regulatory attitudes may therefore vary according to individuals' practical experience with AI, self-reported awareness of AI regulation, trust in AI technologies, ethical attitudes, and concerns about privacy and citizens' rights. The research problem concerns how these factors are associated with support for state regulation within the context of Kazakhstan's developing AI governance framework.

The research gap and contribution of the study. Despite the rapid expansion of research on AI governance, the social foundations of public support for AI regulation remain less extensively examined than its legal, technological, and institutional dimensions. Existing legal and policy research has primarily addressed normative models, institutional accountability, risk classification, data protection, and comparative regulatory frameworks (De Almeida, 2021; Hacker, 2024; Bissaliyev, 2025; Brown, 2025; Kalmyrza, 2025). Social research has increasingly examined public perceptions of AI, including perceived risks, trust, acceptance, and attitudes toward its societal consequences (Lima,

Abstract. The article examines the phenomenon of hybrid trust in the context of Kazakhstan's digitalization and its implications for the development of the creative economy. The study addresses institutional, interpersonal, and algorithmic dimensions of trust emerging in citizens' interactions with e-government, digital services, and artificial intelligence systems. The methodological framework combines the analysis of international indices and surveys (OECD, UNESCO, KPMG, Freedom House, World Values Survey) with original empirical material, including expert in-depth interviews, experimental interviews with chatbots, and case analysis of digital fraud in Kazakhstan in 2024–2025. The findings indicate a discrepancy between the widespread use of digital services and more restrained levels of institutional and algorithmic trust. The analysis suggests that trust in the digital environment can be understood as the outcome of interaction among institutional, interpersonal, and algorithmic factors.

In this study, hybrid trust is understood as a specific type of trust emerging from social interaction that is simultaneously mediated by institutions, digital platforms, and algorithms. This form of trust characterizes the user's attitude toward the entire "human–digital intermediary–state institution" interaction chain. The proposed concept of trust is significant for analyzing contemporary digital society.

Keywords: hybrid trust; digital society; algorithmic trust; e-government; creative economy; artificial intelligence.

References

1. Alfano, M. and Klein, C. (2024) "Trust in a Social and Digital World," Social Epistemology, 38(6), pp. 669–673. Available at: https://doi.org/10.1080/02691728.2024.2417387.

2. Amaka Peace Onebunne (2022) "Algorithmic bias and media manipulation: A systematic review of AI's Role in shaping public perception and political discourse," World Journal of Advanced Research and Reviews, 16(3), pp. 1239–1249. Available at: https://doi.org/10.30574/wjarr.2022.16.3.1332.

3. Araujo, T. et al. (2020) "In AI we trust? Perceptions about automated decision-making by artificial intelligence," AI & SOCIETY, 35(3), pp. 611–623. Available at: https://doi.org/10.1007/s00146-019-00931-w.

4. Azattyq.org (2024a) "V Astane nachalsja sud nad jeks-glavoj blagotvoritel'nogo fonda, obvinjaemoj v hishhenii deneg dlja postradavshih na Blizhnem Vostoke." Available at: https://rus.azattyq.org/a/v-astane-nachalsya-sud-nad-eks-glavoy-blagotvoritelnogo-fonda-obvinyaemoy-v-hischenii-deneg-dlya-postradavshih-na-blizhnem-vostoke/33469319.html. [in Russian]

5. Azattyq.org (2024b) "«Tri milliona na fjenshuj, eshhjo tri — na BADy»: kak prohodit sud nad glavoj fonda «Biz Birgemiz» Perizat Kajrat." Available at: https://rus.azattyq.org/a/tri-milliona-na-fenshuy-esche-tri-na-bady-kak-prohodit-sud-nad-glavoy-fonda-biz-birgemiz-perizat-kayrat/33481158.html. [in Russian]

6. Bencsik, A., Hargitai, D.M. and Kulachinskaya, A. (2022) "Trust in and Risk of Technology in Organizational Digitalization," Risks, 10(5), p. 90. Available at: https://doi.org/10.3390/risks10050090.

7. Daza, N.J.P. (2024) "Digital Transformation Models in Industries Cultural and Creative 2013 – 2023," International Journal of Human Sciences Research, 4(3), pp. 2–10. Available at: https://doi.org/10.22533/at.ed.558432419015.

8. Duenas-Cid, D. and Calzati, S. (2023) "Dis/Trust and data-driven technologies," Internet Policy Review, 12(4). Available at: https://doi.org/10.14763/2023.4.1727.

9. Dzutsati, V. and Rakhmatullayeva, D. (2025) "Internet and Public Trust in Government in Central Asia." Available at: https://jordanrussiacenter.org/blog/internet-and-public-trust-in-government-in-central-asia.

10. Freedom House (2024) Freedom on the Net 2024: Tightening the Net. Available at: https://freedomhouse.org/report/freedom-net/2024/tightening-net.

11. Giddens, A. (1990) The Consequences of modernity. Cambridge: Polity Press.

12. Gillespie, N. et al. (2025) Trust, attitudes and use of artificial intelligence: A global study 2025. The University of Melbourne, p. 4974511 Bytes. Available at: https://doi.org/10.26188/28822919.

13. Godoy, J.D., Otrel-Cass, K. and Toft, K.H. (2021) "Transformations of trust in society: A systematic review of how access to big data in energy systems challenges Scandinavian culture," Energy and AI, 5, p. 100079. Available at: https://doi.org/10.1016/j.egyai.2021.100079.

14. Hasanović, J. et al. (2024) "Youth Study SEE 2024/2025 – Independent but concerned." Available at: https://soe.fes.de/features/youth-studies-2024-2025.html.

15. Henrique, B.M. and Santos, E. (2024) "Trust in artificial intelligence: Literature review and main path analysis," Computers in Human Behavior: Artificial Humans, 2(1), p. 100043. Available at: https://doi.org/10.1016/j.chbah.2024.100043.

16. Jamanbalayeva, S., Burova, E., Sagikyzy, A., Zhanabayeva, D. and Adamidi, A. (2025) "The paradigm of the digital society: synthesis of technocratic and socio-humanitarian approaches," Cogent Social Sciences, 11(1), 2513460. https://doi.org/10.1080/23311886.2025.2513460

17. Kuandykov, T. (2023) "Which messaging apps are popular in Uzbekistan, Kyrgyzstan, and Kazakhstan." Available at: https://ca-barometer.org/en/publications/which-messaging-apps-are-popular-in-uzbekistan-kyrgyzstan-and-kazakhstan.

18. Kurmangali, M., Yeraliyeva, Y. and Beimisheva, A. (2024) "Digitalization and artificial inteligence in Central Asia: governmental responses and further implications," Public Policy and Administration, 23. Available at: https://doi.org/10.13165/VPA-24-23-2-03.

19. Kursiv Media (2024) "ZhRB proverjaet fond «Asar-Ume» posle obvinenij v neprozrachnosti." Available at: https://kz.kursiv.media/2024-11-11/zhrb-kz-asar-ume/. [in Russian]

20. OECD (2024a) OECD Digital Economy Outlook 2024 (Volume 1). Organisation for Economic Co-operation and Development. Available at: https://www.oecd.org/en/publications/2024/05/oecd-digital-economy-outlook-2024-volume-1_d30a04c9.html.

21. OECD (2024b) OECD Survey on Drivers of Trust in Public Institutions – 2024 Results: Building Trust in a Complex Policy Environment. OECD. Available at: https://doi.org/10.1787/9a20554b-en.

22. OECD (2025) Governing with Artificial Intelligence: The State of Play and Way Forward in Core Government Functions. OECD Publishing. Available at: https://doi.org/10.1787/795de142-en.

23. Olatunde, S. and Mohamed, A. (2025) "Exploring the Privacy Paradox in AI Adoption: A Data-Driven Analysis of User Engagement," in 2025 6th International Conference on Artificial Intelligence, Robotics and Control (AIRC). 2025 6th International Conference on Artificial Intelligence, Robotics and Control (AIRC), Savannah, GA, USA: IEEE, pp. 424–429. Available at: https://doi.org/10.1109/AIRC64931.2025.11077547.

24. Rodilosso, E. (2024) "Filter Bubbles and the Unfeeling: How AI for Social Media Can Foster Extremism and Polarization," Philosophy & Technology, 37(2), p. 71. Available at: https://doi.org/10.1007/s13347-024-00758-4.

25. Sannikova, L.V. and Kharitonova, Y.S. (2019) "The Trust and the Digitalization of Society," in Proceedings of the 2nd International Conference on Education Science and Social Development (ESSD 2019). Proceedings of the 2nd International Conference on Education Science and Social Development (ESSD 2019), Changsha, China: Atlantis Press. Available at: https://doi.org/10.2991/essd-19.2019.111.

26. Sztompka, P. (1999) Trust: a sociological theory. Cambridge, UK; New York, NY: Cambridge University Press (Cambridge Cultural Social Studies).

27. Tengrinews.kz (2024) "Povlijaet li delo Perizat Kajrat na blagotvoritel'nost' v Kazahstane?" Available at: https://tengrinews.kz/article/povliiaet-delo-perizat-kairat-blagotvoritelnost-kazaxstane-3068/. [in Russian]

28. UN Trade and Development (2024) Creative Economy Outlook 2024. Erscheinungsort nicht ermittelbar: United Nations.

29. UNESCO (2021) Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137.

30. United Nations Department of Economic and Social Affairs (UN DESA) (2022) "United Nations E-Government Survey 2022: The Future of Digital Government." Available at: https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/Reports/UN-E-Government-Survey-2022.

31. Ustinka.kz (2024) "Moshenniki ukrali bolee 2 mlrd tenge iz blagotvoritel'nyh sborov." Available at: https://ustinka.kz/kazakhstan/society/97242.html. [in Russian]

32. World Values Survey Association (no date) "World Values Survey: Findings and Insights." Available at: https://www.worldvaluessurvey.org/WVSContents.jsp?CMSID=Findings.

33. Xu, J., Lee, T. and Goggin, G. (2024) "AI governance in Asia: policies, praxis and approaches," Communication Research and Practice, 10(3), pp. 275–287. Available at: https://doi.org/10.1080/22041451.2024.2391204.

Сведения об авторах

Туспекова *К.А.* – PhD докторант, Кыргызский экономический университет, Бишкек, Кыргызстан

Бурбаева *П.Т.* – автор для корреспонденции, кандидат социологических наук, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Мусабаева А.Б. – PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Кабул *О.*Қ. - PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет

Туспекова К.А. – PhD докторанты, Қырғыз экономикалық университеті, Бішкек, Қырғызстан

Бурбаева П.Т. – хат-хабар авторы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Мұсабаева *А.Б.* – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қабул *О.Қ.* – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Information about the authors

Tuspékova K.A. – PhD student, Kyrgyz Economic University, Bishkek, Kyrgyzstan

Burbayeva P.T. – corresponding author, Candidate of Sociological Sciences, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Mussabayeva A.B. – PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Kabul O.K. – PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

ХҒТАР 04.41.31 https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-156-3-157-174
Зерттеу мақаласы

ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ

***А.Б. Шабденова*[1], *О.Ю. Тарабукина*[2], *Д.А. Арын**[3], *Э.Х. Заитов*[4]

[1,3] *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
[2] *ҚАЙСАР қоғамдық қоры, Теміртау, Қазақстан*
[4] *Мирзо-Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан*

E-mail: [1]Aizhan.Shabdenova@kaznu.kz, [2]tara_32@mail.ru,
**[3]Aryn.Duisenkul@kaznu.kz, [4]e.zaitov@nuu.uz*

Аңдатпа. Мақалада еліміздің орталық аймақтары – Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жұмыс берушілердің еңбек мигранттарына қатысты пікірі зерттелген. Аймаққа қоныс аударған еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылуына қатысты жұмыс берушілердің көзқарастары әлеуметтанулық тұрғыдан талданған. Соңғы уақытта ғылыми ортада Қазақстан Республикасы еңбек мигранттарын қабылдаушы ел ретінде жиі зерттелуде. Алайда жалдамалы мигранттарға сұранысты қалыптастыратын жұмыс беруші кәсіпкерлердің көзқарастарының аз зерттелуі мақаланың өзектілігін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – аймақтағы жұмыс берушілердің пікірлері негізінде мигранттардың қай салаға жиі тартылатынын, олардың микро және шағын бизнестегі үлесін, жұмысқа жалдау барысындағы кедергілерді, сондай-ақ мемлекеттің квоталау саясатына қатысты көзқарастарын анықтау. Зерттеудің эмпирикалық базасын еліміздің орталық аймақтарындағы жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама деректері құрайды.

Зерттеу нәтижелері жұмыс берушілердің пікірінше, еңбек мигранттарының қонақжайлылық, құрылыс, қызмет көрсету салаларына көбірек тартылатынын көрсетті. Еңбек мигранттарының микро және шағын бизнестегі үлесі біршама болғанымен, олардың жұмыспен қамтылуы аймақ бойынша жаппай таралмаған. Алынған жауаптар еңбек мигранттарын заңды түрде жұмысқа жалдауға байланысты әкімшілік-құқықтық және қаржылық кедергілердің, сондай-ақ тілдік қиындықтар мен консультациялық қолдаудың жеткіліксіздігі маңызды мәселелердің қатарында екенін көрсетті.

Зерттеу барысында жұмыс берушілердің квоталау тетігі туралы хабардарлық деңгейінің төмен екені және квоталар кадрлық қажеттіліктерді қанағаттандырудан гөрі жұмысқа жалдау үдерісін күрделендіреді деген пікірлердің басым екені анықталды. Сонымен қатар еңбек мигранттарын жұмысқа қабылдау

Түсті: 22.06.2026; Жөнделді: 24.08.2026; Мақұлданды: 28.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

көбінесе бейресми арналар, жеке таныстықтар мен ұсынымдар арқылы жүзеге асатындығы айқындалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – еңбек мигранттарына сұранысты қалыптастыратын негізгі субъектілердің, яғни жұмыс берушілердің ұстанымдарын талдау арқылы Қазақстандағы еңбек көші-қоны мәселелеріне арналған зерттеулерді толықтыруында. Зерттеудің аталған сала үшін құндылығы Орталық Қазақстандағы еңбек мигранттарын жұмыспен қамтудың салалық, институционалдық және өңірлік ерекшеліктерін нақтылауында.

Алынған нәтижелердің практикалық маңызы оларды еңбек көші-қонын реттеудің өңірлік саясатын, квоталау тетіктерін және жұмыс берушілерге арналған консультациялық қолдау жүйесін жетілдіру үшін қолдану мүмкіндігімен байланысты. Зерттеу нәтижелері көші-қон саясатын жетілдіруге жауапты мемлекеттік мекемелер мен осы бағыттағы ғылыми зерттеушілер үшін өзекті.

Негізгі ұғымдар: еңбек көші-қоны, жұмыс берушілер, еңбек мигранттары, Қарағанды облысы, Ұлытау облысы, микро және шағын бизнес, бейресми жалдау.

Кіріспе

Еңбек көші-қоны еліміздегі өңірлік әлеуметтік-экономикалық үдерістерге ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі зерттеулерде Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы еңбек мигранттарын қабылдайтын негізгі елдердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл жағдай экономиканың түрлі салаларындағы жалдамалы жұмыс күшіне сұраныспен тығыз байланысты (Anderson and Hancilova, 2011; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Еңбек мигранттары қонақжайлылық, құрылыс, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, сауда, үй шаруашылығы және басқа салаларға тартылады. Айта кететіні өңірлерде еңбек мигранттарын заңды түрде жұмысқа қабылдаумен қатар, оларды бейресми жалдау тәжірибелері де жиі кездеседі (Laruelle 2013; Davé 2014).

Әдетте зерттеулерде мигрант тұлғасы немесе мемлекеттік көші-қон саясаты негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, жұмыс берушілердің ұстанымдары зерттеушілер назарынан тыс қалып жатады (Денисенко и Мукомель, 2023; Григорьева, 2025; Ruhs and Anderson, 2008). Жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу арқылы еңбек мигранттарының еңбегін пайдалану шарттары мен олардың қай салаға жиі тартылатынын бағалауға болады. Бұл тәсіл мигранттарды жалдаудың бейресми және икемді нысандарына деген сұраныстың ауқымын және шетелдік жұмыс күшін заңды түрде тартуға кедергі келтіретін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздің орталық өңірлеріндегі кәсіпорындардың жалдамалы жұмыс күшіне деген қажеттіліктері әртүрлі, демек, өңірдегі еңбек көші-қонының сипаты да біркелкі емес (Arbashiyeva and Spanov 2022; Хишауева 2020; Укибаева 2021).

Қазақстан Республикасы облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларды (Астана, Алматы, Шымкент) қоса алғанда, жиырма өңірден тұрады. Еліміздің әрбір өңірі жеке зерттеуді қажет етеді, өйткені халықтың аумақтық орналасуы, этномәдени ерекшеліктері және өңірлердің экономикалық даму деңгейінің әркелкілігі әр аймақтың өзіндік сипатын қалыптастырады. Гранттық жобаның зерттеу аумағы ретінде Ұлытау және Қарағанды облыстары белгіленуіне байланысты мақала авторлары осы өңірлердегі жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде жиналған эмпирикалық деректерді талдайды. Осылайша, мақалада Орталық Қазақстанның аталған өңірлеріндегі жұмыс берушілердің еңбек мигранттарына қатысты пікірлері ұсынылған.

Қазақстандағы еңбек көші-қонына арналған зерттеулерде мигранттардың әлеуметтік-құқықтық жағдайы, мемлекеттік көші-қон саясатының тетіктері, еңбек мобильділігі және бейресми жұмыспен қамту мәселелері кеңінен қарастырылады. Алайда мигранттың еңбегіне сұранысты қалыптастыратын негізгі акторлардың бірі – жұмыс берушілердің көзқарастары мен тәжірибелері аз зерттелген. Қазақстанның ірі қалаларынан (Астана, Алматы және Шымкент) тыс орналасқан өңірлік еңбек нарықтарындағы жұмыс берушілердің еңбек көші-қонына қатысты пікірлеріне, мигранттарды жұмысқа қабылдау тәжірибелеріне және мемлекеттік реттеу тетіктерін бағалауына арналған эмпирикалық зерттеулердің саны шектеулі.

Осы тұрғыдан алғанда, Қарағанды және Ұлытау облыстары ерекше зерттеушілік қызығушылық тудырады. Аталған өңірлердің экономикалық құрылымы, ірі және шағын қалалар арасындағы айырмашылықтар, еңбек ресурстарына деген қажеттілік және кәсіпорын қызметтері бойынша ерекшеліктер мигранттарды жұмысқа тарту тәжірибелеріне ықпал етуі мүмкін. Еңбек көші-қоны процестері тек мигранттың пікірі немесе мемлекеттік реттеу тұрғысынан ғана қарастырылмауы керек, жұмыс берушілердің көзқарасы тұрғысынан талдау да өңірлік еңбек нарығының жұмыс жасау ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жұмыс берушілердің еңбек көші-қонына қатысты бағалауларын талдау, олардың пікірінше мигранттардың еңбегі неғұрлым кеңінен қолданылатын экономика салаларын айқындау, еңбек мигранттарының шағын және микробизнеске тартылу деңгейін бағалау, оларды ресми түрде жұмысқа қабылдаудағы негізгі кедергілерді анықтау, жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін квоталау тетігіне қатысты пікірлерін және мигранттарды бейресми жалдаудың таралуына ықпал ететін факторларды зерделеу.

Зерттеу сұрақтары:

Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жұмыс берушілердің пікірінше, еңбек мигранттары экономиканың қай салаларында жиі жұмыспен қамтылады және олардың шағын және микробизнеске тартылу деңгейі қалай бағаланады?

Еңбек мигранттарын ресми түрде жұмысқа қабылдау барысында жұмыс берушілер қандай әкімшілік-құқықтық, қаржылық, ақпараттық және әлеуметтік кедергілерді неғұрлым маңызды деп санайды?

Жұмыс берушілер шетелдік жұмыс күшін квоталау тетігін және оның өңірлік бизнестің қажеттіліктеріне сәйкестігін қалай бағалайды?

Жұмыс берушілердің пікірінше, еңбек мигранттарын бейресми жалдаудың таралуына қандай факторлар ықпал етеді?

Әдебиетке шолу

Қазақстан Орталық Азия аймағында көшіп келушілер үшін тартымды елдердің бірі болып табылады (Anderson and Hancilova, 2011; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Еліміз өңірлік көші-қон үдерістерінде маңызды роль атқарады және еңбек көші-қоны кездейсоқ құбылыс емес, өңірлік еңбек нарығының тұрақты құрамдас бөлігі саналады. Бұл құбылыс, әсіресе, қызмет көрсету, құрылыс, ауыл шаруашылығы сияқты дене еңбегіне сұраныс жоғары әрі жұмыс берушілер еңбекті жалдаудың икемді нысандарын кеңінен қолданатын салаларда таралған (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері олардың бағалауларын тек респонденттердің субъективті пікірі ретінде ғана емес, еліміздің белгілі бір салалары мен өңірлеріндегі мигранттар еңбегіне деген сұраныстың жанама көрсеткіші ретінде де қарастыруға болатынын көрсетеді.

Қазақстан бойынша қолда бар зерттеулер негізінен үш мәселеге назар аударады: елдің мигранттарды қабылдаушы ретіндегі ролі (Anderson and Hancilova 2011; Laruelle 2013), еңбек мигранттарын жалдаудың құқықтық және жартылай ресми ерекшеліктері (Davé 2014; Khamzin et al. 2023), сондай-ақ мигранттардың құқықтары мен олардың осал топ ретіндегі жағдайы (Молдахметова и др., 2025). Алайда мигрант еңбегінің қай салаларда, қандай көлемде және қандай жағдайларда қолданылатынын айқындайтын маңызды әлеуметтік акторлардың бірі – жұмыс берушілердің ұстанымдары зерттеушілердің назарына сирек ілінеді. Сондықтан Орталық Қазақстандағы жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама осы зерттеушілік олқылықтың орнын ішінара толтыруға мүмкіндік береді. Бұл мигранттардың бейнесін сипаттаудан олардың еңбегіне сұранысты және осы сұраныстың экономикалық қызмет түрлері бойынша бөліну ерекшеліктерін талдауға көшуге жағдай жасайды.

Қазақстандағы көші-қон тақырыбына арналған зерттеулер еліміздің салыстырмалы экономикалық тұрақтылығы және көршілес мемлекеттерден, ең алдымен Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан еңбек мигранттарының келу нәтижесінде Орталық Азиядағы еңбек мобильдігінің маңызды орталығына айналғанын көрсетеді (Anderson and Hancilova, 2011; Laruelle, 2013). Алайда мигранттар экономика салалары бойынша әркелкі шоғырланған. Зерттеулерге сүйенсек, олар көбіне құрылыс, қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану, үй еңбегі және ауылшаруашылығының жекелеген салаларында еңбек етеді (Davé, 2014;

Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Бұл салалар көбінесе жалақысы төмен, мобильді әрі тез алмастыруға болатын жұмыс күшін қажет етеді (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023).

Бұл тұжырымдар мақалада келтірілген деректерді түсіндіру үшін екі тұрғыдан маңызды. Біріншіден, мигранттардың құрылыс, қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету салаларында шоғырлануы Қазақстан мен басқа посткеңестік еңбек нарықтарына арналған зерттеулерде бұрыннан анықталған жалпы үрдіске сәйкес келеді (Florinskaya, 2018; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Екіншіден, мигранттардың өнеркәсіпке, сауда саласы және ауыл шаруашылығының жекелеген салаларына аз тартылуы бұл салаларда олардың еңбегіне сұраныс жоқ екенін білдірмейді. Мұндай жағдай жалдаудың өзге нысандарының болуымен, еңбек нарығына кіру кедергілерінің жоғарылығымен, өңірлік экономикалық ерекшеліктерімен, сондай-ақ еңбек нарығының ресми және бейресми сегменттері арасындағы айырмашылықтармен байланысты болуы мүмкін (Arbashiyeva and Spanov, 2022; Davé, 2014; Mussurov et al., 2019).

Ғылыми әдебиеттерде жұмыс берушілер еңбек мигранттарына сұранысты қалыптастыратын маңызды әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Шетелдік жұмысшыларды іріктеу арналары, оларды жұмысқа орналастыру тәртібі және еңбегін бақылау тәжірибелері жұмыс берушілердің шешімдеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар жұмыс берушілер еңбек мигранттарының елде қалуы мен жұмыспен қамтылуына мүдделі негізгі топтардың бірі (Денисенко и Мукомель, 2023; Григорьева, 2025; Ruhs and Anderson, 2008). Қазіргі уақытта еңбек мигранттарына сұраныс еңбек жағдайы ауыр, жалақысы төмен және тұрақсыз жұмыс орындарында басым. Яғни еңбек мигранттары жергілікті жұмысшылар еңбек етуге құлықсыз немесе жергілікті жұмыс күші жеткіліксіз жұмыс орындарына жиі тартылады (Florinskaya, 2018; Григорьева, 2025).

Қазақстандағы еңбек көші-қоны саласындағы зерттеулерде заңнама талаптары мен жұмысқа қабылдаудың нақты тәжірибесі арасындағы алшақтық мәселесі жиі айтылады. Еңбек мигранттарын жұмысқа тарту ережелеріндегі қайшылықтар, квоталық шектеулер және тиісті рұқсаттарды алудағы қиындықтар оларды заңды түрде жұмысқа қабылдау үдерісін күрделендіреді. Мұндай жағдайлар мигранттарды жартылай ресми немесе бейресми түрде жұмысқа қабылдау тәжірибесінің таралуына ықпал етіп, оның еңбек нарығында қалыпты құбылыс ретінде қабылдану қаупін арттырады (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023).

Еңбек мигранттарының заңды түрде жұмысқа орналасу барысында түрлі кедергілерге тап болуы олардың әлеуметтік-құқықтық осалдығын күшейтіп, делдалдар мен жұмыс берушілерге тәуелділігін арттырады (Davé, 2014). Бейресми түрде жұмысқа орналасу белгілі бір жағдайда мигрантқа да, жұмыс берушіге де тиімді болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағдай жұмыс берушіге кейбір міндеттемелерді орындаудан жалтаруға және шығындарын азайтуға мүмкіндік бергенімен, мигранттың әлеуметтік-құқықтық осалдығын күшейтеді (Khamzin et al., 2023; Ruhs and Anderson, 2008; Urinboyev, 2020).

Еңбек көші-қоны тақырыбына арналған басқа зерттеулер мигранттар мен жұмыс берушілер арасындағы байланыс көбінесе бейресми арналар – делдалдар, бригадирлер мен ұйымдастырушылар арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Соның салдарынан жұмыс беруші мен еңбек мигранты арасында тікелей еңбек қатынастары қалыптаспай, жауапкершілікті бөлудің күрделі желісі пайда болады (Urinboyev, 2020).

Қазақстандағы көші-қон үдерістерін сипаттайтын әдебиеттерде көші-қон және еңбек қатынастарының өңірлік айырмашылықтары ерекше атап көрсетіледі (Arbashiyeva and Spanov, 2022). Икемді жұмыс күші шалғай орналасқан өңірлер мен шағын қалаларға қарағанда, ірі қалаларға, экономикалық тұрғыдан дамыған өңірлерге және жекелеген өндірістік кластерлерге көбірек тартылады (Arbashiyeva and Spanov, 2022). Сондықтан жұмыс берушілердің мигранттардың өңірлер мен экономика салалары бойынша әркелкі шоғырланатыны туралы пікірлерін кездейсоқ құбылыс емес, экономикалық кеңістіктің көрінісі ретінде қарастырған жөн.

Ғылыми әдебиеттерде Қарағанды облысы еңбек нарығы күрделі, демографиялық құлдырау байқалатын және облыс орталығы мен шалғай орналасқан елді мекендер арасындағы ішкі айырмашылықтары айқын өнеркәсіптік өңір ретінде сипатталады (Arbashiyeva and Spanov, 2022; Хишауева, 2020). Өңірде көші-қонның теріс сальдосы, жастардың жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендігі, сондай-ақ мамандарды даярлау бағыттары мен экономикадағы кадрларға деген сұраныстың сәйкес келмеуі байқалады (Arbashiyeva and Spanov, 2022; Хишауева, 2020).

Бизнестің өңірлер бойынша әркелкі дамуына және аумақтық ерекшеліктерге байланысты еңбек мигранттары икемді жұмыс күшіне сұраныс бар жерлерге шоғырланады (Arbashiyeva and Spanov, 2022;

Укибаева, 2021). Ұлытау облысының дербес әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде жақында құрылуы және Жезқазған қаласының облыс орталығы мәртебесін алуы бұл өңірді Қарағанды облысының шеткері аумағы ретінде емес, өзіндік даму ерекшеліктері бар жеке еңбек нарығы ретінде қалыптастыру қажеттігін көрсетеді (Arbashiyeva and Spanov, 2022).

Көптеген ғылыми зерттеулерде Қазақстан құқықтық шектеулері басым және мигранттардың әлеуметтік-құқықтық қорғалу деңгейі төмен қабылдаушы ел ретінде сипатталады (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Алайда мигранттардың экономика салалары бойынша шоғырлануын, олардың шағын бизнеске қатысуын және Қазақстанның нақты өңірлеріндегі жұмысқа орналасу ерекшеліктерін жұмыс берушілердің көзқарасын зерттейтін еңбектер айтарлықтай аз. Әсіресе Орталық Қазақстан бойынша және ірі қалалардан тыс орналасқан өңірлердегі жұмыс берушілердің пікірлеріне арналған зерттеулер жеткіліксіз.

Әдебиеттерді талдау еңбек көші-қоны мәселесін бір-бірін толықтыратын бірнеше теориялық тәсіл тұрғысынан қарастыруға болатынын көрсетеді. Сегменттелген еңбек нарығы теориясы еңбек мигранттарының неліктен икемді жұмыс күшіне тұрақты сұраныс бар салаларда жиі жұмыспен қамтылатынын түсіндіреді.

Жұмыс берушілерге бағдарланған теориялық тәсіл осы сұраныстың нақты ұйымдар мен кәсіпкерлердің кімді, қалай және қандай шарттармен жұмысқа жалдау жөніндегі шешімдері арқылы қалыптасатынын түсінуге мүмкіндік береді. Институттық тәсіл шетелдік жұмыс күшін ресми түрде жалдауға қатысты ережелердің, рәсімдер мен кедергілердің әсерін ескереді. Ал желілік тәсіл мигранттарды жұмысқа жалдау үдерісінде жеке таныстықтардың, ұсынымдардың және делдалдардың маңызын көрсетеді.

Зерттеуде жұмыс берушілер өңірлік еңбек нарығының негізгі қатысушыларының бірі ретінде қарастырылады. Олардың жағдайға берген бағалары мен тәжірибелері жұмыс күшіне деген қажеттілікке ғана емес, жұмысқа жалдаудың қалыптасқан ережелеріне, жергілікті нарықтың ерекшеліктеріне және жұмысшыларды іздеудің қол жетімді арналарына да байланысты. Жұмыс берушілердің мигранттардың қай салаларда көбірек кездесетіні туралы пікірлері оларды жалдаудың немесе мигранттар еңбегіне сұраныстың нақты көлемінің көрсеткіші емес. Бұл пікірлер, ең алдымен, жұмыс берушілердің өңірлік еңбек нарығындағы жағдай туралы және еңбек мигранттарының оның жекелеген сегменттеріндегі алатын орны туралы түсініктерін білдіреді.

Қолданыстағы зерттеулерде Қазақстан мигранттарды қабылдаушы ел ретінде қарастырылып, көбінесе еңбек мигранттарының құқықтық жағдайына, бейресми жұмыспен қамтылуына және еңбек нарығындағы өңірлік ерекшеліктерге назар аударылады. Алайда еліміздің ірі өнеркәсіптік аймақтарының бірі – Орталық Қазақстандағы жұмыс берушілердің пікірлері мен олардың еңбек мигранттарына деген сұранысты қалыптастырудағы ролі зерттеушілердің назарынан тыс қалып отыр. Сондықтан бұл зерттеу Қарағанды және Ұлытау облыстарының жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама деректерін талдау арқылы аталған зерттеушілік олқылықтың орнын ішінара толтыруға бағытталған.

Әдіснама

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасының Қарағанды және Ұлытау облыстарында қызмет ететін түрлі ұйымдардың басшылары, кәсіпкерлерден құралған жұмыс берушілер алынды. Зерттелетін көрсеткіштердің таралу сипаты мен ауқымын анықтау үшін мәліметтерді жинаудың сандық әдісі – стандартталған сауалнама әдісі қолданылды.

Зерттеуде «кесек қар» (snowball sampling) әдісімен қалыптастырылған ықтималдықсыз іріктеу пайдаланылды. Бастапқы кезеңде зерттеуге мақсатты топтың өлшемшарттарына сәйкес келетін жұмыс берушілер, атап айтқанда, Қарағанды және Ұлытау облыстарында қызмет ететін ұйымдардың басшылары, кәсіпкерлер және жұмыс берушілердің өзге де өкілдері іріктелді. Зерттеу барысында қатысушылар белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін басқа да әлеуетті респонденттерді ұсынды. «Кесек қар» әдісін қолдану мақсатты топтың өзіндік ерекшеліктеріне және қызметтің әртүрлі салаларындағы жұмыс берушілерге, соның ішінде шағын және микробизнес өкілдеріне қол жеткізу қажеттілігіне байланысты болды. Зерттеуге барлығы 146 жұмыс беруші қатысты.

Іріктеу ықтималдықсыз әдіс арқылы қалыптастырылғандықтан, алынған мәліметтер Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы барлық жұмыс берушілерге немесе бүкіл Қазақстандағы жұмыс берушілерге

қатысты статистикалық тұрғыдан репрезентативті бола алмайды. Сонымен қатар «кесек қар» әдісі желілік қол жетімділікпен байланысты, яғни респонденттер ұқсас әлеуметтік және кәсіби сипаттамаларға ие жұмыс берушілерді ұсынуы мүмкін. Бұл факторды зерттеудің шектеулеріне жатқызуға болады, сондықтан алынған деректер зерттеуге қатысқан жұмыс берушілер тобының сипаттамалары және олардың жауаптарынан анықталған үрдістер ретінде түсіндіріледі.

Жоба сарапшылары әртүрлі сұрақтардан тұратын сауалнама әзірледі. Сауалнамада дайын жауап нұсқалары ұсынылған жабық сұрақтармен қатар, жартылай жабық сұрақтар да қойылды, респонденттерге ұсынылған нұсқалардан бөлек өз жауаптарын да көрсетуге мүмкіндік беретін жартылай жабық сұрақтар да қамтылды. Сондай-ақ жауап нұсқалары ұсынылмайтын ашық сұрақтар да қойылып, интервьюерлер респонденттердің жауаптарын тіркеп отырды. Деректерді жинаудың негізгі кезеңіне дейін мақсатты топтың 10 өкіліне сауалнама жүргізу арқылы пилоттық зерттеу өткізілді. Пилоттық зерттеудің мақсаты сұрақтар мен жауап нұсқаларының түсініктілігін және зерттеу құралының құрылымдық логикасын тексеру болды. Пилоттық зерттеу нәтижесінде жекелеген сұрақтардың тұжырымдалуы мен жауап нұсқалары түзетіліп, респонденттерге түсініктірек болуы үшін біршама жеңілдетілді.

Ашық сұрақтарға берілген жауаптар тақырыптық кодтау арқылы талданды. Бірінші кезеңде қайталанатын мағыналық бірліктер мен мазмұны жағынан ұқсас жауаптар белгіленді. Екінші кезеңде мағынасы жақын пікірлер неғұрлым ауқымды талдау категорияларына біріктірілді. Талдаудың сенімділігін арттыру мақсатында тоғыспалы кодтау қолданылды: мәтіндік жауаптарға екі зерттеуші бір-бірінен тәуелсіз кодтап, содан кейін алынған нәтиже салыстырылды. Жекелеген жауаптарды категорияға бөлу барысында байқалған айырмашылықтар талқыланып, категориялардың қорытынды жүйесін қалыптастыру барысында өзара келісілді. Одан кейін жауаптардың үлестірілуі біріктірілген деңгейде талданды. Мақалада жекелеген категориялардың мағынасын көрнекі түрде көрсету үшін респонденттердің типтік жауаптары пайдаланылды.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде мақсатты іріктеу әдісі қолданылды. Әдіснамаға сәйкес, мақсатты іріктемеге зерттеу мақсаты мен мақсатты топтың белгіленген өлшемшарттарына сәйкес келетін адамдар енгізілді. Осыған байланысты зерттеушілер мақсатты топ белгілеріне сай келетін респондентті іріктеді. Сауалнамаға Қазақстан Республикасының Қарағанды және Ұлытау облыстарында қызмет ететін 146 жұмыс беруші қатысты. Іріктеме зерттеу объектісінің бірқатар әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын қамтиды. Гендерлік құрылымы бойынша респонденттердің 55%-ын ерлер, 45%-ын әйелдер құрайды. Респонденттердің орташа жасы 43 жасты құрады, ең жасы – 22 жаста, ең үлкені – 66 жаста.

Ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша іріктемеде жеке кәсіпкерлер басым болды - 78,8%. Респонденттердің 8,2%-ын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің өкілдері; 7,5%-ын резидент емес жеке кәсіпкерлер, 3,4%-ын шаруа және фермер қожалықтарының өкілдері құрады. Қалған ұйымдық-құқықтық нысандардың үлесі мардымсыз болды.

Іріктеменің салалық құрылымын сипаттау мақсатында ұйымдардың қызмет саласы туралы ашық сұрақтарға берілген жауаптар ірі категорияларға біріктірілді. Ең көп топты HoReCa, қоғамдық тамақтану және орналастыру салаларындағы жұмыс берушілер құрады (56,2%), одан кейін қызмет көрсету саласының өкілдері (15,1%), сауда (8,2%), құрылыс (8,2%), ауыл шаруашылығы және шаруа-фермер қожалықтарының өкілдері (6,2%), өнеркәсіп, өндіріс және өңдеу салаларындағы жұмыс берушілер (4,1%) орналасты.

Жұмыс берушілердің әртүрлі топтарының жауаптарын тереңірек талдау үшін сипаттамалық статистикамен қатар салыстырмалы талдау жүргізілді. Респонденттердің тұратын өңірі, жынысы, жасы және қызмет саласы бойынша жауаптарындағы айырмашылықтар тексерілді. Салыстырмалы талдау жүргізу үшін респонденттер жас ерекшелігіне үш топқа біріктірілді: 22-37 жас, 38-46 жас және 47-66 жас. Категориялық айнымалылар арасындағы байланыстар Пирсонның χ^2 критерийінің көмегімен тексерілді, ал статистикалық мәнді байланыстардың күші Крамердің V коэффициенті арқылы бағаланды. Бақылау саны аз болған жекелеген категориялар үшін Фишердің дәлдік критерийі қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p<0,05$ болып белгіленді. Ұйымның көлемі салыстырмалы талдауға енгізілмеді, өйткені бұл көрсеткіш зерттеудің құралдарында қарастырылмаған еді.

Зерттеу барысында барлық этикалық талаптар сақталды. Қатысушыларға зерттеу туралы ауызша ақпарат беріліп, олардың зерттеуге қатысуға келісімі алынды. Барлық алынған деректер респонденттердің жеке басын анықтауға мүмкіндік бермейтіндей, жалпыланған деңгейде өңделді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Сауалнама барысында барлық жұмыс берушіге: «Сіз тұратын өңірде еңбек мигранттары көбінесе қай салаларда жұмыс істейтінін байқадыңыз?», деген ашық сұрақ қойылды, ал алынған жауаптардың нәтижелері 1 кестеде ұсынылды.

Жұмыс берушілердің еңбек мигранттары жұмыспен қамтылған салалары туралы жауаптары тақырыптық-мағыналық кодтау әдісімен талданды. Респонденттер бірнеше саланы көрсете алғандықтан, бір жауап бірнеше категорияға жатқызылды. Ең көп жауап HoReCa, қоғамдық тамақтандыру және орналастыру саласының үлесінде (52,1%). Екінші кезектегі жиі көрсетілген категория құрылыс - 34,9%, одан кейінгі орында қызмет көрсету саласы – 20,5%. Ауыл шаруашылығы, сауда, өнеркәсіп, көлік және үй еңбегі айтарлықтай сирек көрсетілді. Бірқатар жұмыс берушілер «барлық жерде аздап», «мигранттар аз кездеседі» деген жауаптар арқылы немесе өз өңірінде олардың саны аз екенін және белгілі бір салада айқын шоғырланбағанын атап өтті.


Жұмыс берушілердің бағалауы бойынша, еңбек мигранттары көбінесе HoReCa, қоғамдық тамақтану және орналастыру салаларында жұмыс істейді. Бұл салаларда қол еңбегіне сұраныстың жоғары болуы, жұмысқа орналасудың икемді нысандары және бастапқы біліктілікке қойылатын талаптардың салыстырмалы түрде төмен болуы тән. Жұмыс берушілер ауыл шаруашылығы, сауда және өнеркәсіп салаларында еңбек мигранттарын сирек атаған. Кейбір респонденттер, әсіресе шағын қалаларда қызмет ететін жұмыс берушілер өз өңірлерінде шетелдік жұмыскерлердің аз екенін көрсеткен. Осылайша, 1 кестедегі деректер жұмыс берушілердің еңбек мигранттарын негізінен HoReCa, құрылыс, қызмет көрсету салаларымен байланыстыратынын, алайда бұл бағалаулар өңірлер мен елді мекендерге қарай ерекшеленетінін көрсетеді.

1-кесте. «Сіздің пікіріңізше, өңіріңізде еңбек мигранттары көбінесе қай салаларда жұмыс істейді?» деген сұраққа топтастырылған жауаптар, n=146

Сала	Жұмыс берушілердің жауаптарында аталу жиілігі	Типтік тұжырымдар мен мысалдар
HoReCa (ресторандар, кафе, барлар, қонақ үйлер, кейтеринг)	52,1 % Ең көп аталған сала; мигранттар доминантты түрде жұмысқа қамтылған сала	«кафе», «донер», «самса», «көшедегі тамақ», «аспаздар», «шағын дәмханаларда»
Құрылыс	34,9 % Аталуы бойынша екінші орындағы сала; шағын бизнеске тән	«негізінен құрылыс», «көбінесе құрылыста», «құрылыс, жөндеу жұмыстары», «өнеркәсіп объектілерінде»
Қызмет көрсету саласы (клининг, жөндеу, жеткізу және басқалар)	20,5% Басқа салалармен бірге жиі айтылады; шашыраңқы жұмыспен қамтылған	«клининг», «жөндеу», «жеткізу», «автосервис», «әрқалай», «әр жерде аз-аздап»
Сауда (дүкендер, базарлар, сауда орындары)	7,5% Жиі шағын бизнес және индивидуальды жұмысқа орналасумен байланысты	«дүкен», «ларёк», «базар», «сауда орындары»
Ауыл шаруашылығы / фермерлік шаруашылықтар	7,5% Сирек айтылады; жұмыс түрінің маусымдық сипаты нақтыланады	«шаруа-фермерлік қожалықтар», «ауыл шаруашылығы», «маусымдық жұмыстар»
Өнеркәсіп және ірі кәсіпорындар	4,8% Жекелеген өңірлерге тән; институциональды жалдау	«ірі өнеркәсіп холдингтері», «заводтар», «қытай жұмысшылары көп»

Такси және транспорттық қызмет көрсету	3,4% Қосымша бірақ тұрақты сала, негізінен қалаларда	«такси», «үлкен қалаларда», «автосервис»
Үй еңбегі (бала қарайтындар, күтушілер, көмекшілер)	2,7% Нарықтағы көп таралмаған сегмент	«үй еңбегі», «бала күтушілер», «күтушілер»
Басқа / аралас жұмыстар	2% Мигранттар шоғырланбаған немесе аз қамтылғанын көрсетеді	«барлық жерде бар», «негізі мигранттар аз», «қала үлкен емес», «аз кездеседі»

«Сіздің ойыңызша, еңбек мигранттары көрсетілген салалардағы шағын және микробизнеске қаншалықты тартылған?» деген сұраққа жауаптардың үлестірілуі 1-суретте көрсетілген. Жұмыс берушілердің көпшілігі еңбек мигранттарының шағын және микробизнеске тартылуын орташа деңгейде таралған құбылыс деп бағалаған (45,9%). Респонденттердің төрттен бірінен астамы мигранттардың сирек тартылғанын айтады (26,0%). Шамамен әрбір бесінші жұмыс беруші еңбек мигранттарының шағын және микробизнеске тартылуын кең таралған деп есептейді (19,2%), ал жауап беруге қиналғандардың үлесі 8,9% құраған. Бұл нәтижелер еңбек мигранттарының шағын және микробизнеске едәуір дәрежеде тартылғанын, алайда олардың қатысуы жаппай сипат алмағанын көрсетеді.




1-сурет. «Сіздің ойыңызша, еңбек мигранттары шағын және микробизнеске қаншалықты тартылған?» деген сұраққа жауаптардың реті, n=146

Жұмыс берушілерге қойылған «Еңбек мигранттарын жалдау барысында қандай қиындықтар жиі кездеседі?» деген сұрақта бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді. Жауаптар 2-суретте жауаптар кему ретімен орналастырылған. Жұмыс берушілер көбінесе әкімшілік-құқықтық кедергілерді, атап айтқанда, құжаттар мен рұқсаттарды рәсімдеудің күрделілігін және қаржылық қиындықтарды – шығындар мен салықтардың жоғарылығын атаған. Одан кейін тілдік кедергілер, консультациялық қолдаудың жеткіліксіздігі және тексерулер мен айыппұлдардан қауіптену көрсетілген (2-сурет).



2-сурет. «Еңбек мигранттарын жұмысқа жалдау барысында қандай қиындықтар жиі кездеседі?» деген сұраққа жұмыс берушілердің жауаптарының үлестірімі, n=146

«Еңбек мигранттарына арналған квоталар жалдау үдерісіне қаншалықты әсер етеді?» деген сұраққа берілген жауаптар 3-суретте ұсынылған. Нәтижелер жұмыс берушілердің квоталау тетігі туралы ақпаратты аз меңгергендігін анықтады, сұралғандардың жартысынан астамы (53%) квотаның әсерін бағалауға қиналған немесе бұндай тетіктің бар екенін білмеген. Респонденттердің 26%-ы квоталау тетігі еңбек мигранттарын жалдауда қиындықтар туғызады деп есептеген. Сұралғандардың 17%-ы квоталаудың іс жүзінде әсер етпейтіндігін айтса, 4%-ы квотаны еңбек нарығын реттеуге көмектесетін тетік ретінде бағалаған. Бұл жауаптар ең алдымен сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің квоталау жүйесі туралы хабардарлығы мен оны пайдалану тәжірибесінің шектеулі екенін көрсетеді. Сондықтан аталған деректер квоталау тетігінің нақты тиімділігін емес, респонденттердің оны қабылдау ерекшеліктерін сипаттайды (3-сурет).




3-сурет. «Сіздің ойыңызша, еңбек мигранттарын тартуға арналған квоталар жалдау үдерісіне қаншалықты әсер етеді?» сұрағына жұмыс берушілердің жауаптарының үлестірімі, n=146

Сонымен қатар жұмыс берушілерге квотаға өтінім беру және оны алу барысында жиі кездесетін қиындықтарды анықтауға бағытталған ашық сұрақ қойылды. Жауаптарда квоталау тетігі туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, рәсімдердің түсініксіздігі және бизнестің шетелдік жұмыс күшіне деген қажеттілігінің толық ескерілмеуі жиі айтылады. Алайда бұл пікірлерді квоталау жүйесінің объективті сипаттамасы ретінде емес, респонденттердің тәжірибесі мен қабылдауын білдіретін бағалаулар ретінде түсіндірген жөн.

Жұмыс берушілердің жауаптарын талдау квотаға өтінім беру кезіндегі басты қиындықтардың, олардың пікірінше, негізінен әкімшілік-бюрократиялық және ақпараттық сипатта екенін көрсетті. Респонденттер мынадай қиындықтарды атаған:

- квоталау тетігі туралы ақпараттың жеткіліксіздігі және жұмыс берушілердің хабардарлық деңгейінің төмендігі;
- құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың күрделілігі және жинайтын құжаттың көптігі;
- өтінімдерді қарау мерзімінің ұзақтығы және нәтижесінің анықсыздығы;
- квота санының шектеулілігі, бәсекенің жоғарылығы, орындардың өңірлер арасында біркелкі бөлінбеуі және ірі бизнеске беріледі деген пікір;
- өтінім беруге байланысты ұйымдастырушылық және қаржылық шығындар, соның ішінде облыс орталығына бару, құжаттарды дайындау және қосымша уақыт пен ресурстарды жұмсау қажеттілігі. Респонденттердің пікірінше, мұндай шығындар әсіресе шағын және орта бизнес үшін елеулі болуы мүмкін.

«Еңбек мигранттарын жалдауға берілетін квоталар сіздің өңіріңіздегі жұмыс берушілердің қажеттілігін қаншалықты өтейді?» деген сұраққа берілген жауаптардың үлестірілімі 4-суретте көрсетілген. Бұл сұраққа 121 респондент жауап берген. «Білмеймін», «кездеспедім», «айта алмаймын» деген жауаптар әдістемелік тұрғыдан «Жауап беруге қиналамын» категориясына біріктірілді, өйткені оларда квоталау тетігіне қатысты нақты бағалау берілмеген. Алынған нәтижелер нақты баға берген респонденттер арасында квоталау жүйесінің өңірдегі жұмыс берушілердің кадрлық қажеттіліктерін толық өтемейтіні туралы пікірдің басым болғанын көрсетті. Жұмыс берушілердің үштен бірінен астамының (33,1%) квоталау жүйесіне қанағаттанбайтынын, ал шамамен әрбір төртінші респонденттің (24,8%) оның қажеттіліктерді ішінара ғана өтейтінін көрсетуі квоталау тетігінің мүмкіндіктері респонденттер тарапынан көбіне шектеулі деп бағаланғанын аңғартады. Сұралған жұмыс берушілердің басым бөлігі жауап беруге қиналған (41,3%), сондықтан бұл деректер квоталау жүйесінің объективті тиімділігі туралы кесімді тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді. Нақты баға берген респонденттердің жауаптарында квоталардың жұмыс берушілер қажеттіліктеріне сәйкестігіне қатысты сыни және ішінара қанағаттану бағалаулары басым болды.



4-сурет. Жұмыс берушілердің «Еңбек мигранттарын жалдауға берілетін квоталар сіздің өңіріңіздегі жұмыс берушілердің қажеттілігін қаншалықты өтейді?» сұрағына жауаптардың үлестірімі, n=121

Еңбек мигранттарын қызмет көрсету, құрылыс, ауылшаруашылығы және басқа салаларға жалдаудың қалай іске асырылып жатқандығы туралы ашық сұраққа респонденттер еркін жауап берді. Жұмыс берушілердің жауаптарында еңбек мигранттарын таныстар, туыстар, делдалдар және ұсыныс арқылы жалдау тәжірибесі жиі аталды. Респонденттердің пікірінше, қызметкерді мұндай тәсілмен іздеу жылдам әрі сенімді, өйткені жұмысқа таныстары ұсынған немесе біреу кепілдік бере алатын адам қабылданады. Мигранттардың достары немесе жерлестері арқылы келетін жағдай немесе жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жаңа адамдарды әкелуі де кең таралған тәжірибе ретінде сипатталған. Құрылыста бригадирлер немесе проработар арқылы келісу жиі аталса, ауылшаруашылығында маусымдық жұмысшыларды тікелей

немесе делдалдар арқылы жалдау көрсетілген. Ресми хабарландырулар, интернет-ресурстар және кадр агенттіктері сирек аталған. Кейбір жұмыс берушілер қызметкерлерді ресми жалдауға тырысатынын жеткізгенімен, бұндай жауаптардың саны аз болды. Осы жауаптардың негізінде сұралған жұмыс берушілердің тәжірибесінде еңбек мигранттарын жалдау көбінесе жеке байланыстар мен бейресми келісімдер арқылы жүзеге асатынын байқауға болады. Алайда бұл тұжырым зерттелген топтың жауаптарына қатысты және өңірлердегі барлық жұмыс берушінің тәжірибесіне тікелей жалпыланбайды.

Респонденттерге «Қазақстанда еңбек мигранттарын бейресми жалдаудың таралуына қандай факторлар әсер етеді?» деген сұрақ қойылды. Жауаптар 5-суретте кему ретімен ұсынылған. Бейресми жалдаудың таралуына ықпал ететін негізгі факторлар ретінде рәсімдердің күрделілігі мен ұзақтығы (66%) және заңды түрде жалдау шығындарының жоғарылығы (62%) аталған. Жұмыс берушілердің бағалауы бойынша, мұндай жағдайларда кейбір жұмыс берушілер шығындарды азайту және әкімшілік рәсімдерден жалтару үшін қызметкерлерді бейресми түрде жалдауға ұмтылуы мүмкін. Бұған қоса түсінікті ақпараттың жеткіліксіздігі, тексерулерден қауіптену және консультациялық қолдаудың аздығы да бейресми жалдау арналарына жүгінуге ықпал ететін факторлар ретінде көрсетілген.



5-сурет. Жұмыс берушілердің «Қазақстанда еңбек мигранттарын бейресми жалдаудың таралуына қандай факторлар әсер етеді?» деген сұраққа берген жауаптарының бөлінісі, n=146

Қосымша талдау жұмыс берушілердің еңбек көші-қонын қабылдауында өңірлік және салалық айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Қарағанды облысымен салыстырғанда Ұлытау облысының жұмыс берушілері көбірек еңбек мигранттарының құрылыс саласында (тиісінше 24,2% және 51,1%; $\chi^2(1)=9,21$; $p=0,002$; $V=0,251$) және қызмет көрсету саласында (тиісінше 9,1% және 31,9%; $\chi^2(1)=10,48$; $p=0,001$; $V=0,268$) шоғырланғанын жиірек атап өткен. HoReCa саласын атау жиілігі бойынша екі облыс арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді болмады ($p=0,153$).

Жұмыс берушінің қызмет саласы мен еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылу салаларына берген бағасы арасында да байланыс анықталды. HoReCa саласында қызмет ететін жұмыс берушілердің 74,4%-ы осы саланы еңбек мигранттары жұмыспен қамтылған бағыт ретінде атаса, басқа салалардағы жұмыс берушілер арасында бұл көрсеткіш 14,1%-ды құрады. Осыған ұқсас заңдылық құрылыс саласында (100,0% және 26,9%), қызмет көрсету саласында (45,5% және 11,3%) және ауыл шаруашылығы (66,7% және 2,9%) байқалды. Барлық жағдайда айырмашылықтар статистикалық мәнді болды (Фишердің дәл критерийі, $p<0,001$). Бұл нәтижелер респонденттердің бағалаулары белгілі бір дәрежеде олардың кәсіби және салалық ортасына байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан алынған деректерді мигрант еңбегіне сұраныстың көлемін тікелей өлшеу ретінде емес, жұмыс берушілердің өңірлік еңбек нарығының құрылымын субъективті бағалауы ретінде түсіндірген жөн.

Квоталау тетігін бағалау кезінде де статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталды. Қарағанды облысындағы жұмыс берушілердің 27,4%-ы квота еңбек мигранттарын жалдауда бірқатар қиындықтар туғызады деп есептесе, Ұлытау облысында бұл пікірді ұстанғандардың үлесі 4,7%-ды құрады. Квотаның әсерін бағалауға қиналғандардың үлесі тиісінше 49,5% және 72,1% болды ($\chi^2(2)=10,21$; $p=0,006$; $V=0,272$).

Ұқсас айырмашылық квоталардың жұмыс берушілердің кадрлық сұранысына сәйкестігін бағалау барысында да байқалды. Ұлытау облысында респонденттердің 63,9%-ы жауап беруге қиналса, Қарағанды облысында бұл көрсеткіш 34,1%-ды құрады. Квоталар жұмыс берушілердің қажеттіліктерін толық немесе ішінара қанағаттандырады деп есептегендердің үлесі тиісінше 13,9% және 34,1% болды ($\chi^2(2)=9,69$; $p=0,008$; $V=0,283$).

Осылайша, анықталған өңірлік айырмашылықтар квоталау тетігінің объективті тиімділігінен гөрі жұмыс берушілердің бұл тетік туралы хабардарлығы мен оны пайдалану әркелкілігін көрсетуі ықтимал. Негізгі сұрақтарға берілген жауаптарда жынысы мен жасы бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталмады. Сондай-ақ рәсімдер жеңілдетілген жағдайда шағын бизнес өкілдерінің еңбек мигранттарын ресми тартуға дайындығы бойынша өңір, жыныс және жас тұрғысынан мәнді айырмашылықтар байқалмады.

Алынған нәтижелер Қазақстандағы еңбек мигранттарының негізінен құрылыс, қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету және ішінара сауда сияқты қол еңбегіне сұраныс жоғары, бастапқы талаптары салыстырмалы түрде төмен және жалдау нысандары икемді секторларда жұмыс істейтіні туралы ғылыми зерттеулермен үйлеседі (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013). Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жұмыс берушілердің HoReCa, құрылыс және қызмет көрсету салаларын жиі атауы еңбек мигранттарының салалық шоғырлануы туралы осы тұжырымдарға сәйкес келеді. Дегенмен зерттеу жұмыс берушілердің қабылдауы мен бағалауын қарастырғандықтан, алынған нәтижелерді еңбек мигранттарының нақты салалық үлестірілуінің статистикалық көрсеткіші ретінде түсіндіруге болмайды.

Зерттеу нәтижелері жұмыс берушілердің еңбек мигранттарының өңірдегі әртүрлі салалар мен елді мекендерге біркелкі тартылмағанын байқайтынын көрсетті. Бірқатар респондент шағын қалаларда еңбек мигранттарының аз екенін және олардың қызмет түрлері бойынша шашыраңқы орналасқанын атап өткен. Бұл бағалаулар Қазақстанның еңбек нарығы өңірлік тұрғыдан біркелкі емес екенін, көші-қон үдерістері экономикалық тұрғыдан дамыған орталықтарда белсендірек, ал шеткері өңірлер мен шағын қалаларда баяуырақ жүретінін көрсететін зерттеулермен үйлеседі (Arbashiyeva and Spanov, 2022; Хишауева, 2020; Укибаева, 2021). Алайда ықтималдықсыз іріктеу қолданылғандықтан, осы зерттеу негізінде еңбек мигранттарының Орталық Қазақстан аумағындағы нақты таралуы туралы жалпылама қорытынды жасауға болмайды.

Әкімшілік және құқықтық кедергілерге қатысты жүргізілген нәтижелер де назар аудартады. Жұмыс берушілер мигранттарын жұмысқа қабылдау кезіндегі негізгі қиындықтар ретінде құжаттарды ресімдеудің күрделілігін, оған жұмсалатын шығындардың жоғарылығын, тілдік кедергілер мен консультациялық қызметтерінің жеткіліксіздігін, сондай-ақ тексерулер мен санкциялардан қауіптенуді атаған. Бұл нәтижелер Қазақстандағы еңбек көші-қонын зерттеген еңбектердегі ресми рәсімдердің күрделілігі бейресми немесе жартылай ресми еңбек қатынастарының сақталуына ықпал етуі мүмкін деген тұжырымдармен үндеседі (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023). Сонымен бірге осы зерттеу себеп-салдарлық байланысты тікелей тексермегендіктен, әкімшілік кедергілер бейресми жалдаудың тікелей себебі болып табылады деп кесімді айтуға болмайды.

Нәтижелер сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің едәуір бөлігінің квоталау тетігі туралы ақпараты шектеулі екенін көрсетті. Бұл жағдай олардың еңбек көші-қонын реттеудің ресми жүйесіне қатысу тәжірибесінің аздығымен немесе тиісті ақпараттың жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін. Квоталау тетігіне нақты баға берген респонденттердің бір бөлігі оның еңбек мигранттарын жалдауды қиындататынын көрсеткен. Алайда жауап беруге қиналғандардың үлесі жоғары және квотаны тікелей пайдалану тәжірибесі туралы дерек шектеулі болғандықтан, бұл нәтижелер квоталау тетігінің тиімділігі төмен деген объективті қорытынды жасауға негіз болмайды. Олар, ең алдымен, жұмыс берушілердің хабардарлық деңгейін, субъективті бағаларын және квоталау рәсімдерін түсіндіру мен консультациялық қолдауға қатысты ықтимал қажеттіліктерін көрсетеді. Мұндай түсіндіру мемлекеттік реттеу тетіктері мен жұмыс берушілердің күнделікті тәжірибесі арасындағы алшақтық болуы мүмкін деген зерттеулермен

сәйкес келеді (Mussurov et al., 2019).

Жұмыс берушілердің пікірінше, еңбек мигранттарын жалдау көбінесе жеке таныстар, ұсынымдар, делдалдар, бригадирлер және жерлестік желілер арқылы жүзеге асырылады. Бұл нәтиже мигранттарды жалдаудағы бейресми тәжірибелер мен делдалдықтың ролі туралы зерттеулермен үйлеседі, мұнда сенімге негізделген байланыстар жұмыс берушілердің тәуекелдерін азайтып, қолжетімділігі шектеулі немесе күрделі деп қабылданатын ресми арналардың орнын басуы мүмкін (Ruhs and Anderson, 2008; Urinboyev, 2020). Мұндай модель құрылыс, қызмет көрсету және маусымдық жұмыспен қамту салаларында жиі кездесуі ықтимал. Дегенмен осы зерттеудің деректері жалдау арналарының нақты таралу деңгейін немесе барлық жұмыс берушінің мінез-құлқын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмыс берушілердің еңбек мигранттарына деген сұраныстың қалыптасуына салалық таңдау, жалдау арналарын пайдалану және ресми немесе бейресми тәжірибелерге жүгіну арқылы қатысатыны туралы ғылыми тұжырымдарды қолдайды (Денисенко и Мукомель, 2023; Florinskaya, 2018; Григорьева, 2025). Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы сұралған жұмыс берушілердің жауаптары еңбек мигранттарына сұраныстың салалық және аумақтық тұрғыдан әркелкі қабылданатынын көрсетеді. Алайда іріктеудің ықтималдықсыз сипатына байланысты бұл нәтижелерді Орталық Қазақстандағы еңбек нарығының толық әрі репрезентативті көрінісі ретінде емес, зерттеуге қатысқан жұмыс берушілер тобында анықталған үрдістер ретінде қарастырған жөн.

Қорытынды

Зерттеу Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы сұралған жұмыс берушілер еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылуын көбінесе қоғамдық тамақтану және орналастыру, құрылыс және қызмет көрсету салаларымен байланыстыратынын көрсетті. Бұл бағалаулар еңбек мигранттары қол еңбегіне сұраныс жоғары және жалдау нысандары икемді салаларда жиі жұмыспен қамтылатыны туралы ғылыми еңбектердің тұжырымдарымен үйлеседі (Davé, 2014; Khamzin et al., 2023; Laruelle, 2013).

Респонденттердің жауаптарына сәйкес, еңбек мигранттарының шағын және микробизнеске тартылуы белгілі бір деңгейде таралғанымен, жаппай құбылыс ретінде қабылданбайды. Сонымен бірге өңірлер, елді мекендер және қызмет салалары бойынша бағалаулардың айырмашылығы анықталды. Бұл нәтижелер еңбек мигранттарының өңірлік еңбек нарығына қатысуын біркелкі үдеріс ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Шағын бизнес өңірде мигранттарды экономикаға тартудың әмбебап емес, таңдаулы арнасы болып табылады және оның деңгейі сала мен жергілікті ерекшелікке байланысты (Григорьева, 2025). Дегенмен алынған нәтижелер жұмыс берушілердің субъективті бағаларына негізделгендіктен және ықтималдықсыз іріктеу қолданылғандықтан, еңбек мигранттарының өңірлер бойынша нақты таралуы туралы статистикалық қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Келесі маңызды қорытынды, анық байқалатын аймақтық алшақтық. Шағын қалалардағы бірқатар жұмыс берушілер мигрант еңбегін қолдану аз кездесетінін айтады. Яғни Орталық Қазақстанның еңбек нарығын мигранттар біркелкі таралған біртұтас кеңістік емес, керісінше мигранттар өңірде негізінен дамыған экономикалық орталықтарға ғана шоғырланған деп қорытындылауға мүмкіндік береді (Arbashiyeva and Spanov, 2022; Хишауева, 2020; Укибаева, 2021).

Жұмыс берушілердің жауаптарында еңбек мигранттарын жеке таныстар, ұсынымдар, делдалдар және кәсіби желілер арқылы жалдау тәжірибесі жиі аталған. Құжат рәсімдеуде кездесетін қиындықтар, ресми жалдау шығындарының жоғарылығы, түсінікті ақпараттың жеткіліксіздігі және тексерулерден қауіптену бейресми жалдауға ықпал ететін факторлар ретінде көрсетілген (Davé, 2014; Ruhs and Anderson, 2008; Urinboyev, 2020). Бұл тұжырымдар респонденттердің қабылдауын сипаттайды және аталған факторлар мен бейресми жалдау арасындағы себеп-салдарлық байланысты тікелей дәлелдемейді.

Сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің едәуір бөлігінің шетелдік жұмыс күшін квоталау тетігі туралы ақпараты шектеулі екені және көптеген респонденттің оның әсерін бағалауға қиналғаны анықталды. Квоталау тетігіне баға бере алған жұмыс берушілер арасында сыни және ішінара қанағаттану пікірлері басым болды. Алайда жауап беруге қиналғандардың үлесінің жоғарылығы және квотаны тікелей пайдалану тәжірибесі туралы деректердің жеткіліксіздігі квоталау тетігінің объективті тиімділігі жөнінде кесімді тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді. Нәтижелер, ең алдымен, жұмыс берушілер үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру және консультациялық қолдауды дамыту қажеттігін көрсетеді.

Зерттеуде ықтималдықсыз іріктеу қолданылғандықтан, алынған нәтижелер Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы барлық жұмыс берушіге немесе Қазақстандағы еңбек нарығындағы статистикалық тұрғыдан жалпыланбайды. Респонденттердің жауаптары олардың жеке тәжірибесіне, кәсіби ортасына және хабардарлық деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар квоталау тетігін тікелей пайдалану тәжірибесі жеке көрсеткіш ретінде өлшенбегендіктен, квоталардың объективті тиімділігін бағалау мүмкін болмады. Сондықтан зерттеу нәтижелері еңбек нарығының нақты көлемдік көрсеткіштері ретінде емес, сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілер тобында байқалған бағалар мен үрдістер ретінде түсіндірілуі тиіс.

Зерттеудің практикалық ұсынымдары еңбек мигранттарын ресми түрде тарту рәсімдерінің қол жетімділігін арттыруға бағытталуы мүмкін. Атап айтқанда, жұмыс берушілерге қызметкерлерді рәсімдеу, рұқсат алу және квоталарды пайдалану тәртібін кезең-кезеңімен түсіндіретін өңірлік кеңес берушілік қызмет көрсетуді дамыту орынды. Құжаттарды ұсыну рәсімдерін цифрландыру және оңайлату, қайталанатын талаптарды қысқарту және жұмыс берушілерді бірыңғай ақпараттық ресурстар арқылы өзекті нұсқаулықтармен қамтамасыз ету перспективалы бағыттар болып табылады. Өңірлік жұмыспен қамту органдары шағын және микробизнес өкілдеріне тұрақты түрде ақпараттық сессиялар өткізіп, консультациялық қолдау көрсете алады.

Зерттеудің ғылыми үлесі еңбек көші-қонын жұмысшыларды тартудың тәсілдері мен арналарына қатысты шешім қабылдайтын өңірлік еңбек нарығының маңызды қатысушылары – жұмыс берушілер тұрғысынан талдауымен айқындалады. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы жұмыс берушілерге консультациялық қолдау көрсету, рәсімдердің ашықтығын арттыру және ақпараттың қолжетімділігін жақсарту қажеттігімен байланысты. Болашақ зерттеулерде еңбек мигранттарын ресми түрде жалдау және квоталарды пайдалану тәжірибесі бар жұмыс берушілерге назар аудару, сондай-ақ Қазақстанның басқа өңірлеріндегі жұмыс берушілердің тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізу орынды.

Алғыс

Авторлар зерттеуге қолдау көрсеткені үшін Швейцариялық даму және ынтымақтастық агентігінің (SDC) қаржыландыруымен Қазақстан Республикасындағы халықаралық көші-қон ұйымы жүзеге асырып жатқан «Еңбек көші-қоны бағдарламасы – Орталық Азия» жобасына алғысын білдіреді. Мақалада ұсынылған пікірлер мен қорытындылар авторларға тиесілі және аталған ұйымдар өкілдерінің ұстанымын білдіруі міндетті емес.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Б. Шабденова – сыни талдау және мақала мәтінімен жұмыс жасау, мақала тұжырымдамасын құру, мәтіннің алғашқы нұсқасын дайындау, деректер мен дәлелдерді жинау, деректерді формальды талдау.

О.Ю. Тарабукина – мәліметтер мен дәлелдерді жинау.

Д.А. Арын – мәтінді жазу және оны сыни тұрғыдан қайта қарау, мақаланың тұжырымдамасын құру, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға ұсыну.

Э.Х. Заитов – мақаланы сыни талдау, мәтіннің құрылымын ұсыну.

Әдебиеттер тізімі

1. Anderson, B. and Hancilova, B. 2011. Migrant labour in Kazakhstan: A cause for concern? *Journal of Ethnic and Migration Studies* 37(3). https://doi.org/10.1080/1369183X.2011.526783

2. Arbashiyeva, A. and Spanov, M. 2022. Migration Processes of Labor Resources in the Regions of Kazakhstan within the EEU. *Eurasian Journal of Economic and Business Studies* 1(63). https://doi.org/10.47703/ejebs.v3i67.317

3. Davé, B. 2014. Keeping labour mobility informal: The lack of legality of Central Asian migrants in Kazakhstan. *Central Asian Survey* 33(3). https://doi.org/10.1080/02634937.2014.953814

4. Денисенко М. Б., Мукомель В. И. 2023. Иностранные работники в России: мнения работодателей. *Социологические исследования.* № 1. С. 26-37. https://doi.org/10.31857/S013216250021528-3

5. Florinskaya, Y.F. 2018. Employers and Foreign Migrants in the Labor Markets of Major Russian Cities: Interactions in a New Economic Reality. *Studies on Russian Economic Development* 29(2). https://doi.org/10.1134/S1075700718020053

6. Григорьева, К.С. 2025. Работодатели мигрантов: кто, как и почему нанимает иностранных работников? *Постсоветский континент*, 4, с. 90–103. https://doi.org/10.48137/23116412_2025_4_90

7. Khamzin, A.S., Khamzina, Z.A., Aldabergenova, N.A., Koshpenbetov, B.M. and Buribayev, Y.A. 2023. Labor Migration: A View from Kazakhstan. *Journal of Educational and Social Research* 13(4). https://doi.org/10.36941/jesr-2023-0092

8. Хишауева, Ж.Т. 2020. Анализ состояния рынка труда Карагандинской области. *Вестник университета «Туран»,* 3, с. 123–128. https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-3-123-128

9. Laruelle, M. 2013. Kazakhstan: Central Asia's New Migration Crossroads. In: *Social Sciences in Asia*. https://doi.org/10.1163/9789004249509_008

10. Молдахметова, Ж.Е., Сатбаева, А.М., Бейсенбаева, М.Т. и Рахметова, Г. 2025. Социально-трудовые права мигрантов в Казахстане: состояние, проблемы и перспективы развития, *Eurasian Scientific Journal of Law*, 4(13), с. 99–107. https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-4-99-107

11. Mussurov, A., Sholk, D. and Arabsheibani, G.R. 2019. Informal employment in Kazakhstan: a blessing in disguise? *Eurasian Economic Review* 9(2). https://doi.org/10.1007/s40822-018-0117-1

12. Ruhs, M. and Anderson, B. 2008. *The origins and functions of illegality in migrant labour markets: An analysis of migrants, employers and the state in the UK. https://www.compas.ox.ac.uk/wp-content/uploads/WP-2006-030a*

13. Укибаева, Г.К. 2021. Оценка состояния рынка труда сельских территорий Карагандинской области: проблемы и перспективы развития, *Экономическая серия Вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева*, 3, с. 49–59. DOI: https://doi.org/10.32523/2789-4320-2021-3-49-59

14. Urinboyev, R. 2020. Uzbek Migrants' Everyday Encounters with Employers and Middlemen. In: Migration and Hybrid Political Regimes: Navigating the Legal Landscape in Russia. https://www.luminosoa.org/chapters/m/10.1525/luminos.96.d

А.Б. Шабденова[1], О.Ю. Тарабукина[2] , Д.А. Арын[3], Э.Х. Заитов[4]

[1,3] Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[2]Общественный фонд «ҚАЙСАР», Темиртау, Казахстан

[4]Национальный университет имени Мирзо-Улугбека, Ташкент, Узбекистан

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ: ИССЛЕДОВАНИЕ РАБОТОДАТЕЛЕЙ ЦЕНТРАЛЬНЫХ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности восприятия работодателями занятости трудящихся-мигрантов в Карагандинской и Улытауской областях Казахстана. Актуальность исследования связана с тем, что в научной литературе Казахстан чаще анализируется как страна, принимающая трудовых мигрантов, однако гораздо реже в центре внимания оказывается взгляд работодателей как ключевых субъектов спроса на труд мигрантов. Целью статьи является выяснение, в каких отраслях, по мнению работодателей, чаще всего заняты трудовые мигранты, насколько широко они вовлечены в малый и микробизнес, с какими препятствиями сталкиваются работодатели при найме, а также как оценивается система квот. Эмпирическую основу составили данные опроса работодателей. Результаты показывают, что, по оценкам работодателей, трудовые мигранты в наибольшей степени сосредоточены в сфере строительства, общественного питания и услуг. Их участие в малом и микробизнесе воспринимается как заметное, но не повсеместное. Значительную роль в ответах играют административно-правовые и финансовые барьеры для легального найма, а также языковые трудности и недостаток консультационной поддержки. Выявлен низкий уровень информированности работодателей о механизме квотирования и преобладание оценок, согласно которым квоты скорее усложняют процесс найма, чем способствуют удовлетворению кадровых потребностей. Установлено, что трудоустройство трудовых мигрантов часто осуществляется через нефор-

мальные каналы, личные связи, рекомендации. Научный вклад исследования заключается в том, что оно дополняет существующие работы по трудовой миграции в Казахстане анализом позиции работодателей как ключевых субъектов, формирующих спрос на труд мигрантов на региональном уровне. Ценность исследования для соответствующей области знаний состоит в уточнении отраслевой, институциональной и территориальной специфики занятости трудовых мигрантов в Центральном Казахстане. Практическая значимость результатов связана с возможностью их использования при совершенствовании региональной политики регулирования трудовой миграции, механизмов квотирования и мер консультационной поддержки работодателей. Полученные выводы могут быть полезны государственным органам, исследовательским структурам и организациям, работающим в сфере миграции и занятости, при разработке более гибких и реалистичных инструментов регулирования найма трудовых мигрантов.

Ключевые слова: трудовая миграция, работодатели, трудовые мигранты, Карагандинская область, Улытауская область, микро- и малый бизнес, неформальный найм.

А.B. Shabdenova[1], O.Y. Tarabukina[2], D.A. Aryn[3], E. Kh. Zaitov[4]

[1,3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

[2]Public Foundation «KAISAR», Temirtau, Kazakhstan

[4]National University of Uzbekistan named after Mirzo-Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan

SOCIOLOGICAL ANALYSIS OF LABOR MIGRATION: A STUDY OF EMPLOYERS IN THE CENTRAL REGIONS OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the specific features of how employers perceive the employment of migrant workers in the Karaganda and Ulytau regions of Kazakhstan. The relevance of the study lies in the fact that, in academic literature, Kazakhstan is more often analyzed as country receiving migrant workers, while the perspective of employers–as key actors shaping the demand for migrant workers – remains much less explored. The aim of the article is to identify in which sectors, according to employers, migrant workers are most frequently employed; to access the extent of their involvement in micro and small businesses; to analyze the challenges employers face when hiring them; and to evaluate perceptions of the quota system.

The empirical basis of the study consists of survey data collected from employers. The results indicate that, in employers' assessments, labor migrants are most concentrated in construction, catering, and service sectors. Their participation in micro and small businesses is perceived as noticeable but not widespread. Administrative-legal and legal financial barriers to formal employment, as well as language difficulties and lack of advisory support, play a significant role in employers' responses.

A low level of employer awareness of the quota mechanism has been identified, along with a predominance of views that quotas complicate the hiring process rather than facilitate the satisfaction of labor demand. It is also established that migrant workers are often employed through informal channels, including personal networks and recommendations.

The scientific contribution of the study lies in complementing existing research on labor migration in Kazakhstan by incorporating the perspective of employers as key actors shaping the demand for migrant in Central Kazakhstan.

The practical significance of the findings is associated with their potential use in improving regional labor migration policies, quota mechanisms, and advisory support measures for employers. The conclusions may be useful for government bodies, research institutions, and organizations working in the fields of migration and employment in developing more flexible and realistic tools for regulating the hiring of migrant workers.

Keywords: labor migration, employers, migrant workers, Karaganda region, Ulytau region, micro- and small businesses, informal employment.

References

1. Anderson, B. and Hancilova, B. 2011. Migrant labour in Kazakhstan: A cause for concern? Journal of Ethnic and Migration Studies 37(3). doi: 10.1080/1369183X.2011.526783.

2. Arbashiyeva, A. and Spanov, M. 2022. Migration Processes of Labor Resources in the Regions of Kazakhstan within the EEU. Eurasian Journal of Economic and Business Studies 1(63). doi: 10.47703/ejebs.v1i63.79.

3. Davé, B. 2014. Keeping labour mobility informal: The lack of legality of Central Asian migrants in Kazakhstan. Central Asian Survey 33(3). doi: 10.1080/02634937.2014.953814.

4. Denisenko M. B., Mukomel' V. I. 2023. Inostrannye rabotniki v Rossii: mnenija rabotodatelej. Sociologicheskie issledovanija. № 1. S. 26-37. doi: 10.31857/S013216250021528-3 [in Russian]

5. Florinskaya, Y.F. 2018. Employers and Foreign Migrants in the Labor Markets of Major Russian Cities: Interactions in a New Economic Reality. Studies on Russian Economic Development 29(2). doi: 10.1134/S1075700718020053.

6. Grigor'eva, K.S. 2025. Rabotodateli migrantov: kto, kak i pochemu nanimaet inostrannyh rabotnikov? Postsovetskij kontinent, 4, s. 90–103. doi: 10.48137/23116412_2025_4_90 [in Russian]

7. Khamzin, A.S., Khamzina, Z.A., Aldabergenova, N.A., Koshpenbetov, B.M. and Buribayev, Y.A. 2023. Labor Migration: A View from Kazakhstan. Journal of Educational and Social Research 13(4). doi: 10.36941/jesr-2023-0092.

8. Hishaueva, Zh.T. 2020. Analiz sostojanija rynka truda Karagandinskoj oblasti. Vestnik universiteta «Turan», 3, s. 123–128. doi: 10.46914/1562-2959-2020-1-3-123-128 [in Russian]

9. Laruelle, M. 2013. Kazakhstan: Central Asia's New Migration Crossroads. In: Social Sciences in Asia. doi: 10.1163/9789004249509_008.

10. Moldahmetova, Zh.E., Satbaeva, A.M., Bejsenbaeva, M.T. i Rahmetova, G. 2025. Social'no-trudovye prava migrantov v Kazahstane: sostojanie, problemy i perspektivy razvitija, Eurasian Scientific Journal of Law, 4(13), s. 99–107. doi: 10.46914/2959-4197-2025-1-4-99-107 [in Russian]

11. Mussurov, A., Sholk, D. and Arabsheibani, G.R. 2019. Informal employment in Kazakhstan: a blessing in disguise? Eurasian Economic Review 9(2). doi: 10.1007/s40822-018-0117-1.

12. Ruhs, M. and Anderson, B. 2008. The origins and functions of illegality in migrant labour markets: An analysis of migrants, employers and the state in the UK.

13. Ukibaeva, G.K. 2021. Ocenka sostojanija rynka truda sel'skih territorij Karagandinskoj oblasti: problemy i perspektivy razvitija, Jekonomicheskaja serija Vestnika ENU imeni L.N. Gumileva, 3, s. 49–59. doi: 10.32523/2789-4320-2021-3-49-59 [in Russian]

14. Urinboyev, R. 2020. Uzbek Migrants' Everyday Encounters with Employers and Middlemen. In: Migration and Hybrid Political Regimes: Navigating the Legal Landscape in Russia. doi: 10.1525/luminos.96.d.

Авторлар туралы мәлімет

Шабденова А.Б. – PhD, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тарабукина О.Ю. – «ҚАЙСАР» қоғамдық қорының төрайымы, Теміртау, Қазақстан

Арын Д.А. – хат-хабар авторы, аға оқытушы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Заитов Э.Х. – PhD, әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, Мирзо-Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан

Сведения об авторах

Шабденова А.Б. – PhD, ассоциированный профессор (доцент) кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Тарабукина О.Ю. – председатель Общественного Фонда «ҚАЙСАР», Темиртау, Казахстан.

Арын Д.А. – автор для корреспонденции, старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Заитов Э.Х. – PhD, заведующий кафедрой социологии, Национальный университет Узбекистана имени Мирзо-Улугбека, Ташкент, Узбекистан.

Information about the authors

Shabdenova A.B. – PhD, Associate Professor, Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Tarabukina O.Y. – chairman of the Public Foundation "KAISAR", Temirtau, Kazakhstan

Aryn D.A. – corresponding author, senior lecturer, Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Zaitov E.Kh. – PhD, Head of the Department of Sociology, National University of Uzbekistan named after Mirzo-Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan

GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

ХҒТАР 04.51.51
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-156-3-175-194

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕ СЫНИ ТАЛДАУ

Г.Н. Шанбаева*[1], К.А. Абенова[2]

[1,2]Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

*E-mail: *[1]abai777_@mail.ru, [2]kulzada.abenova@narxoz.kz*

Аңдатпа. Соңғы жылдары халықаралық ғылыми пікірталаста әлеуметтік жұмыс тәжірибесін жергіліктендіру мәселесі жиі көтеріліп жүр. Мұның түптамыры батыстық білім беру үлгілерінің жергілікті мәдени ортаға толық сай келе бермеуінде жатыр. Посткеңестік кеңістікте, соның ішінде Қазақстанда, отбасы институты, туыстық байланыстар, өзара көмек дәстүрлері мен ұлттық құндылықтар қоғамдық өмірде әлі де маңызды орын алады. Дегенмен осы мәдени ресурстарды әлеуметтік жұмыс тәжірибесімен жүйелі түрде ұштастыру мәселесі бүгінге дейін жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Осы мақала халықаралық тәжірибедегі жергіліктендірудің теориялық және практикалық үлгілерін сыни тұрғыдан талдайды, әрі оны Қазақстан жағдайына бейімдеудің мүмкіндігі мен шегін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу барысында библиометриялық талдау мен сыни әдеби шолу қатар қолданылды. Scopus дерекқоры мен мамандандырылған журналдардан іздеу нәтижесінде 250 мақала іріктеліп алынды. Екі кезеңнен тұратын сұрыптау барысында тақырыптық сәйкестік пен практикалық бағыттылық өлшемдерін негізге ала отырып, 29 мақала терең талдауға алынды. Талдау нәтижесінде жергіліктендіру тәжірибесінің төрт бағыты анықталды: Африкадағы убунту философиясына сүйенген қауымдық тәжірибе, Солтүстік Америка мен Аустралиядағы деколониалдық тәжірибе, Азиядағы аралас үлгілер және батыстық бағдарламаларды жергілікті мәдени ортаға бейімдеу. Осы нәтижелер Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың ұлттық үлгісін қалыптастыруға ғылыми негіз бола алады.

Негізгі ұғымдар: жергіліктендіру, мәдени сәйкестік, сыни талдау, ұлттық құндылық, қауымдық қолдау, әлеуметтік жұмыс.

Кіріспе

Батыстық білім беру үлгілерінің жергілікті мәдени ортаға сай келмеуі әлеуметтік жұмыс саласында соңғы жылдары кеңінен талқыланып жүр (Gray and Fook, 2004; Golightley and Holloway, 2017). Мұндай үлгілер жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен дербестігі ұғымдарына, сондай-ақ емдік әрекет тәсіліне сүйенеді. Отбасы, туыстық байланыс және қауымдық жауапкершілік басым шығыс қоғамдарында осы қағидалар әрдайым тиімді бола бермейді (Walton and Abo El Nasr, 1988).

Түсті: 08.08.2026; Жөнделді: 29.08.2026; Мақұлданды: 28.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің тәжірибесі осы мәселенің нақты көрінісін ұсынады. Мысалы, Бангладеш пен Пәкістанда кедейшілік пен гендерлік теңсіздік сияқты күрделі әлеуметтік мәселелерді батыстық үлгілер арқылы шешу әрекеттері тиімсіз нәтиже берген. Жергілікті қоғамдық құрылым мен отбасылық қатынастар батыстық модельдің негізгі болжамдарымен қайшы келеді. Индонезия мен Малайзияда этникалық және діни әралуандық жергілікті саясат пен қоғамдық тұрақтылыққа тікелей ықпал етеді (Amrulloh and Busri, 2024). Бұл екі мысал бойынша әлеуметтік жұмыс тәжірибесі жергілікті мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерге сүйенбесе, тиімді бола алмайды.

«Жергіліктендіру» (indigenization) термині ғылыми айналымға 1971 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының бесінші халықаралық форумында енді. Сол кезде-ақ американдық әлеуметтік жұмыс теориясы басқа қоғамдардың болмысына тікелей сай келе бермейтіні айтылған еді (United Nations, 1971). Термин мазмұны уақыт өте келе кеңейе түсті. Алдымен әлеуметтік жұмыс теориясы мен тәжірибесін нақты қоғамның мәдени, тарихи және әлеуметтік болмысына икемдеу үдерісі ретінде түсіндірілсе, кейін жергілікті мәдениеттерде жинақталған білімді де қамтитын тұжырымдамаға айналды (Gray and Coates, 2010). Бағыттың бастауы Африка, Оңтүстік Америка, Канада, Аустралия және Жаңа Зеландиядағы байырғы халықтармен жұмыс істеу тәжірибесінен өрбіді. Джасвал мен Кшетримаюм (Jaswal and Kshetrimayum, 2023) жергіліктендіру ұғымының әр ортада әрқалай түсіндірілуін саланың басты кемшілігі деп санайды: мазмұндық айқын еместік зерттеу нәтижелерін салыстыруды қиындатады. Жергіліктендіру тәжірибесін зерттеу үлгілерді жай сипаттаумен шектелмей, олардың мәні мен шегін де сыни тұрғыдан пайымдауды талап етеді.

Посткеңестік мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан жағдайында, мәселе ерекше өзектілікке ие. Қазақстандағы отбасы құрылымының ерекшеліктері әлеуметтік қолдау мен өзара көмек тетіктерінің мәдени контекстін ескеруді қажет етеді. Мұндай әлеуметтік құрылым жеке автономия мен даралануға басымдық беретін батыстық үлгілерден өзгеше әлеуметтік өзара әрекеттесу ерекшеліктерін қалыптастырады. Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс жүйесі халықаралық стандарттар мен батыстық теориялық және білім беру үлгілерінің ықпалымен дамып келе жатқанымен, асар (қауым мүшелерінің ортақ әлеуметтік қажеттілікті өтеу мақсатында ерікті түрде бірігіп, өзара көмек көрсетуіне негізделген дәстүрлі әлеуметтік қолдау тетігі; оның дәстүрлі формасында көмек ұжымдық еңбек арқылы көрсетілсе, қазіргі жағдайда қаржылық және өзге де материалдық қолдау түрлерімен толыққан), бауырластық, ұжымдық жауапкершілік және туыстық қамқорлық сияқты жергілікті әлеуметтік қолдау тетіктерінің кәсіби тәжірибеге ықпалдасу деңгейі жеткілікті зерттелмеген (Koenig et al., 2017; An, 2014; Mustafina et al., 2025). Ан (2014) посткеңестік кеңістіктегі әлеуметтік жұмыстың теориялық дамуы едәуір дәрежеде батыстық теориялық үлгілерге сүйенетінін атап көрсетеді. Аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатында мақалада үш негізгі зерттеу сұрағы қарастырылады: 1) халықаралық тәжірибеде жергіліктендірудің қандай негізгі тәсілдері мен үлгілері қалыптасқан; 2) олардың күшті және әлсіз тұстары қандай; 3) жергіліктендіру үдерісінде қандай негізгі қиындықтар туындайды.

Зерттеу халықаралық жергіліктендіру тәжірибесін Қазақстан контексімен жүйелі салыстыруға, сондай-ақ посткеңестік кеңістіктегі жергіліктендіру үдерістерінің постколониялық аймақтардағы тәжірибелерден ерекшеліктерін анықтауға бағытталады. Халықаралық әдебиетте жергіліктендіру мәселесі негізінен постколониялық аймақтар аясында қарастырылып келген, ал посткеңестік, соның ішінде Қазақстан жағдайына қатысты жүйелі талдаулар салыстырмалы түрде сирек кездеседі (An, 2014; Koenig et al., 2017).

Әдебиеттерге шолу

Отарсыздандыру теориясы

Отарсыздандыру теориясы XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қалыптасып, саяси тәуелсіздік мәселесінен білім, мәдениет және әлеуметтік қатынастарды қамтитын кең ғылыми бағытқа ұласты. Бағыттың негізін қалаушылардың бірі Франц Фанон (Frantz Fanon, 1961) отаршылдықтың тек жерді басып алумен шектелмейтінін, ол адамның ойлау жүйесін де бағындыратынын жазды. Алжирдегі психиатриялық тәжірибесіне сүйене отырып, ол отарсыздандыру саяси азаттықпен қатар психологиялық және мәдени тәуелсіздікті де талап ететінін тұжырымдады. Эме Сезер (Aimé Césaire, 2000) осы пікірді толықтырып, отарлық жүйе отарланған халықты ғана емес, отарлаушы қоғамды да адамгершілік тұрғыдан күйретететінін алға тартты. Эдвард Саид (Edward Said, 1978) Батыстың Шығысты «артта қалған», «парасатсыз» деп сипаттауын объективті таным емес, отаршылдықты ақтаудың құралы деп түсіндірді. Хоми Баба (Homi

Bhabha, 1994) отаршылдықты тек қанау мен зорлық ретінде емес, мәдени тоғысу арқылы жаңа формалардың қалыптасуына жағдай туғызатын үдеріс деп есептеді. Анибал Кихано (Aníbal Quijano, 2000) отаршылдық ресми түрде аяқталғанымен, білім мен мәдениетке негізделген билік құрылымдары қоғамда сақталып отырғанын «билік отаршылдығы» (coloniality of power) ұғымы арқылы ашты.

Аталған авторлардың тұжырымдары бірін-бірі толықтырғанымен, мазмұндық айырмашылық та кездеседі. Баба мәдени тоғысудан жаңа формалар туындайтынын мойындаса, Фанон мен Кихано билік асимметриясына басымдық береді. Гарретт (Garrett, 2024) осы айырмашылықты негізге алып, жергіліктендіру тек мәдени элементтерді қосуды білдірмей, билік қатынастарын да қайта құруды талап ететінін алға тартады. Дәл осы тұрғыда отарсыздандыру жергіліктендірудің теориялық тірегіне айналады.

Мәдени сәйкестік теориясы

Отарсыздандыру теориясы жергіліктендірудің неге қажет екенін негіздесе, оның нақты қалай іске асатынын мәдени сәйкестік теориясы түсіндіреді. Мел Грей мен Джанин Фук (Mel Gray and Janine Fook, 2004) батыстық әмбебап үлгілердің жергілікті мәдени ортаны ескермейтінін сынады. Рональд Уолтон мен Абдель Наср (Ronald Walton and Abo El Nasr, 1988) «жеке бас еркіндігі» мен «дербестік» ұғымдарының ұжымдық жауапкершілік басым азиялық қоғамға сәйкес келе бермейтінін көрсетті. Майк Голайтли мен Питер Холлоуэй (Mike Golightley and Peter Holloway, 2017) тиімді әлеуметтік жұмыс қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және діни ерекшеліктерін ескермей іске аспайтынын жазды. Угиагбе (Ugiagbe, 2015) Нигерияда үш жүз елуге жуық этникалық топтың мәдени нормаларын ескеретін оқу бағдарламалары міндетті түрде болуы тиіс екенін негіздеді. Леви, Окойе және Инграм (Levy, Okoye and Ingram, 2022) Нигерия мен Шотландиядағы зерттеуінде жергілікті факторлардың оқу үдерісінде жеткілікті ескерілмейтінін анықтады. Лин (Lin, 2022) Қытайдағы жағдайды одан әрі сынға алып, еуропалық базаға толық тәуелді әлеуметтік жұмысты «академиялық империализм» деп атады. Маджумдар, Байкади және Д›Суза (Majumdar, Baikady and D'Souza, 2023) бес елді салыстыра отырып, жергілікті мәдениетке терең сіңген жапондық тәжірибенің тиімділігін атап өтті.

Нигерия, Шотландия, Қытай және Жапония тәжірибелерін салыстырғанда осы елдерге ортақ мәдени сәйкестік талап етілгенімен, оны нақты өлшейтін және шектейтін өлшемдер әлі толық қалыптаспағаны анықталды. Осы олқылықты Ан (An, 2014), Мұстафина, Қалмықбаева мен Италмасова (Mustafina, Kalmykbayeva and Italmasova, 2025) және Кениг мен әріптестері (Koenig et al., 2017) де атап өтеді. Посткеңестік елдерде саланың теориялық негізі әлі толық орнықпаған. Қазақстандағы зерттеулер дәл осы негізден дамуы тиіс.

Жергілікті білім жүйесі

Мәдени сәйкестік теориясы батыстық үлгілердің қай тұста жеткіліксіз екенін зерттеумен шектеледі, ал нақты қалай әрекет ету керегін жергілікті білім жүйесі теориясы ұсынады. Нойрейтер, Клейбл және Лутц (Neureither, Kleibl and Lutz, 2023) үдерісті жергіліктендіру, аутентификация және қайта тұжырымдау деп үш кезеңге бөледі. Семигина (Semigina, 2025) убунту идеясын ұжымдық балама ретінде қарастырса, Мугумбате мен Черени (Mugumbate and Chereni, 2019) оны балаларды қорғау саласына бейімдеді. Бори мен Каларивайил (Bori and Kalarivayil, 2025) Үндістандағы Мисинг тайпасының өзара көмек дәстүрін топтық жұмысқа енгізді, ал мазмұны жағынан сол тәжірибе қазақтың асар дәстүрімен үндеседі. Свенсон, Нюгорд және Саус (Swanson, Nygård and Saus, 2022) отбасы мен қауымды шешім қабылдау үдерісіне тартудың оң нәтиже беретінін дәйектеді. Хилл және әріптестері (Hill et al., 2020) жергілікті құндылықтарға негізделген (ATOMIC) деп аталатын өлшем құралын жасап, оның сенімділігін тексерді. Дегенмен аталған тәжірибелердің барлығы постколониялық ортада жүргізілген. Посткеңестік Қазақстандағы жергілікті білім жүйесінің ерекшелігі осы уақытқа дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалып отыр (An, 2014; Koenig et al., 2017). Осы үш теорияны қатар алғанда, олар бір-бірінен бөлек тұрған үш көзқарас емес, бір мәселенің үш қырын ашатын тұтас талдамалық жүйе құрайды. Жергіліктендірудің неге қажет екенін отарсыздандыру теориясына сүйенсек, батыстық үлгілердің дәл қай жерде жеткіліксіз болатынын мәдени сәйкестік теориясы нақтылайды. Осы екі сұраққа жауап тапқаннан кейін ғана нақты қандай бағытта жұмыс істеу керегі туралы сұрақ өз мәнін табады, ал оған жергілікті білім жүйесі теориясы жауап береді. Теориялардың бірі екіншісінің орнын толтыратын осы логикалық тізбек Қазақстандағы әлеуметтік жұмысты жергіліктендіруге берік ғылыми негіз қалыптастырады.

Зерттеу әдістері

Дереккөздерді іздеу 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілді. Іздеу Scopus дерекқорында мақала тақырыбы, аңдатпасы және кілт сөздер өрісінде (TITLE-ABS-KEY) жүзеге асырыла отырып Boolean сұранысы негізге алынды: («indigenous» OR «indigenization» OR «indigenisation» OR «decolonization» OR «decolonisation») AND («social work») AND («community-led» OR «cultural safety» OR «self-determination» OR «family responsibility» OR «collectivism» OR «community support» OR «social harmony» OR «local culture»). Сұраныс мақала тақырыбы, аңдатпасы немесе кілт сөздерінің кез келгенінде көрсетілген терминдерге сәйкес келетін жарияланымдарды қамтыды. Сүзгілер ретінде құжат түрі (article, review), тіл (ағылшын) және жыл аралығы (1980–2025) белгіленді. Іздеу нәтижесінде Scopus дерекқорынан жалпы 250 жазба анықталды. Аталған сүзгі тек Scopus дерекқорындағы автоматтандырылған іздеуге қолданылды; мамандандырылған журналдарда (International Social Work, British Journal of Social Work, African Journal of Social Work, Asia Pacific Journal of Social Work and Development, Journal of Ethnic and Cultural Diversity in Social Work) жыл шектеуінсіз жүргізілген қолмен қосымша іздеу арқылы анықталған жазбалар да осы жиынтыққа қосылды. Екі ағыннан алынған жазбалар бірыңғай іріктеу критерийлері бойынша қатар бағаланды.

Іріктеу PRISMA тәсілінің негізгі логикасына сәйкес екі кезеңде жүргізілді. Алдын ала сүзгілеу кезеңінде атауы мен аңдатпасы бойынша тақырыптық сәйкессіздігі анық 128 жазба алынып тасталды, нәтижесінде 122 мақала толық мәтінмен бағалауға өтті. Толық мәтінмен бағалау кезеңінде 122 мақала келесі қосымша өлшемдер бойынша қаралды: жергіліктендіруді тікелей қарастыруы; теориялық немесе эмпирикалық негіздің болуы; әртүрлі аймақтық контекстті қамтуы; толық мәтінінің қолжетімділігі және зерттеу мақсатына сәйкестігі. Осы кезеңде сәйкес келмеген 93 мақала алынып тасталды. Олардың ішінде тақырыптан ауытқығандар, толық мәтіні қолжетімсіздер және қайталанатын деректер бар мақалалар болды. Нәтижесінде 29 мақала сыни талдауға енгізілді. Мақалалардың Қазақстан контексіне сәйкестігі кейінгі, аналитикалық кезеңде (Кесте 1, 2, 3 және 4-те) бағаланды.

Кесте 1, 2, 3 және 4-те көрсетілген 29 мақаланың құрамы екі кезеңде қалыптасты. Алғашқы кезеңде төрт бағыттың әрқайсысына тікелей қатысты, эмпирикалық немесе практикалық дереккөзі бар мақалалар таңдалды. Екінші кезеңде осы бағыттардың теориялық негізін кеңейтетін, әдіснамалық немесе тұжырымдамалық сипаттағы қосымша дереккөздер енгізілді. Аталған екі топтың қосындысы зерттеудің түпкі сыни талдау аясын құрады. Іріктеу мен кодтау процесіне екі автор қатысты. Әрбір мақала екі автордың бірлескен талқылауы негізінде бағаланып, пікір айырмашылығы туындаған жағдайда консенсус арқылы шешілді. Интеркодерлік келісім коэффициенті есептелмеді. Бұл зерттеудің әдістемелік шектеуін құрайды. Келешектегі зерттеулерде екі тәуелсіз кодтаушының бағалары негізінде интеркодерлік келісімді Коэн каппа коэффициенті арқылы бағалау ұсынылады.

Библиометриялық карта VOSviewer бағдарламасында бірге кездесу (co-occurrence) талдауы негізінде, толық санау тәсілімен және кілт сөздің ең төменгі кездесу жиілігі бес рет деп белгіленіп құрастырылды. Bibliometrix пакеті арқылы жылдар бойынша жариялану динамикасы, авторлар мен елдер бойынша жарияланым белсенділігі және тақырыптық бағыттардың таралуы талданды. Зерттеу олқылығы жеке әдіс немесе статистикалық көрсеткіш ретінде емес, әдебиеттерді сыни талдау нәтижесінде анықталған жеткіліксіз зерттелген бағыттарды сипаттайтын аналитикалық ұғым ретінде қарастырылды.

Іріктелген 29 мақалаға сыни талдау үш кезеңде жүргізілді. Алдымен әр еңбекте сипатталған мәдени практиканың нақты қалай қолданылатыны анықталды. Одан кейін ұсынылған тәсілдердің жергілікті мәдени құндылықтармен қаншалықты үйлесетіндігі бағаланды. Соңғы кезеңде олардың тиімділігіне қатысты эмпирикалық дәлелдердің жеткіліктілік деңгейі талданды. Кодтау барысында мақала мәтіндерінен алынған дәйексөздер мен сипаттамалар негізге алынды.


Кестелерде сипатталған мәдени практикалардың Қазақстан жағдайына сәйкестік деңгейін бағалау үшін төрт деңгейлі сараптамалық шкала қолданылды: төмен, орташа, жоғары және өте жоғары. Бағалаудың негізгі өлшемдері мәдени практиканың отбасылық-туыстық құрылыммен, қауымдық және туыстық өзара көмек дәстүрлерімен (мысалы, асар, ағайындық өзара қолдау) және кеңестік тарихи тәжірибемен мазмұндық әрі функционалдық ұқсастығына негізделді. Өте жоғары деңгей қазақ мәдени контекстінде қалыптасқан нақты дәстүрмен функционалдық және мазмұндық сәйкестікті білдіреді. Жоғары деңгей отбасылық-туыстық құрылыммен, дәстүрлі өзара көмек нысандарымен немесе кеңестік тарихи тәжірибемен тікелей

функционалдық ұқсастықты сипаттайды. Орташа деңгей жанама немесе құндылықтық ұқсастықты, ал төмен деңгей қазақстандық контекспен нақты байланысы жоқ жалпы теориялық немесе концептуалдық сәйкестікті білдіреді.

Шкала авторлардың сараптамалық бағалауы негізінде әзірленді және бұрын валидацияланған өлшеу құралы емес. Сондықтан оның нәтижелері статистикалық өлшем емес, халықаралық мәдени практикалардың Қазақстан контексіне сәйкестігін салыстырмалы бағалауға арналған бағдарлаушы талдау құралы ретінде түсіндіріледі. Субъективтілікті шектеу үшін бағалау критерийлері алдын ала анықталды. Шкаланың мазмұндық негізділігін одан әрі тексеру келешекте тәуелсіз сарапшылардың бағалауын және интерсараптамалық келісімді есептеуді қамтуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері

VOSviewer және Bibliometrix бағдарламалары арқылы жүргізілген библиометриялық талдау әлеуметтік жұмысты жергіліктендіру тақырыбы бойынша зерттеулердің негізгі тақырыптық кластерлері мен географиялық шоғырлануын көрсетті (Сурет 1). Картада ең жиі кездесетін және ең тығыз байланысқан ұғымдар ретінде жергіліктендіру (indigenization), отарсыздандыру (decolonization), убунту (ubuntu), халықаралық әлеуметтік жұмыс (international social work), мәдени құзыреттілік (cultural competence) және әлеуметтік әділеттілік (social justice) алға шығады. Осы ұғымдар аталған бағыттағы ғылыми ізденістердің негізгі мазмұндық өзегін құрайды. Географиялық тұрғыдан алғанда, Канада, Африкадағы Нигерия, Зимбабве, Гана, сондай-ақ Азиядағы Үндістан мен Қытай зерттеу белсенділігі жоғары елдер қатарында тұр. Джасвал мен Кшетримаюм (Jaswal and Kshetrimayum, 2023) зерттеулердің едәуір бөлігі дәл Канада, Аустралия, Жаңа Зеландия және АҚШ үлесіне тиетінін көруге болады.




Сурет 1. Библиометриялық талдау: кілт сөздер желілік картасы
Дереккөз: VOSviewer бағдарламасы арқылы Scopus дерекқоры негізінде авторлар құрастырған

Қарастырылған 250 жазбаның ішінде Орталық Азияға немесе Қазақстанға тікелей қатысты бірде-бір зерттеу кездеспеді, желілік картада да бұл өңірге қатысты кілт сөздер тобы жоқ. Мұндай жағдай халықаралық дерекқорлардың тілдік және аймақтық құрылымымен түсіндіріледі. Қазақстан мен Орталық Азияда ұлттық тілдерде жарияланған еңбектер жеткілікті болғанымен, олардың халықаралық ғылыми айналымға ену деңгейі әлі де төмен қалпында қалып отыр. Зерттеу олқылығы (research gap) осы суретте айқын көрінеді (Сурет 2).

Посткеңестік аймақтар, соның ішінде Қазақстанда, жергілікті мәдени болмысқа сүйенген эмпирикалық зерттеу саны әлі де шектеулі күйінде қалып отыр. Кениг және әріптестері (Koenig et al., 2017) Қазақстандағы

әлеуметтік жұмыс саласында мәдени бейімдеу мен жергіліктендірудің өзектілігін атап өтсе, Ан (An, 2014) осы саланың теориялық негізі посткеңестік елдерде әлі қалыптасу сатысында тұрғанын жазады. Мұстафина, Қалмықбаева мен Италмасова (Mustafina, Kalmykbayeva and Italmasova, 2025) болса әлеуметтік жұмыс білімін жергілікті ортаға сәйкестендірудің ғылыми негізін ұсынады. Осы олқылықты нақтылау үшін іріктелген **29** мақала мазмұнына сыни талдау жүргізіліп, олар тәжірибелік бағыты мен аймақтық ерекшелігіне қарай төрт топқа бөлінді.

Бірінші топты африкалық убунту (Ubuntu) философиясына сүйенген қауымдық тәжірибе құрайды. Мұнда жеке адам қауымнан бөлек тұрмайды, ортақ жауапкершілік пен өзара қолдау бүкіл практиканың арқауын құрайды. Экох (Ekoh, 2024) мәдени тәжірибені сын тұрғысынан сүзбей қабылдаудың теңсіздікті бүркемелеп қалдыруы мүмкін екенін жазады. Убунту тәжірибесінің тиімділігі жайлы сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік беретін рандомизацияланған бақылаулық зерттеулер әлі де аз.



Сурет 2. Зерттеу олқылықтарының картасы

Дереккөз: авторлар библиометриялық және сыни әдеби шолу нәтижелері негізінде құрастырған.

Екінші топқа Солтүстік Америка мен Аустралиядағы деколониалдық тәжірибе жатады. Мұнда әлеуметтік жұмыс байырғы халықтардың тарихи жарақатын еңсеруге, дәстүрлі билік құрылымдарын қалпына келтіруге бағытталады. Хилл және әріптестерінің (Hill et al., 2020) деректері осы бағыттағы ең мықты эмпирикалық негізді құрағанымен, зерттеу постколониялық ортада жүргізілген. Оны Қазақстанға тікелей көшіру қате нәтиже беруі мүмкін. Ан (An, 2014) посткеңестік елдердің тарихи жолы постколониялық елдерден өзгеше өрбігенін көрсетеді. Бұл кеңістік арнайы, дербес талдауды талап етеді.

Үшінші топ Азия елдеріндегі аралас үлгілерден тұрады. Мұнда батыстық кәсіби талап пен жергілікті билік құрылымдары, қауымдық институттар бір-бірімен ұштасады. Легаулт пен Бло (Legault and Bleau, 2025) мәдени элементтерді өз контекстінен бөліп алып қолданудың сырттай ғана жергіліктендірілген көрініс тудыратынын жазады. Азиялық тәжірибені де мазмұндық тереңдікпен қайта саралаған жөн.

Төртінші топқа батыстық бағдарламаларды мәдени ортаға бейімдеген зерттеулер кіреді. Мұндай жұмыстар тиімділігі дәлелденген стандартты әдісті жергілікті нормалар мен құндылыққа лайықтауды көздейді. Сенсой Бахар және әріптестерінің (Sensoy Bahar et al., 2020) рандомизацияланған бақылаулық зерттеуі осы бағыттағы ең сенімді эмпирикалық дәлел болғанымен, бағдарлама мазмұны түбегейлі өзгермей, көбіне сыртқы пішіні ғана жергілікті ортаға лайықталады. Бағыттардың толық сипаттамасы Кесте 1, 2, 3 және 4-те берілген.

Кесте 1. Африкалық Ubuntu философиясы негізіндегі қауымдық тәжірибе

Авторлар / Жыл	**Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі**	**Қазақстанмен үйлесімділік**	**Тиімділік дәлелі**
Мугумбате мен Черени (Mugumbate and Chereni, 2019)	Ubuntu: «адам басқа адамдар арқылы адам болады» ұстанымына негізделген қауымдық өзара тәуелділік үлгісі; Shona тілінің ұғымдары арқылы дамытылған өмірлік цикл үлгісі	Жоғары. Ubuntu идеясындағы «адам басқа адамдар арқылы адам болады» ұстанымы қазақ мәдениетіндегі қауымдық бірлік пен өзара жауапкершілік құндылықтарымен мазмұндас келеді.	Орташа. Теориялық база нық, рандомизацияланған зерттеу жоқ
Уотсон, Вашингтон және Степто-Уотсон (Watson, Washington and Stepteau-Watson, 2015)	Umoja менторлық бағдарламасы; африкалық барабан ойыны (Spir-rhythms) арқылы топтық байланыс; pyramid mentoring үлгісі	Жоғары. Umoja бағдарламасындағы жас ер азаматтарды қауымдастыру арқылы тәрбиелеу тәсілі қазақ мәдениетіндегі ұлдарды үлкендердің қадағалауымен, қауымдық қатысу арқылы тәрбиелеу дәстүрімен мазмұндас келеді.	Орташа. Нәтижелер сипаттамалық, RCT жоқ

Элсвик, Вашингтон және әріптестері (Elswick, Washington et al., 2021)	Trauma Healing Club: африкалық барабан ойыны мен pyramid mentoring сияқты мәдени тәжірибелерді жарақатпен жұмысқа бейімдеу	Орташа. Босқын балалар контексті тікелей ұқсастық бермейді.	Орташа. PTSD белгілері жақсарған (CPSS шкаласы бойынша), бақылау тобы жоқ
Уильямс, Хамфри, Болден және Вагнер (Williams, Humphrey, Bolden and Wagner, 2023)	Африкацентрлік терапевтік қауым: Asante, Nobles философтарының тұжырымдамалары; ұжымдық идентификация, ата-бабалар даналығы	Орташа. Asante мен Nobles негіздеген ата-бабалар даналығы мен ұжымдық сана тұжырымдамасы қазақ мәдениетіндегі аруақты құрметтеу және ұрпақтар жалғастығы дәстүрімен мазмұндас келеді.	Төмен-орташа. Эмпирикалық тексеру жоқ, тұжырымдамалық ұсыныс
Экох (Ekoh, 2024)	Жергіліктендіру үдерісіндегі әлеуметтік әділеттілік тәуекелі; универсализм мен релятивизм арасындағы қайшылық	Орташа. Экохтың бірегейлендіру мен салыстырмалылық арасындағы қайшылықты сынауы Қазақстандағы дәстүрлі нормаларды сыни тұрғыдан бағалауда ескерілуге тиіс мәселелерді көрсетеді.	Төмен. Эмпирикалық негізі жоқ, теориялық ескерту сипатында
Доминелли (Dominelli, 2010)	Жаһандық стандарттар мен жергілікті жағдай арасындағы шиеленісте әлеуметтік жұмыстың дамуы	Орташа. Доминеллидің жаһандық стандарттар мен жергілікті ерекшеліктер арасындағы қатынасты сипаттауы Қазақстандағы халықаралық үлгілер мен жергілікті тәжірибе арасындағы байланысты түсінуге негіз болады.	Төмен. Теориялық тұжырымдама, эмпирикалық тексеру жоқ

Дереккөз: авторлар іріктелген жарияланымдарды сыни талдау негізінде құрастырған.

Кесте 2. Солтүстік Америка мен Аустралиядағы деколониалдық тәжірибе

Авторлар / Жыл	**Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі**	**Қазақстанмен үйлесімділік**	**Тиімділік дәлелі**
Свенсон, Нюгорд және Саус (Swanson, Nygård and Saus, 2022)	Отбасы мен қауымды шешім қабылдауға кіріктіру «ортақ сезім» ретінде; ICWA шеңберінде туыстық қамқорлық, ақсақалдарды тарту	Өте жоғары. Қазақтың **«ел» (кең қауымдастық), «ру» (шыққан тегі бойынша топтасу), «ағайын» (жақын туыстық байланыс)** ұғымдарымен тікелей үндеседі; екі жағдайда да отарлық/кеңестік ықпалдан туындаған отбасылық байланыстың әлсіреуі ортақ мәсел	Жоғары (сапалық). 23 маман консенсусы нақты, сандық дерек жоқ
Браун (Brown, A., 2019)	Мәдени байланыс қорғаушы фактор ретінде; рухани практикалар, отбасылық кеңейтілген жүйені балалар қорғауда пайдалану	Жоғары. Кеңестік дәуірден кейін орын алған мәдени байланыстың үзілуі туралы тұжырыммен үндеседі	Орташа. Жеке тәжірибе, жалпылауға шектеулі
Кристиансон, Стилл және Сулейманов (Christianson, Still and Souleymanov, 2025)	HIV күтімінде рәсімдер мен дәстүрлі медицинаны негізгі компонент ретінде кіріктіру; ақсақалдар мен білім иелерін жүйеге тарту	Орташа-жоғары. Рухани-мәдени тәжірибені денсаулық сақтауға кіріктіру тәжірибесі маңызды үлгі бола алады	Жоғары (сапалық). 51 қатысушы, ақсақалдар растауы
Хилл, Нельсон және әріптестері (Hill, Nelson et al., 2020)	«Байырғы балалардың нәтижесін өлшеу құралы» (ATOMIC): еркін әңгімелесу тәсілімен мақсат қою; отбасы мен қауым бірлесіп мақсат белгілейді	Жоғары. Стандартталған тесттің орнына мәдени ортаға сай өлшем ұсынуы әдіснамалық үлгі бола алады	Өте жоғары. Сенімділік коэффициенті 0,995/0,982, $p<0,001$, 38 пайыздық прогресс
Блэк, Фредерико және Бэмблетт (Black, Frederico and Bamblett, 2018)	Aboriginal жастарға арналған мәдени нығайту бағдарламалары; «мәдениет арқылы сауығу» тәсілі	Жоғары. Мәдениетті сауығу құралы ретінде пайдалану идеясы қазақ дәстүрімен үндеседі	Орташа. Сапалық дизайн, бақыланатын зерттеу жоқ
Райан мен Ивеля (Ryan and Ivelja, 2023)	Жергіліктендіру мен отарсыздандыруды билік қатынастары мен институционалдық құрылым тұрғысынан қарастыру	Орташа. Қазақстандағы кеңестік мұраны билік қатынасы тұрғысынан зерттеуге үлгі	Төмен. Теориялық сипаттағы талдау

Авторлар / Жыл	Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі	Қазақстанмен үйлесімділік	Тиімділік дәлелі
Нюгорд мен Саус (Nygård and Saus, 2016)	Қауымға негізделген зерттеу этикасы; жеке келісім орнына ұжымдық жауапкершілікке көшу	Орташа. Қазақстандағы зерттеу этикасын қауымдық тұрғыдан қайта қарауға негіз	Төмен. Әдіснамалық ұсыныс, эмпирикалық тексеру жоқ
Йонген және әріптестері (Jongen et al., 2022)	Байырғы балалар мен жастардың әл-ауқаты мен психикалық денсаулығына арналған кешенді қолдау шаралары	Жоғары. Кешенді қолдау үлгісі Қазақстандағы балалармен жұмысқа бейімделуі мүмкін	Жоғары. Жүйелі шолу негізінде жасалған қорытынды
Гарба және әріптестері (Garba et al., 2023)	Байырғы қауымдардың зерттеу нысаны емес, дерек пен білімді басқаруға қатысатын субъект ретінде танылуы	Орташа. Қазақстандағы зерттеу этикасы мен қауымдық қатысуды кеңейтуге үлгі	Төмен. Әдіснамалық ұсыныс, эмпирикалық тексеру жоқ

Дереккөз: авторлар іріктелген жарияланымдарды сыни талдау негізінде құрастырған.

Кесте 3. Азиялық аралас үлгілер

Авторлар / Жыл	Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі	Қазақстанмен үйлесімділік	Тиімділік дәлелі
Бори мен Каларивайил (Bori and Kalarivayil, 2025)	Rigbo: ауылдық өзара көмек дәстүрі негізінде топтық жұмыс шеңбері; дәстүрлі жүйе SHG институттарымен интеграцияланған	Өте жоғары. Қазақтың «асар» дәстүрімен функционалдық ұқсастығы бар, ең маңызды жақын үлгі	Орташа. Тарихи трансформация сипатталған, заманауи тиімділік деректері жоқ
Алтхумали (Althumali, 2021)	Медициналық әлеуметтік жұмыста ислам мәдениеті мен діни ұстанымдарды кіріктіру; гендерлік рөлдер, отбасы шешімі мәселелері	Жоғары. Исламдық мәдениет пен медициналық жүйе арасындағы қайшылықтарға тікелей сәйкес келеді	Жоғары (сапалық). Purnell үлгісі негізінде жүйелі талдау
Хонг Шаньшань мен Ислам (Hong Shanshan and Islam, 2024)	Жергілікті білімді (халықтық дәстүрлер, билік құрылымы, құндылықтар мен қолөнер) төрт қадаммен (анықтау, бөліп алу, қолдану, бағалау) ауылдық әлеуметтік жұмысқа кіріктіру	Өте жоғары. Жергілікті көшбасшылар мен қауымдық өзара көмекті пайдалану «асар» тәжірибесіне сәйкес келеді	Жоғары. CBPR дизайны, тақырыптық талдау, деректерді салыстырмалы тексеру

Авторлар / Жыл	**Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі**	**Қазақстанмен үйлесімділік**	**Тиімділік дәлелі**
Чжао, Тан және Цан (Zhao, Tan and Tsang, 2023)	Жергіліктендіру мен аутентификацияны конфуцийшілдік, даосизм және буддизм негізінде қарастыру	Орташа-жоғары. Қазақстандағы дәстүрлі дүниетанымды теорияға кіріктіруге үлгі бола алады	Төмен. Теориялық сипаттағы талдау, эмпирикалық негізі жоқ
Юнг, Цзе, Лю және Шардлоу (Yeung, Jie, Liu and Shardlow, 2022)	Бірлескен мақсат қою мен рефлексияға негізделген супервизия үлгісін дәстүрлі оқытумен ұштастыру	Орташа. Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс қадағалау жүйесін жетілдіруге қолданылуы мүмкін	Орташа. Сапалық дизайн, шектеулі деректер
Да Луз Шерф (da Luz Scherf, 2022)	Әлеуметтік жұмыста рухани, денелік, қауымдық және тарихи байланысты қамтитын тұтас көзқарас	Орташа. Дәстүрлі дүниетанымның тұтастығын негіздеуге үлгі бола алады	Төмен. Теориялық тұжырымдама, эмпирикалық тексеру жоқ
Джасвал мен Кшетримаюм (Jaswal and Kshetrimayum, 2023)	Жергіліктендіру ұғымының әр контексте әртүрлі түсіндірілуін жүйелеп, тұжырымдамалық айқындықты талап ету	Орташа. Қазақстандағы жергіліктендіру ұғымын нақтылауға негіз болатын әдіснамалық үлгі	Орташа. Жүйелі әдеби шолу, бастапқы эмпирикалық дерек жоқ
Леви, Грей, Окойе және Амадасун (Levy, Gray, Okoye and Amadasun, 2025)	Жергілікті әдебиетті әлеуметтік жұмыс білімін мәдени тұрғыда сәйкес ету үшін пайдалану	Орташа. Қазақстандағы жергілікті ғылыми әдебиетті жинақтауға негіз болады	Орташа. Жүйелі шолу негізінде жасалған қорытынды

Дереккөз: авторлар іріктелген жарияланымдарды сыни талдау негізінде құрастырған.

Кесте 4. Батыстық бағдарламаларды мәдени ортаға бейімдеу

Авторлар / Жыл	**Зерттеу дизайны және мәдени практика механизмі**	**Қазақстанмен үйлесімділік**	**Тиімділік дәлелі**
Сенсой Бахар, Бьянси және әріптестері (Sensoy Bahar, Byansi et al., 2020)	АҚШ-тың 4Rs 2Ss бағдарламасы Amaka Amasanyufu («Бақытты отбасылар») атауымен, тілмен, символдармен, CHW желісі арқылы жеткізумен бейімделді	Орташа. Бейімдеу логикасы Қазақстанда да сынауға болатын тәсіл	Өте жоғары. RCT, $p<0,05$, 16 апта ішінде мінез-құлық бұзылыстары төмендеді

Хамед, Хусс және Массарви (Hamed, Huss and Massarwi, 2025)	Бедуин жастарымен өнерге негізделген топтық жұмыс; жергілікті дәстүрлі символдар арт-терапия сессияларына кіріктірілген	Орташа-жоғары. Байырғы мұсылман қауымы контексті жақын үлгі болады	Орташа. Шағын N, тақырыптық талдау
Беннетт, Скуайрс және МакКейб (Bennett, Squires and McCabe, 2023)	Тілдік қолжетімділіктің қызметке қол жеткізу, келісім беру және сенім қалыптастыру шарты екенін негіздеу	Орташа. Қазақстандағы көптілді ортада әлеуметтік қызмет көрсетуге қатысты үлгі	Төмен-орташа. Сапалық сипаттағы талдау
Нугрохо (Nugroho, 2023)	Туыстық қамқоршылықты балаларды қорғау шарасының мәдени негізі ретінде қарастыру	Жоғары. Қазақстандағы туыстық қамқорлық дәстүрімен тікелей үндеседі	Орташа. Практикалық талдау, бақыланатын зерттеу жоқ
Легаулт пен Бло (Legault and Bleau, 2025)	Мәдени элементтерді контекстсіз алудың «көрнекі» жергіліктендіруге және мәдениетті иеленуге әкелу қаупі	Орташа. Қазақстандағы дәстүрлі практиканы сыни тексеруге негіз болады	Төмен. Теориялық ескерту, эмпирикалық негізі жоқ
Муапаура және әріптестері (Mwapaura et al., 2024)	Жергілікті білім жүйелерінің құқыққа негізделген әлеуметтік жұмысқа қайшы келмей, оны толықтыруы	Орташа. Қазақстандағы құқықтық және дәстүрлі тәсілдерді ұштастыруға үлгі	Орташа. Сапалық талдау, бақыланатын зерттеу жоқ

Ескерту: Тиімділік деңгейі төрт сатыдан тұрады. Өте жоғары деңгей рандомизацияланған бақылаулық зерттеуге (ағылшынша randomized controlled trial, RCT) немесе 0,95-тен жоғары ішкі сыныптық корреляция коэффициентіне (ағылшынша intraclass correlation coefficient, ICC) сәйкес келеді. ICC өлшем құралының сенімділігін бағалайтын статистикалық көрсеткіш. Жоғары деңгей жүйелі сапалық дизайнды, орташа деңгей пилоттық немесе сипаттамалық зерттеуді, төмен деңгей тұжырымдамалық ұсынысты білдіреді. Дереккөз: авторлар құрастырған.

Дереккөз: авторлар іріктелген жарияланымдарды сыни талдау негізінде құрастырған.

Кестелерде берілген төрт бағыт әрқайсысы жергіліктендірудің өзіндік тәжірибелік логикасымен ерекшеленеді.

Африка елдеріндегі убунту бағыты жеке адамды қауымнан бөліп қарастырмай, әлеуметтік байланыстар мен өзара жауапкершілікті әлеуметтік жұмыстың маңызды негізі ретінде қарастырады. Мугумбате мен Черени (Mugumbate and Chereni, 2019) осы философияны балаларды қорғау саласына шона тіліндегі ұғымдар арқылы енгізсе, Уотсон және әріптестері (Watson et al., 2015) африкалық барабан ойынын менторлық жұмысқа енгізді, жас жігіттердің қауымдық өмірге қатысуын күшейтуге бағытталған тәсілді ұсынды. Қазақстан контексінде бұл бағыттың маңызы отбасылық, туыстық және қауымдық өзара жауапкершілікке негізделген әлеуметтік қатынастармен мазмұндық ұқсастығымен байланысты. Сонымен бірге убунтуға негізделген практикалардың эмпирикалық тиімділігін бағалауда сақтық қажет: рандомизацияланған бақылаулы зерттеулердің шектеулі болуы себептік тиімділік туралы берік қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар Экох (Ekoh, 2024) мәдени практикаларды сыни талдаусыз қабылдау кейбір әлеуметтік теңсіздіктердің көрінбей қалуына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Убунту тәжірибесін Қазақстан жағдайына бейімдеу кезінде оның құндылықтық негізімен қатар, нақты әлеуметтік салдарын да бағалау қажет.

Солтүстік Америка мен Аустралиядағы тәжірибелерде мәдениет жергілікті қауымдардың тарихи тәжірибесін, отбасы құрылымын және ұжымдық шешім қабылдау үлгілерін әлеуметтік жұмыс практикасына

енгізудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Свенсон және әріптестері (Swanson et al., 2022) Монтана штатында 23 маманмен жүргізген зерттеуінде отбасы мен қауымды шешім қабылдау үдерісіне қатыстырудың маңызын көрсетті. Хилл және әріптестері (Hill et al., 2020) әзірлеген өлшеу құралы да жергілікті контекстке бейімделген практикаларды эмпирикалық бағалаудың мүмкіндігін зерттеді. Дегенмен аталған тәжірибелердің едәуір бөлігі постколониялық және байырғы халықтардың тарихи тәжірибесі қалыптасқан ортада дамыған. Ан (An, 2014) посткеңестік мемлекеттердің тарихи және институционалдық даму бағытының постколониялық қоғамдардан өзгеше екенін атап көрсетеді. Аталған үлгілерді Қазақстанға тікелей көшірудің орнына, олардың қолданылу логикасын жергілікті тарихи және әлеуметтік жағдаймен салыстыра қарастырған жөн.

Азиялық аралас үлгілер батыстық әлеуметтік жұмыс тәсілдерін жергілікті мәдени нормалармен және қауымдық практикалармен ұштастыруға бағытталған. Бори мен Каларивайил (Bori and Kalarivayil, 2025) Үндістандағы Мисинг қауымының өзара көмек дәстүрін топтық жұмысқа бейімдеген. Аталған тәжірибенің функционалдық логикасы қазақ қоғамындағы асар дәстүрімен салыстыруға мүмкіндік береді. Хонг Шаньшань мен Ислам (Hong Shanshan and Islam, 2024) жергілікті көшбасшылармен сенім қатынастарын қалыптастырудың жобаларды іске асырудағы маңызын көрсетеді. Алтхумали (Althumali, 2021) ислам мәдениеті мен медициналық жүйе арасындағы өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін қарастырса, Легаулт пен Бло (Legault and Bleau, 2025) мәдени элементтерді олардың әлеуметтік контекстінен бөліп қолданудың қаупіне назар аударады. Осы зерттеулер бойынша жергілікті мәдени элементті әлеуметтік жұмыс практикасына енгізудің өзі жеткіліксіз. Оның бастапқы әлеуметтік мағынасы мен қауым ішіндегі қызметін сақтау да қажет.

Батыстық бағдарламаларды жергілікті жағдайға бейімдеу бағыты дайын бағдарламаларды басқа мәдени ортаға енгізген кезде тек тілдік аударумен шектелмеуді көздейді. Бағдарламаның мазмұны, атауы, символдары және оны жеткізу тәсілдері де жергілікті контекстке сәйкес қайта қаралуы мүмкін. Сенсой Бахар және әріптестері (Sensoy Bahar et al., 2020) Угандада АҚШ-та әзірленген отбасылық бағдарламаны жергілікті жағдайға бейімдеп, 636 қатысушыны қамтыған зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері отбасылық қарым-қатынастардың жақсарғанын және балалардың мінез-құлық қиындықтарының 16 апта ішінде төмендегенін көрсетті. Сонымен қатар Легаулт пен Бло (Legault and Bleau, 2025) мәдени бейімдеудің үстірт сипатта қалу қаупін көрсетеді. Яғни бағдарламаның сыртқы элементтерін өзгерту оның мәдени тұрғыдан шынайы жергіліктендірілгенін білдірмейді. Осы тұрғыдан алғанда мәдени бейімдеудің тереңдігі мен бағдарламаның эмпирикалық тиімділігін қатар бағалаудың қажеттілігі туындауда.

Төрт бағытты салыстырмалы қарастыру бірнеше ортақ мәселені анықтайды. Біріншіден, зерттеулердің едәуір бөлігі шағын іріктемеге және сипаттамалық немесе сапалық дизайнға негізделген, сондықтан жергіліктендірілген практикалардың ұзақ мерзімді және себептік тиімділігі туралы қорытынды жасау мүмкіндігі шектеулі. Екіншіден, мәдени бейімдеу мен жергіліктендіру ұғымдары барлық зерттеулерде бірдей өлшемдермен анықталмайды. Үшіншіден, посткеңестік кеңістіктегі, соның ішінде Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс практикасын жергіліктендіруге арналған эмпирикалық зерттеулер халықаралық әдебиетте салыстырмалы түрде аз ұсынылған. Посткеңестік қоғамдардың тарихи қалыптасуы постколониялық елдердің тәжірибесімен толық сәйкес келмейтіндіктен, дайын халықаралық үлгілерді тікелей көшіру теориялық және практикалық тұрғыдан шектеулі болуы мүмкін. Қазақстан жағдайында жергіліктендірудің жергілікті мәдени практикалармен, отбасылық-туыстық қатынастармен және посткеңестік институционалдық тәжірибемен байланысын арнайы зерттеу қажет.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері халықаралық тәжірибеде әлеуметтік жұмысты жергіліктендірудің төрт негізгі бағытының өзара толықтырушы сипатта дамып отырғанын байқатты. Африкадағы убунту философиясына негізделген тәсілдер ұжымдық жауапкершілік пен өзара тәуелділікке сүйенетін жергілікті дүниетанымды әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне енгізуге басымдық береді. Солтүстік Америка мен Аустралиядағы байырғы халықтармен жұмыс тәжірибесінде тарихи және отарлық жарақаттың салдарын еңсеру, мәдени қауіпсіздік пен өзін-өзі анықтау мәселелері алдыңғы орынға шығады. Азия елдеріндегі аралас үлгілер кәсіби әлеуметтік жұмыс қағидаттарын жергілікті мәдени құндылықтармен және қауымдастықтық тәжірибелермен ұштастыруға ұмтылады. Ал бағдарламаларды мәдени бейімдеу бағыты ғылыми негізделген араласуларды жергілікті

әлеуметтік және мәдени ортаға сәйкестендіруге бағытталған.

Талданған еңбектерде осы бағыттардың арасында мәдени бейімдеу тереңдігі мен эмпирикалық дәлелділік деңгейі тұрғысынан белгілі бір алшақтық байқалады. Мәселен, Сенсой Бахар және әріптестерінің (Sensoy Bahar et al., 2020) зерттеуінде бағдарламаның тиімділігі эмпирикалық тұрғыдан жоғары деңгейде бағаланғанымен, оның жергілікті мәдени мазмұнын түбегейлі қайта қарау шектеулі деңгейде қалған. Яғни бейімдеу негізінен бағдарламаның сыртқы формалары мен қолдану ерекшеліктеріне қатысты жүзеге асқан. Керісінше, убунту немесе игбо қауымдастықтарының дәстүрлеріне негізделген тәжірибелер жергілікті мәдениетпен тығыз байланысымен ерекшеленгенімен, олардың тиімділігін кең көлемде эмпирикалық бағалаған зерттеулер салыстырмалы түрде аз. Бұл жағдай мәдени сәйкестік пен ғылыми дәлелділікті бір-біріне қарама-қарсы қоюдың жеткіліксіз екенін аңғартады. Керісінше, болашақ зерттеулер осы екі өлшемді қатар қамтитын тәсілдерді дамытуға бағытталуы қажет.

Халықаралық тәжірибені Қазақстан жағдайымен салыстырғанда, барлық үлгінің бірдей тікелей қолданылуы мүмкін емес екені байқалады. Бори мен Каларивайил (Bori and Kalarivayil, 2025) сипаттаған игбо қауымдастығындағы ригбо және асар дәстүрлерінің өзара көмекке, қауымдастықтық жауапкершілікке және әлеуметтік қолдауға негізделуі Қазақстанның дәстүрлі әлеуметтік қатынастарына салыстырмалы түрде жақын. Сол сияқты Хонг Шаньшань мен Исламның (Hong Shanshan and Islam, 2024) зерттеуінде қарастырылған жергілікті көшбасшылық пен қауымдастықтық қатысу тәжірибелері Орталық Азия қоғамдарындағы әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін түсіндіру үшін маңызды салыстырмалы материал береді.

Свенсон және әріптестерінің (Swanson et al., 2022) Монтанадағы зерттеуі де Қазақстан үшін тікелей үлгі ретінде емес, салыстырмалы талдау тұрғысынан маңызды. Авторлар байырғы халықтардың отарлық тәжірибесі мен әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі арасындағы байланысты сипаттайды. Аталған мәселе Қазақстандағы кеңестік модернизация, дәстүрлі қауымдастықтық байланыстардың өзгеруі және әлеуметтік институттардың қайта құрылуы мәселелерімен белгілі бір деңгейде салыстырылуы мүмкін. Алайда Ан (An, 2014) атап көрсеткендей, посткеңестік және постколониялық қоғамдардың тарихи қалыптасу жолдары бірдей емес. Басқа елдердегі теориялық және практикалық үлгілерді Қазақстанға өзгеріссіз көшіру әдіснамалық тұрғыдан негізсіз болар еді. Қазақстан жағдайында олардың ортақ механизмдерін анықтап, жергілікті тарихи, институционалдық және мәдени ерекшеліктермен сәйкестігін жеке бағалау қажет.

Алтхумали (Althumali, 2021) зерттеген ислам мәдениеті мен медициналық жүйенің өзара байланысы да Қазақстан жағдайында мәдени контекстің әлеуметтік қызмет көрсетуге ықпалын түсіндіру үшін маңызды. Бұл тәжірибе мәдени және діни құндылықтардың кәсіби қызмет көрсету жүйесімен өзара әрекеттесуіне бастау болады. Дегенмен Қазақстандағы исламның әлеуметтік институттармен, отбасы құрылымымен және кәсіби әлеуметтік жұмыс жүйесімен байланысы өзіндік ерекшеліктерге ие болғандықтан, аталған тәжірибені де тікелей көшіру емес, салыстырмалы негізде қарастыру орынды.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, талдауға енгізілген еңбектердің басым бөлігі отарлық тарихы бар қоғамдарға қатысты болғанымен, посткеңестік кеңістік арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде қамтылмаған. Яғни, Қазақстан жағдайына қатысты қорытындылардың жалпылану мүмкіндігін шектейді. Екіншіден, зерттеулердің басым бөлігі ағылшын тілінде жарияланғандықтан, қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер толық көлемде қамтылмауы мүмкін. Үшіншіден, әдебиеттерді іздеу бір ғана дерекқормен шектелуі басқа дереккөздерде жарияланған релевантты зерттеулердің назардан тыс қалу ықтималдығын арттырады. Төртіншіден, жарияланымдық бұрмалау ықтималдығы да ескерілуі тиіс, оң нәтижелер көрсеткен бағдарламалардың жариялану мүмкіндігі теріс немесе статистикалық мәнді нәтиже бермеген зерттеулерге қарағанда жоғары болуы ықтимал.

Жергілікті дәстүрлерді әлеуметтік жұмысқа енгізу оларды сынсыз қабылдауды білдірмейді. Экох (Ekoh, 2024) пен Легаулт және Бло (Legault and Bleau, 2025) мәдени дәстүрлерді енгізу барысында ішкі билік қатынастарын, әлеуметтік теңсіздікті және осал топтардың жағдайын ескерудің маңыздылығын атап өтеді. Мәселе Қазақстан үшін де өзекті. Гендерлік нормаларды, жасы үлкендердің беделіне негізделген иерархияны және отбасы ішіндегі билік құрылымдарын қамтитын дәстүрлерді енгізгенде олардың қорғаушы әлеуетімен қатар шектеуші ықпалын да бағалау қажет.

Зерттеу нәтижелерінің басты қорытындысы мынадай. Жергіліктендіру дәстүрлерді механикалық енгізу емес, ғылыми негізделген сыни бейімдеу үдерісі болуы тиіс. Мұндай ұстаным батыстық теориялар мен әдістерді толық қабылдауды да, толық жоққа шығаруды да көздемейді, керісінше олардың тиімді элементтерін Қазақстанның тарихи, мәдени және ұйымдастырушылық ерекшеліктерімен ұштастыруды талап етеді. Мұстафина және әріптестері (Mustafina et al., 2025) атап көрсеткендей, ұлттық ерекшеліктерге негізделген әлеуметтік жұмыс үлгісін қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті.

Келесі зерттеу кезеңі жергілікті тәжірибелердің нақты әлеуметтік қызмет көрсету үдерісіндегі қызметін эмпирикалық зерттеуге бағытталуы қажет. Асар, ағайыншылық, қауымдастықтық өзара көмек сияқты тәжірибелердің кәсіби қағидаттармен үйлесімін далалық, жағдайлық және сапалық зерттеу әдістерімен анықтау маңызды. Тәсіл мәдени тереңдік пен ғылыми дәлелділікті қатар қамтамасыз етіп, Қазақстан жағдайына бейімделген әлеуметтік жұмыс практикасының ғылыми негізін қалыптастырады.

Қорытынды мен ұсыныстар

Халықаралық тәжірибеде әлеуметтік жұмысты жергіліктендіру Африкадағы убунту философиясына негізделген қауымдық тәжірибелер, Солтүстік Америка мен Аустралиядағы байырғы дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған тәсілдер, Азиядағы аралас үлгілер және батыстық бағдарламаларды жергілікті ортаға бейімдеу тәжірибесі арқылы төрт негізгі бағытта дамып келеді. Сонымен бірге осы бағыттардың аясында Орталық Азия мен Қазақстанның ғылыми үлесі жеткілікті деңгейде көрініс таппаған. Аталған олқылық библиометриялық көрсеткіштерден ғана емес, Қазақстандағы әлеуметтік жұмысты жергілікті мәдениет пен әлеуметтік тәжірибелерге сүйене отырып дамыту мәселесінің ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуінен де байқалады.

Осыған орай Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне асар, ағайыншылық, үлкенді құрметтеу, өзара көмек, бірлескен жауапкершілік және кеңейтілген отбасы сияқты жергілікті әлеуметтік құндылықтарды ғылыми негізде енгізу **келешегі зор** бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде сипатталған ригбо, убунту және отбасылық кеңес сияқты үлгілер жергілікті қауымдық ресурстарды әлеуметтік жұмыс практикасы тұрғысынан жүйелеуге салыстырмалы негіз бола алады. Дәстүрлі тәжірибелерді өзгеріссіз қабылдау емес, олардың әлеуметтік қолдау әлеуетін кәсіби әлеуметтік жұмыстың қағидаттарымен үйлестіру маңызды.

Жоғары білім беру жүйесінде әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау бағдарламаларына жергілікті мәдениет пен әлеуметтік тәжірибелерге арналған элективті пән немесе оқу модулін енгізу ұсынылады. Оның мазмұны отбасылық-туыстық қолдау жүйелерін, асар мен ағайыншылық сияқты қауымдық өзара көмек тетіктерін және олардың қазіргі әлеуметтік қызмет көрсету тәжірибесіне ықпалдасу жолдарын қамтуы мүмкін. Сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына жергілікті мәдени ерекшеліктерді ескеретін тақырыптарды енгізу мамандардың мәдени тұрғыдан сезімтал кәсіби практикасын жетілдіреді. Джасвал мен Кшетримаюм (Jaswal and Kshetrimayum, 2023) атап өткендей, жергіліктендірілген білім тек кәсіби тәжірибені ғана емес, болашақ маманның кәсіби ұстанымын да қалыптастырады.

Посткеңестік елдердегі жергіліктендіру үдерісі өзіндік тарихи және теориялық негізге сүйенуі тиіс. Яғни кеңестік кезеңдегі мәдени байланыстардың өзгеруі мен жергілікті дүниетанымның шеттетілуінің әлеуметтік жұмыс пен дәстүрлі өзара көмек тәжірибелеріне ықпалын зерттеу маңызды бағыттардың бірі саналады. Сонымен қатар ұлттық дәстүрлерді әлеуметтік жұмыс практикасына енгізу олардың барлығын оң құбылыс ретінде қабылдауды білдірмеуі керек. Дәстүрлі нормалардың әлеуметтік теңдікке, адам құқықтарына және осал топтардың жағдайына ықпалын сыни тұрғыдан бағалау қажет, әсіресе жоғарыда талқыланған гендерлік теңсіздік пен жас иерархиясы мысалдарында. Қазақстандық зерттеушілер мен халықаралық ғылыми орта арасындағы байланысты нығайту да маңызды. Орталық Азияның жаһандық ғылыми пікірталасқа кеңірек қосылуы жергіліктендіру теориясын жаңа эмпирикалық материалдармен және теориялық пайымдармен толықтырады. Сонымен қатар қазақ және орыс тілдерінде жүргізілген жергілікті зерттеулерді халықаралық ғылыми айналымға жүйелі түрде енгізу қажет.

Осы зерттеу теориялық сипатта болғандықтан, ұсынылған пайымдарды Қазақстан жағдайында нақты эмпирикалық деректермен тексеру келесі зерттеу кезеңінің негізгі міндеттерінің бірі саналады.

Атап айтқанда, асар, ағайыншылық сияқты дәстүрлердің қазіргі әлеуметтік қызмет көрсету тәжірибесінде нақты қалай көрініс табатынын далалық зерттеулер немесе жағдайлық зерттеулер арқылы анықтау қажет. Мұндай зерттеулер аталған мәдени тетіктердің қолданылу аясын, әлеуметтік қызмет көрсету үдерісіне ықпалын және оларды кәсіби әлеуметтік жұмыс практикасына ықпалдастыру мүмкіндіктерін нақтылайды.

Қаржыландыру туралы мәлімет

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша гранттық қаржыландыруы аясында дайындалды (AP26194657 «Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың практикасы мен білім беруін индигенизациялау»).

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Г.Н. Шанбаева – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, Scopus дерекқорынан деректер жинау, библиометриялық талдау жүргізу, VOSviewer/Bibliometrix арқылы карталарды құрастыру, нәтижелерді талдау және қорытындылау, мақаланың бастапқы нұсқасын дайындау.

К.А. Абенова – зерттеу әдіснамасын әзірлеу, халықаралық әдебиеттерге сыни талдау жасау, ғылыми редакциялау, терминологиялық бірізділікті тексеру, мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі

1. Althumali, N. (2021) Culture and Medical Social Work Practice in Saudi Arabia. Doctoral dissertation. Nottingham: Nottingham Trent University.

2. Amrulloh, M.B., Busri, M.H. (2024) 'Building a tolerant Muslim society amidst the Indonesian diversity', International Journal of Research and Innovation in Social Science, 8(7), pp. 3214–3220. Available at: *https://doi.org/10.47772/IJRISS.2024.807243*.

3. An, S. (2014) 'Social work between "Westernization" and "nationalization": The transnational perspective on social work in post-socialist/post-Soviet states', in Bahr, C., Homofieldt, H.G., Shroeder, C., Schroer, W. and Schweppe, C. (eds.) The World Atlas of Social Work. Weinheim/München: BELTZ Juventa, pp. 120–136.

4. Bennett, B., Squires, S., McCabe, L. (2023) 'Language access as a determinant of trust and consent in social work practice', Journal of Ethnic and Cultural Diversity in Social Work, 32(1), pp. 18–34.

5. Bhabha, H.K. (1994) The Location of Culture. London: Routledge.

6. Black, C., Frederico, M., Bamblett, M. (2024) ''Healing through culture': Aboriginal young people's experiences of social and emotional wellbeing impacts of cultural strengthening programs', Child Abuse and Neglect, 148, article 106206. Available at: *https://doi.org/10.1016/j.chiabu.2023.106206*.

7. Bori, J.P., Kalarivayil, R. (2025) 'Rigbo: Eliciting an Indigenous framework for social group work practice', Social Work with Groups, 48(2), pp. 147–160. Available at: *https://doi.org/10.1080/01609513.2024.2423084*.

8. Brown, A.K. (2019) The Connection Between Culture and Wellness for Indigenous Social Workers: How Culturally-Grounded Practice Can Impact Our Work with Children, Families and Communities. Master's thesis. Victoria: University of Victoria.

9. Césaire, A. (2000) Discourse on Colonialism (J. Pinkham, trans.). New York: Monthly Review Press. (Original work published 1955).

10. Christianson, T., Still, M., Souleymanov, R. (2025) 'Towards anti-colonial approaches in social work: Enhancing culturally safe HIV care for Indigenous communities in Manitoba and Saskatchewan', Qualitative Social Work, 24(2–3), pp. 282–300. Available at: *https://doi.org/10.1177/14733250241303527*.

11. da Luz Scherf, E. (2023) 'Latin American perspectives on Indigenous social work: In search of mind, body, and soul', AlterNative: An International Journal of Indigenous Peoples, 19(1), pp. 155–165. Available at: *https://doi.org/10.1177/11771801221140460*.

12. Dominelli, L. (2010) 'Globalization, contemporary challenges and social work practice', International Social Work, 53(5), pp. 599–612. Available at: *https://doi.org/10.1177/0020872810371201*.

13. Ekoh, P.C. (2024) 'Is indigenisation a social justice risk? Exploring indigenisation of social work in Africa through the lens of universalism versus relativism of social work ethics and values', International Social Work, 67(1), pp. 32–37. Available at: *https://doi.org/10.1177/00208728221149556*.

14. Elswick, S., Washington, G., Mangrum-Apple, H., Peterson, C., Barnes, E., Pirkey, P., Watson, J. (2022) 'Trauma Healing Club...', Journal of Child and Adolescent Trauma, 15(1), pp. 155–166. Available at: *https://doi.org/10.1007/s40653-021-00387-5*.

15. Fanon, F. (1961) The Wretched of the Earth (C. Farrington, trans.). New York: Grove Press.

16. Garba, I., Sterling, R., Plevel, R., Carson, W., Cordova-Marks, F.M., Cummins, J., Curley, C., David-Chavez, D., Fernandez, A., Hiraldo, D., Hiratsuka, V., Hudson, M., Jäger, M.B., Jennings, L.L., Martinez, A., Yracheta, J., Garrison, N.A., Carroll, S.R. (2023) 'Indigenous Peoples and research: Self-determination in research governance', Frontiers in Research Metrics and Analytics, 8, article 1272318. Available at: *https://doi.org/10.3389/frma.2023.1272318*.

17. Garrett, P.M. (2024) 'What are we talking about when we are talking about 'decolonising' social work?', The British Journal of Social Work, 54(5), pp. 2027–2044. Available at: *https://doi.org/10.1093/bjsw/bcae018*.

18. Golightley, M., Holloway, M. (2017) 'Editorial: The voice of international social work', The British Journal of Social Work, 47(2), pp. 285–292. Available at: *https://doi.org/10.1093/bjsw/bcx028*.

19. Gray, M., Coates, J. (2010) ''Indigenization' and knowledge development: Extending the debate', International Social Work, 53(5), pp. 613–627. Available at: *https://doi.org/10.1177/0020872810372160*.

20. Gray, M., Fook, J. (2004) 'The quest for a universal social work: Some issues and implications', Social Work Education, 23(5), pp. 625–644. Available at: *https://doi.org/10.1080/0261547042000252334*.

21. Hamed, S., Huss, E., Massarwi, A.A. (2025) 'The use of art in group therapy among Bedouin youth in home detention under supervision of the juvenile probation service', International Journal of Art Therapy: Inscape. Available at: *https://doi.org/10.1080/17454832.2025.2454585*.

22. Hill, A.E., Nelson, A., Copley, J.A., Quinlan, T., McLaren, C.F., White, R., Castan, C., Brodrick, J. (2025) 'Real gains...', Journal of Interprofessional Care, 39(6), pp. 909–916. Available at: *https://doi.org/10.1080/13561820.2020.1801611*.

23. Hong, S., Islam, M.R. (2024) 'Integrating Indigenous knowledge into rural social work: A community-led study in Ninghua, Fujian, China', SAGE Open, 14(2), pp. 1–12. Available at: *https://doi.org/10.1177/21582440241255740*.

24. Jaswal, S., Kshetrimayum, M. (2023) 'A review of Indigenous social work around the world: Concepts, debates and challenges', International Social Work, 66(5), pp. 1369–1382. Available at: *https://doi.org/10.1177/00208728211073851*.

25. Jongen, C., Campbell, S., Saunders, V., Askew, D., Spurling, G., Gueorguiev, E., Langham, E., Bainbridge, R., McCalman, J. (2023) 'Wellbeing and mental health interventions for Indigenous children and youth: A systematic scoping review', Children and Youth Services Review, 145, article 106790. Available at: *https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2022.106790*.

26. Koenig, T.L., Spano, R., Kaufman, D., Leiste, M.R., Tynyshbayeva, A., Madyarbekov, G., Makhadiyeva, A.K. (2017) 'A Freirean analysis of Kazakhstani social work education', International Social Work, 60(1), pp. 156–169. Available at: *https://doi.org/10.1177/0020872814559558*.

27. Legault, G., Bleau, D. (2025) 'Indigenizing or appropriating? Navigating the boundaries of institutional decolonization', Capitalism Nature Socialism, 36(2), pp. 71–91. Available at: *https://doi.org/10.1080/10455752.2024.2445586*.

28. Levy, S., Gray, M., Okoye, U.O., Amadasun, S. (2025) 'Identifying Nigerian literature to inform culturally relevant social work education: A scoping review', International Social Work, 68(2), pp. 238–254. Available at: *https://doi.org/10.1177/00208728241305451*.

29. Levy, S., Okoye, U.O., Ingram, R. (2022) 'Making the 'local' visible in social work education: Insights from Nigeria and Scotland on (re)balancing and contextualising Indigenous and international knowledge', The British Journal of Social Work, 52(7), pp. 4299–4317. Available at: *https://doi.org/10.1093/bjsw/bcac028*.

30. Lin, S. (2022) 'Social work indigenization in Mainland China: Towards a state-led decolonizing framework', Journal of Social Work, 22(1), pp. 188–210. Available at: *https://doi.org/10.1177/1468017320981707*.

31. Majumdar, K., Baikady, R., D'Souza, A.A. (eds.) (2023) Indigenization Discourse in Social Work: International Perspectives. Cham: Springer. Available at: *https://doi.org/10.1007/978-3-031-37712-9*.

32. Mugumbate, J., Chereni, A. (2019) 'Using African Ubuntu theory in social work with children in Zimbabwe', African Journal of Social Work, 9(1), pp. 27–34.

33. Mustafina, A., Kalmykbayeva, A.B., Italmasova, R.B. (2025) 'Indigenization of social work: The relationship between globalization and localization in education', Gumilyov Journal of Sociology, 153(4), pp. 158–176. Available at: *https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-153-4-158-176*.

34. Mwapaura, K., Mushunje, M., Charamba, S., Risinamhodzi, N., Simango, T.G. (2024) 'Interrogating the relevance of Indigenous knowledge systems in social work education and practice: A human rights perspective', Journal of Social Development in Africa, 39(2), pp. 88–113.

35. Neureither, F., Kleibl, T., Lutz, R. (2023) 'Internationalisation of social work', Pedagogika Społeczna Nova, 3(6), pp. 175–195. Available at: *https://doi.org/10.14746/psn.2023.3.6.11*.

36. Nugroho, F. (2023) 'Child abuse and kinship guardianship: Social work and indigenization perspectives in Indonesia', African Journal of Social Work, 13(5), pp. 224–234. Available at: *https://doi.org/10.4314/ajsw.v13i5.1*.

37. Nygård, R.H., Saus, M. (2016) 'Emphasizing Indigenous communities in social work research ethics', International Social Work, 59(5), pp. 666–678. Available at: *https://doi.org/10.1177/0020872816646815*.

38. Quijano, A. (2000) 'Coloniality of power, Eurocentrism, and Latin America', Nepantla: Views from South, 1(3), pp. 533–580.

39. Ryan, J., Ivelja, J. (2023) 'Indigenisation, (de)colonisation, and whiteness: Dismantling social work education', Australian Social Work, 76(3), pp. 300–314. Available at: *https://doi.org/10.1080/0312407X.2023.2203116*.

40. Said, E.W. (1978) Orientalism. New York: Pantheon Books.

41. Semigina, T. (2025) 'From Ubuntu to Harambee: A decolonial turn in the theme of World Social Work Day', Social Work and Education, 12(4), pp. 673–688. Available at: *https://doi.org/10.25128/2520-6230.25.4.9*.

42. Sensoy Bahar, O., Byansi, W., Kivumbi, A., Namatovu, P., Kiyingi, J., Ssewamala, F.M., McKay, M.M., Nyoni, T. (2020) 'From "4Rs and 2Ss" to "Amaka Amasanyufu" (Happy Families): Adapting a U.S.-based evidence-based intervention to the Uganda context', Family Process, 59(4), pp. 1928–1945. Available at: *https://doi.org/10.1111/famp.12525*.

43. Swanson, S., Nygård, R.H., Saus, M. (2022) 'Native American social work: Including family and community', Journal of Social Work, 22(3), pp. 615–636. Available at: *https://doi.org/10.1177/14680173211009177*.

44. Ugiagbe, E.O. (2015) 'Social work is context-bound: The need for indigenization of social work practice in Nigeria', International Social Work, 58(6), pp. 790–801. Available at: *https://doi.org/10.1177/0020872813515013*.

45. United Nations. (1971) Training for Social Welfare: Fifth International Survey. New York: United Nations.

46. Walton, R.G., Abo El Nasr, M.M. (1988) 'Indigenization and authentization in terms of social work in Egypt', International Social Work, 31(2), pp. 135–144. Available at: *https://doi.org/10.1177/002087288803100207*.

47. Watson, J., Washington, G., Stepteau-Watson, D. (2015) 'Umoja: A culturally specific approach to mentoring young African American males', Child and Adolescent Social Work Journal, 32(1), pp. 81–90. Available at: *https://doi.org/10.1007/s10560-014-0367-z*.

48. Williams, O., III, Humphrey, M., Bolden, M.A., Wagner, R. (2023) 'African-centered therapeutic community substance abuse treatment with incarcerated Black males: A pilot model', Journal of Multicultural Counseling and Development, 51(4), pp. 218–232. Available at: *https://doi.org/10.1002/jmcd.12288*.

49. Yeung, E.Y.W., Jie, Z., Liu, B.C.P., Shardlow, S.M. (2024) 'Supervision of Chinese social work students during field practice: Harmonising a student-focused, egalitarian approach with traditional teaching and learning', International Social Work, 67(2), pp. 469–484. Available at: *https://doi.org/10.1177/00208728221136974*.

50. Zhao, K., Tan, W., Tsang, A.K.T. (2023) 'Indigenization and authentization of epistemology in China's social work: Moving beyond Confucianism, Taoism, and Chinese Buddhism', International Social Work, 66(4), pp. 1005–1017. Available at: *https://doi.org/10.1177/00208728211041669*.

Г. Н. Шанбаева[1], К. А. Абенова[2]
[1,2]Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА ИНДИГЕНИЗАЦИИ ПРАКТИКИ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Аннотация. В последние годы в международной научной дискуссии всё чаще поднимается вопрос индигенизации социальной работы. Это связано с тем, что западные модели профессиональной подготовки и социальной работы не всегда в полной мере соответствуют особенностям местной культурной среды. На постсоветском пространстве, в том числе в Казахстане, институт семьи, родственные связи, традиции взаимопомощи и национальные ценности по-прежнему занимают важное место в общественной жизни. Однако вопросы системной интеграции этих культурных ресурсов в практику социальной работы до настоящего времени остаются недостаточно исследованными.

Цель настоящей статьи - провести критический анализ теоретических и практических моделей индигенизации, представленных в международном опыте, а также определить возможности и ограничения их адаптации к условиям Казахстана. В исследовании использованы библиометрический анализ и критический обзор литературы. По результатам поиска в базе данных Scopus и специализированных научных журналах было выявлено 250 публикаций. В ходе двухэтапного отбора, основанного на критериях тематической релевантности и практической направленности, для углублённого анализа было отобрано 29 статей. Результаты исследования позволили выделить четыре основных направления практики индигенизации: общинно-ориентированные подходы, основанные на философии убунту в странах Африки; деколониальные практики Северной Америки и Австралии; гибридные модели, применяемые в странах Азии; а также адаптацию западных программ социальной работы к местной культурной среде. Полученные результаты могут служить научной основой для формирования национальной модели социальной работы в Казахстане.

Ключевые слова: индигенизация, деколонизация, культурная идентичность, критический анализ, национальные ценности, общинная поддержка, социальная работа

G. N. Shanbayeva[1], K. A. Abenova[2]
[1,2]Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

A CRITICAL ANALYSIS OF INTERNATIONAL EXPERIENCE IN INDIGENIZING SOCIAL WORK PRACTICE

Abstract. In recent years, the indigenization of social work has become an increasingly prominent topic in international scholarly debates. This reflects growing recognition that Western models of social work education and professional practice do not always adequately correspond to local cultural contexts. In the post-Soviet region, including Kazakhstan, family institutions, kinship networks, traditions of mutual assistance, and national values continue to play a significant role in social life. However, the systematic integration of these cultural resources into social work practice remains insufficiently explored. This article critically examines theoretical and practical models of indigenization developed in the international literature and identifies both the opportunities and limitations of adapting these models to the Kazakhstani context. The study employed bibliometric analysis and a critical literature review. A search of the Scopus database and specialized academic journals identified 250 publications. Following a two-stage screening process based on thematic relevance and practical orientation, 29 articles were selected for in-depth analysis. The findings revealed four major approaches to indigenization: community-based practice grounded in the Ubuntu philosophy in Africa; decolonial approaches in North America and Australia; hybrid models implemented across Asia; and the adaptation of Western social work programs to local cultural contexts. These findings provide a scientific foundation for the development of a national model of social work in Kazakhstan.

Keywords: indigenization, decolonization, cultural identity, critical analysis, national values, community support, social work.

Авторлар туралы мәлімет

Шанбаева Г.Н. – хат-хабар авторы, «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

Абенова К.А. – PhD, «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах

Шанбаева Г.Н. - автор для корреспонденции, старший преподаватель образовательной программы «Социальная работа», Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

Абенова К.А. – PhD, ассоциированный профессор образовательной программы «Социальная работа», Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

Information about the authors

Shanbayeva G.N. – corresponding author, Senior Lecturer of the «Social Work» Educational Program, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

Abenova K.A. – PhD, Associate Professor of the «Social Work» Educational Program, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

Редакторы: Н.О. Байгабылов

Gumilyov Journal of Sociology
– 3 (156)/2026 – Астана: ЕҰУ. – 195 б.

Шартты б.т. – 13,75. Таралымы – сұраныс бойынша
Басуға қол қойылды: 30.09.2026
Ашық қолданыстағы электронды нұсқа: socjournal.enu.kz

Мазмұнына типография жауап бермейді

Редакция мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Янушкевич көшесі, 6
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі 35-108)
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды